«Мүсәпір мәселесі. Сапарда жүрген адам намазды қыскартып оқиды. Мысалы: төрт ракағатты намазды екеу қылып қысқартады. Сапар уақытында басқа мешіттің имамына ұйыған уақытта намазын қыскартып оқымаса да болады».



195-бет. «Уа фи ирада. Бәсмәлләту уа тахияту уа таслияту сәләсә дәләил. Уа һиә: ғаклия, уа дәләил нақлия, уа дәләил иләһи. Фә фи бәсмәлләти сәләсә дәләил. Ахадүһә дәлил ғакли уа һуал фарқу бәйнәл муслим уал кәфир. Бисмилләһир рахманир рахим. Уа сәниюһә дәлил нақли уа бұ кулли әмру зи бәәли ләм иәбдәу бисмилләһи фәһуа

ибтәрә. Уа сәлисуһә дәлил иләһи уа бұ қаулиһи тағала икра бисми раббикә, уа фил хамди айдан сәләсә дәләил. Ахадүһә дәлил ғакли. Уа бұ шукрул мунға(и)м уажibu ғалә мунғимиһи ғаләйһи. Уа сәниюһә дәлил накли уа бұ кулли әмру зи бәәл, ләм иәбдәу бихамдилләһ. Фәһуа актаға уа сәлисуһә дәлил иләһи уа бұ қаулиһи тағала әлхамду лилләһил ләзи ләм иәттәхиз сахибатиһи уа лә уаләдән. Уа фи таслияти сәләсә дәләил. Ахадүһә дәлил ғакли уа бұ мән тәбаға бинәбиюһә фәлиасилу ғаләйһи уа сәниюһә дәлил накли. Уа бұ мән салла ғалииә марратән ләм иабқа зунубиһи зурратән. Уа сәлисуһә дәлил иләһи. Қаулиһи тағала: иә әһәл ләзинә әмәну саллу ғаләйһи уа сәллиму тәслимән. Фәфиһим мин тахрири қатаба заманда мәллә биһә әддин».

«Әууәл китәб ибтәдәә қилән уақт. Жетісіні(жетеуін) зікір етмек керек. Үшісі үәжіп, уа бұ: әлбәсмәллә уал хамд уал таслия. Төртісі мустахаб уа бұ: исм мусаннаф уа ...».

Мағынасы: «Ирадада. Бисмилләда, тахиятта және таслиятта үш дәләл бар. Олар: ақылмен дәләл, сөзбен дәләл және иләһи(Құдай) арқылы дәләл. Бисмилләда үш дәләл. Бірінші дәләл ол ақылмен. Ол кәпір және мұсылманның айырмашылық. Бисмилләһир рахманир рахим (Аса қамқор, ерекше мейрімді Аллах атымен бастаймын). Екінші дәләл сөзбен, ол бисмилләсіз басталған әр іс берекесіз. Үшінші дәләл, иләһи. Ол (Аллах атымен бастап оқы) бақара сүресі. 1-ші аят. Хамд сөзінде де үш дәләл. Бірінші, ақылмен оған: нығметке бөленген адамның шүкірлік етуі. Екінші, накли (сөзбен) ол: хамдсыз(мақтау сөзбен) басталған әр іс. Үшінші, иләһи дәләл. Бұл Алланың сөзі (Баласы жоқ, серігі жоқ құдайға мақтау). Таслиятта үш дәләл. Бірінші дәләл ғакли. Ол: «Кім пайғамбарымызға ерсе, соған жетеді. Екінші, накли дәләл». Ол: «Кім маған бір лет болсын салауат айтса, еш күнәсі қалмайды». Үшінші, иләһи дәләл. Алланың сөзі: «Ей, иман еткендер оған салауат айтындар».

## Түсініктер

1. Уати – жыныстық қарым қатынас.  
2. Кәфәрат – біреуге қайырымдылық жасау, күнәні өтеу, амалсыз әрекет сияқты т.б.

3. Нихәиәда – кітаптың аты.

4. Сафар айы – Сапар (сафар) айы (арабша: شهر صفر) – мұсылманша күнтізбе бойынша екінші ай, Мухаррам айынан соң келеді. Хиджраның 1432 жылындағы сапар айының басталуы 2011 жылдың 5-қаңтарына (кей жерлерде 6-ы) сай келеді.

«Сапар» сөзінің (арабша: صفر) ай атына қатысты кең тараған екі мағынасы бар:

1) сары, сарғаю: сапар айына атау берілгенде күз болып, айнала сап-сары түске оранған;

2) бос, нөл (араб: сифр): мұсылмандар осы айда Меккеден көшіп кеткеннен кейін қала босап қалған.

Ислам діні келгенге дейін жәхилие, пұтқа табыну заманында адамдар Сапар айын бақытсыздық айы, сорлы бір ай деп қабылдаған. Алланың Елші етіп жіберген құлы әрі сүйікті елшісі Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға сапар айының ешқандай жаман қасиеттері жоқ екенін, пұтқа табынушылардың жоққа сенуінің дұрыс емес екендігін айтты.

«Ауруға, үкіге және сапар айына қатысты бақытсыздық хақындағы жалған сенімге орын жоқ» – деп, адамдарды ақиқатпен хабардар етті. Мұнда үкінің сөз болуы Ислам дініне дейінгі адамдардың «үкі (құс) конған үй қайғы-қасіретке тап болады» деген жалған сендеріне байланысты айтылған.

Ислам дінінде соқыр сенімге орын жоқ. Мұсылман әрқашан жақсылық пен жамандықтың барлығы Алланың қалауымен болатынын мойындайды және иман келтіреді.

Сапар айының соңғы сәрсенбісі

Адамдар арасында «Сапар айының соңғы сәрсенбісі күні әдеттегі намаздардан тыс қосымша арнайы нәпіл намаз оқылуы тиіс. Себебі, Сапар айының соңғы сәрсенбісінде жер бітіне 320 мың түрлі алапаттар мен қасіретті жағдайлар түседі. Олардан сақтану

үшін арнайы нәпіл намазын оқу керек» деген сенім бар. Бірақ бұл құлшылықты жасау керек деген ешқандай Құран аяты, хадис немесе сахабалардың жасағандықтары туралы дерек жоқ. Адамзат тарихындағы діндердің арасында ең көп әрі сенімді дерек көздері бар дін – Ислам діні. Ислам діні дәлелсіз, күмәнді әрекеттерді харам етіп, оларды жасауға тыйым салады. Сондықтан да Сапар айының соңғы сәрсенбісі күні ешқандай арнайы құлшылық жасаудың қажеті жоқ. Басқа айларда оқылатын дұғалар мен ғибадаттармыз бұл айда да дәл сол қалпында орындалады.

«Сапар айында үйленуге, неке қиюға және той жасауға, сапарға шығуға болмайды» деген сенімдер – жалған.

Сапар айы басталғанда айдың басында, ортасында және соңында үш күн нәпіл ораза ұстауға болады. Бір күн нәпіл ораза тұтуға да болады. Бұл туралы хадисте: «Ай сайын үш күн ораза ұстау – жыл бойы ораза ұстағанмен тең». Имам Бухари мен Имам Муслим риуаят еткен.

5. Шаһар – қала.

6. Масжид жамиғ – жамағат мешіті.

7. Нәһә – тыйым салу.

8. Сәждә аяты – Тиләуәт сәждесі. Құранда он төрт жерде сәжде аяты бар. Бұларды оқыған, естіген адамның сәжде етуі – уәжіп. Тиләуәт сәждесін жасайтын адамның дәреті, әурет жерінің жабық болуы тиіс. Ниет етіп, құбылаға қарап, қолдарын көтермей «Аллау әкбар» деп сәждеге барады. Үш рет «субхана раббиал-а'ла» дегеннен кейін қайта «Аллаһу әкбар» деп орнынан тұрады. Бұлай істеу – сүннет. Бірақ артынан «Ғуфранакә рәббәнә уә иләйқал-масир» деу – мұстахап. «Аллаһым! Кешіріміңді тілеймін. Сөзсіз саған қайтамыз».

Кісі бір жерде тұрып, бір сәжде аятын бірнеше мәрте қайталаса, бәріне бір сәжде жеткілікті. Бірақ бір жерде әр түрлі сәжде аятын оқыса, әрқайсысына жеке-жеке сәжде қажет. Аятты радио, телеарнадан естуі мен жанындағы адамнан естуі арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Хайыз бен нифастағы әйелдерге сәжде аяты уәжіп емес.

Сәжде аяттары: Ағраф, 7/206, Рағыз, 13/15, Нахыл, 16/50, Исра, 17/109, Мәриям, 19/25, Хаж, 22/18, Фурқан, 25/60, Нәмл, 27/25, Сәжде, 32/15, Сад, 38/24, Фүссиләт, 41/37, Нәжм, 53/62, Иншиқак, 84/20, Алақ, 96/19.

9. Фуқара – кедейлер.
10. Ағниә – байлар.
11. Жаһаннамда – тозақта.
12. Ғафу – кешірім жасау.
13. Уалидісінің – әкесінің.

**Қолданған әдебиеттер:**

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ. (ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША).  
Алматы 2010. Мұхитдин Исаұлы. Қайрат Жолдыбайұлы.

## Насихат аңгіме

Бұл кітапды оқып түсініп үйреніндер. Керек күні болады. Алі өкінесіндер, бастарыңа қиындық кездескенде. Ла илаһа илла Аллаһу Мұхаммадүр Расулі Аллһу иман айтып үйреніндер. Араб әрпі иман:

АРАБ АРПІ *لا اِلهَ اِلاَّ اللهُ مُحَمَّدٌ رَّسُوْلُ اللهِ*

Хұдай бір пайғамбар ішін улім рас, болғанда суралу не қылған ғамалыңнан тағы рас сол уақта не айтарыңды білмей оялып ғазабқа кез боп қалмандар. Отірік деп ұқбандар, жаным ашыған үшін жаздым.

Бұл Мәшһүр Жүсіп насихаты, мен балалар үшін орыс әрпімен жаздым оқып тағлым алсын деп. Бұл сенде қате бар деп ұқпаңдар. Аталық міндетімді атқару үшін.

Ей<sup>1</sup>, жаным бұл дүниада<sup>2</sup> еш офа<sup>3</sup> жоқ,  
Кімді алдап өткізбейді бұл<sup>4</sup> дүние бок?!  
Өлгенше дүние қамы таусылмайды,  
Һар<sup>5</sup> фанда<sup>6</sup> өтіп кетер арманда боп.  
Біз жүрміз тағат қылмай дүние қуып<sup>7</sup>,  
Тұрады соның үчн<sup>8</sup> көнлім<sup>9</sup> суып.

Қалады, ажал жетсе, қатын-бала,  
Қылмайды ажал рахым<sup>10</sup> жалынса да.  
Қылмасын<sup>11</sup> қара жүзлі қалық<sup>12</sup> алдында,  
Қылыңыз жанның қамын не қылса да.

Қалады қаза келсе мал мен мүлік,  
Аз күні<sup>13</sup> дәурен өтер ойнап-күліп.  
Ажалдың қабары<sup>14</sup> жоқ, белгісі жоқ,  
Таубасіз<sup>15</sup> өте корме ғафыл<sup>16</sup> болып<sup>17</sup>.

Таубасіз ғафіллікпен жолға кетсең<sup>18</sup>,  
Кетесіз<sup>19</sup> бір қарамай оң мен солға.

Фалеге<sup>20</sup> кімді нафсі<sup>21</sup> кез кылмайды,  
Сол үшін қыран бүркіт түсер торға.

О<sup>22</sup>, дария ғылым екен аққан суда,  
Жарасқан айдын көлге конған құсгай<sup>23</sup>.  
Кімде кім ғылым күткен қор болмайды,  
Көтерген махшар күні жасыл тудай.

Қылыңыз қағба тауаф халің жетсе<sup>24</sup>,  
Расулдың<sup>25</sup> раузасын<sup>26</sup> көр насип<sup>27</sup> етсе.  
Не файда<sup>28</sup> қатын-бала баршасында,  
Бір күні ғаріп<sup>29</sup> басың өтіп кетсе.

Беріңіз халал малға хайыр<sup>30</sup>, зекет,  
Болмайды харам малда һеш<sup>31</sup> берекет.  
Алла<sup>32</sup> өзі: «Кемімеске кепілмін», – деп,  
Жолықпас халал малға еш әрекет<sup>33</sup>.

Беруге зекетни<sup>34</sup> келген аят,  
Әр кісі өзін-өзі жүрсе аяп.  
Махшарда жазумен<sup>35</sup> мінер құлла<sup>36</sup>,  
Не ғылаж<sup>37</sup> жамандықты сонша таяп.

«Ойки мұнасса лат», – деп аят келген<sup>38</sup>,  
Намаздың фарыздығын<sup>39</sup> ғалам білген.  
Қалайша оқу, қалайша дәрет<sup>40</sup> алу.  
Файғамбар<sup>41</sup> Жебрайілден<sup>42</sup> үйретілген.

Бір Алла Жебрайілге<sup>43</sup> қылды жарлық:  
– Дәретні<sup>44</sup> пайғамбарға үйрет барып!  
Жебрайіл<sup>45</sup> қазыр жетіп келгенен соң<sup>46</sup>,  
Пайғамбар қарап тұрды қайран қалып.

Жебрайіл<sup>45</sup> жарлықпенен<sup>47</sup> келді жерге,  
Мен жаздым үйренсін деп баладарға<sup>48</sup>.

Мұхаммет<sup>49</sup> пайғамбарға амандасып,  
Қанатын сол арада соқты жерге.

Қанатын соққан жерден бұлақ ақты,  
Адамша-бет імен таһарат алды<sup>50</sup>.  
Мұнан соң дарат<sup>51</sup> алып, намаз оқып,  
Біздерге парыз болып содан<sup>52</sup> қалды.

Пайғамбар сонан кейін дарет<sup>40</sup> алған,  
Біздерге дарет<sup>40</sup> алмақ содан қалған.  
Намаз оқу – Алланың<sup>53</sup> бір фарызы<sup>54</sup>,  
Бандеге<sup>55</sup> дін мұсылман мойынға алған.

## Жиырма үшінші. Қырық парыз баяны<sup>1</sup>

Қырық парыздан Исламда бесеуі бар<sup>2</sup>,  
Иманды<sup>3</sup> үйрен, оқы намаз<sup>4</sup> ертелі-кеш.  
Руза<sup>5</sup> тұт, қажы қылғыл, бергіл зекет,  
Нысапқа<sup>6</sup> малың толса, қалдырма еш<sup>7</sup>.

Қырық парыздан жеті парыз – иманда бар,  
Иман келтір Аллаға, ей<sup>8</sup>, пандалар<sup>9</sup>!  
Құран кітап – Алланың сөзі деп біл,  
Феріштеге<sup>10</sup> иман келтір, әм<sup>11</sup> пайғамбар.

Инанғыл: қиаметдің<sup>12</sup> келмегі хақ,  
Таратып, баяндау<sup>13</sup> зинім<sup>14</sup> шақ.  
Болуың жақсы, жаман бір Құдайдан,  
Өлген соң тірілу бар, сен бұған бақ.

Қырық парыздан: намазда тағы<sup>15</sup> он екі,  
Пак сумен дарет<sup>16</sup> алып, намаз оқы.  
Екінші – таза орынға<sup>17</sup> намаз оқы,  
Болмасын киіміңде асте<sup>18</sup> боғы.

Уакытында оқу, нет қылу қыблаға қарсы<sup>19</sup>,  
Бұл алтауы намаздың тысындағы.  
Алтының бірі қалса, намаз емес,  
Айтеуір<sup>20</sup> Алла қабыл қылсын-дағы!

Ышіндегі<sup>21</sup>: парыз – жана да<sup>22</sup> алты,  
Болмасын намазыңның ішбір<sup>23</sup> қалты.  
Құлақ қағу, қыраат рақуғи<sup>24</sup> сажда<sup>25</sup>,  
Ақырғы отрумен қиаптағы<sup>26</sup>.

Осымен бұл он екі болды тамам<sup>27</sup>,  
Намазды қалдырмай<sup>28</sup>, оқы тамам.  
Намазды жорта қойса қафыр<sup>30</sup> болар,  
Ғазабы қиамет<sup>31</sup> күн болар жаман.

Ғұсылда қырық парыздан – үш парыз бар,  
Ауыз, мұрын таза жуыну<sup>32</sup>, ей<sup>8</sup>, прадар<sup>33</sup>!  
Үшіншісі – жуылсын барша таниң<sup>34</sup>,  
Жуылмаса көрерсін зарардарын<sup>35</sup>.

Жүнібтің жана парыз істің жасы<sup>36</sup>,  
Таза жумай<sup>37</sup>, Аллаға болма ғасы!  
«Уаін күнтүм фатаһару» – аяты бар<sup>38</sup>,  
Суға түспес банданиң<sup>39</sup> шармандасы<sup>40</sup>.

Дәретде төріт парыз бар инаныңыз<sup>41</sup>,  
Қолыңды жу, жүзінді тағы жана<sup>42</sup>.  
Үшіншісі – басыңа масіх<sup>43</sup> қылғыл,  
Су құйғыл – төртіншісі – аяғыңа!

Торыт<sup>44</sup> парыз су жоқта қылсаң де дембі<sup>45</sup>,  
Нет<sup>46</sup> қылмақ қолыңды соқ<sup>47</sup> жер жынысы.  
Бір ұрғыл<sup>48</sup> сипау үшін екі қолды,  
Жүзің үшін тағы ұрғыл екіншісі<sup>49</sup>.

Үйрену парыз хайыздың<sup>50</sup> хукімларін<sup>51</sup>,  
Балиғы<sup>52</sup> болған қыз-қатын тұқымдарын<sup>53</sup>.  
Ніпастің<sup>54</sup> жана<sup>55</sup> парыз бар хукімі,  
Айтылған парыз деп ғұсылларын<sup>56</sup>.

Езгулікке<sup>57</sup> бұйырмак харамдықтан<sup>58</sup>,  
Қолынды тый, баладар, жамандықтан<sup>59</sup>.  
Тиалмасаң<sup>60</sup> көңіліңмен ұнатпағың<sup>61</sup>:  
«Құдая, сақтай көр<sup>62</sup>, – деп, – жамандықтан<sup>63</sup>.

Жана парыз қылмақлық халал касіб<sup>64</sup>,  
Ғылым – парыз: сен оқы, болса насіп<sup>65</sup>.  
Бұл екеуі баршадан артық деп біл,  
Сұраймын тленіуден<sup>66</sup> жүргіл<sup>67</sup> қашып.

Осымен қырық парыз болды<sup>68</sup> тамам.  
Бәріңе парыз болар болма алаң<sup>69</sup>,  
Ер<sup>70</sup> болсын, әел<sup>71</sup> болсын баршамызға,  
Бала емес, жынды емес, ақылды адам.

## Жиырма төртінші. Алланың сипаты<sup>1</sup>

Бір Алла – шерігі<sup>2</sup> жоқ жалғыз өзі,  
Анің<sup>3</sup> жоқ ата-ана ұғыл-қызы<sup>4</sup>.  
Тумады, өзі ышкімнен тудырмады<sup>5</sup>,  
Осылай «Құлһуалла» – Құран сөзі.  
Ол Алла жісім<sup>6</sup> жауһар ғаріз<sup>7</sup> емес,  
Бұларға<sup>8</sup> басқа-басқа бөлектенбес<sup>9</sup>.

Дүниеде іш<sup>10</sup> нәрсе жоқ тең де<sup>11</sup> саған,  
Өзінің затыменен қайым тұрған<sup>12</sup>.  
Болмайды ұқшатуға іш нәрсеге<sup>13</sup>,  
Ұнамас<sup>14</sup> іш<sup>10</sup> нәрсеге жатқан, тұрған.

Өзі жалғыз, мұқтажсыз, жалғыз<sup>15</sup> құдай,  
Барша мұқтаж өзіне болған оңай.  
Сифаты<sup>16</sup> ғайында<sup>17</sup> емес ғарида емес,  
Өзінің затыменен<sup>18</sup> болған солай.

Тірілік бір сифаты<sup>16</sup> құдіретінің<sup>19</sup>,  
Өзінің не тілесе, құдіретімен.  
Біздердей<sup>20</sup> тіріктігі<sup>21</sup> жанмен емес,  
Бөлек дүр<sup>22</sup> тріклігі өз затының.

Ғылым дүр<sup>22</sup> бір сифаты<sup>16</sup> білмегі<sup>23</sup> анық,  
Құдайға ішбір<sup>24</sup> нарсе<sup>25</sup> емес танық.  
Тықрын<sup>26</sup> құмырсқаның тасқа басқан,  
Бледі<sup>27</sup> құдіретімен соны танып.

Құдірет – бір сифаты<sup>16</sup> – күші жетер,  
Нәрсенің қылам деген, бәрін етер.  
Сифаты<sup>16</sup> заты бірлан, қайым ерур<sup>28</sup>,  
Нәрсе жоқ оның күші келмей кетер.

Басар<sup>29</sup> дүр бір сипаты – көрмекі<sup>30</sup> хақ,  
Көрмегі көзбен емес, сен оған<sup>66</sup> бақ.  
Өзінің құдіретімен көрмеклігі<sup>31</sup>,  
Көмескі, жазымы жоқ – көрмегі жоқ<sup>32</sup>.

Самиғы бір сипаты – есітеді<sup>33</sup>,  
Әрқашан естуменен іс бітеді<sup>34</sup>.  
Құфия<sup>35</sup> сөз естілместен<sup>36</sup> сыбырлаған,  
Ол құдірет құлағына тез жетеді.

Ырада<sup>37</sup> – бір сипаты ол Алланың,  
Өзінің тілегені болады анің<sup>38</sup>.  
Бір тал шөп қимылдамас ырадасыз<sup>39</sup>,  
Кеудеңде сенің ұғар<sup>40</sup>, болса жаның.

Әр істі қылам десе, қылады ол,  
Талмайды ішбір<sup>24</sup> шаршап, құдіреті мол.  
Бір тікен бір жеріңе қадалғаны,  
Хұдайдан ырадасыз<sup>39</sup> болмайды сол.  
Тәкуін<sup>41</sup> дүр – бір сифаты – жаратпағы,  
Жан беріп, мақлұқатын<sup>42</sup> қаратпағы<sup>43</sup>.

Дейді екен: «Рызык», – деп, анің атын<sup>44</sup>,  
Алланың ішкім<sup>45</sup> біліп жетпес затын.  
Әркімнің – несібесін өз алдына,  
Жаратқан осылай кып<sup>46</sup> мақлұқатын<sup>42</sup>.

Сифаты<sup>16</sup> сегізінші: бірі – калам<sup>47</sup>,  
Сөйлесер<sup>48</sup> құдіретімен Алла тағалам.  
Сүйлеуі<sup>49</sup> біздей тілмен, жақпен емес,  
Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам.

Сөзінде харіп<sup>50</sup> пенен дауысы жоқ<sup>51</sup>,  
«Жалған», – деп, Хақтың сөзін айытпа<sup>52</sup> тіпті.  
– Уақаламаллһи мұса такілима! – деп<sup>53</sup>,  
Мұсаға Тұр<sup>54</sup> тауында сөйлесінті.

Сипаты азалы дүр тұрған қайым<sup>55</sup>,  
Өзінің затыменен болған қайым<sup>56</sup>.  
Әлбатда құдіретінің ынтірасы жоқ,  
Ауелі ақыры жоқ бар Хұдайым<sup>57</sup>.

Далилім бұған айтар құлһуалла<sup>58</sup>,  
Блерсің<sup>59</sup> қат<sup>60</sup> оқыған болсаң молла.  
Екінші сәлбиа сыфаты білгіл мұны<sup>61</sup>,  
Ғайып шерік нұқсаннан пақ дүр Алла<sup>62</sup> [48].

Бар Хұдай<sup>63</sup> көкте де емес, жерде де емес,  
Мекенін бір Алланың ішкім<sup>45</sup> білмес.  
Төріт жақтан пақ түр Алла<sup>64</sup>,  
Мукбінні<sup>65</sup> Алла деген көңлінде емес.

## Жиырма бесінші. Дақай қылақ бардан<sup>1</sup>

Я<sup>2</sup>, Раббы, тіл-жағыма бергіл жардам<sup>3</sup>,  
Қылмағыл біз ғарыпты<sup>4</sup> ғасылардан.  
Сөйлейін білгенімді ғыбрат үшін<sup>5</sup>,  
Болатын өлген шақта әрбр<sup>6</sup> халдан.

Жігітдер<sup>7</sup>, ықыласпен мұны есіт<sup>8</sup>,  
Қалымыз<sup>9</sup> өлер шақта болар нешік?!  
Азырақ сол халларды<sup>10</sup> баян қылсам,  
Таубаға келер мекен денең шошып<sup>11</sup>?!

Бір ісмі файғамбарым – Ахмет еді<sup>12</sup>,  
– Жаратқан хұрматі<sup>13</sup> үшін барша жанды.  
– Ахмат<sup>14</sup> ісім<sup>15</sup> сипатлы намаз қыл! – деп,  
Бұйырған кұлларына<sup>16</sup> сол тағатны<sup>17</sup>.

Тік<sup>18</sup> тұрмақ қиамдағы<sup>19</sup> мисал<sup>20</sup> алып,  
Рақуғың хи<sup>21</sup> секілді банда<sup>22</sup> ғарып<sup>23</sup>.  
Саждада<sup>24</sup> жатмағың<sup>25</sup> – мисал<sup>20</sup> мем<sup>26</sup>,  
Домалақ бас-аяғың қылсаң байып.

Отырысқа отырмағың «дал» секілді<sup>27</sup>,  
Намаз қылсаң, ғазаптан құтылғаның.  
Өлмей тұрып Алланың<sup>28</sup> амірін<sup>29</sup> тұт,  
Қонақ дүр – дүниадағы<sup>30</sup> бұл тұрғаның.

Бір ісмі<sup>31</sup> – Мұхаммат<sup>32</sup> дүр пайғамбарым,  
Хұрматі үшін жаратқан жанның барін<sup>33</sup>.  
Мұхаммад<sup>34</sup> ісімлі<sup>35</sup>-бет і жаратылған,  
Фаһім қылып қарасаң барша таның<sup>36</sup>.

«Мем<sup>26</sup>» секілді домалақ бас порімің<sup>37</sup>,  
«Хи<sup>38</sup>» секілді иілген екі қолың.  
Құрсағың іші тесік екінші мем<sup>26</sup>,  
Аяғың «дал» – ша<sup>39</sup> қайқы, мұны көрің.

Жаратылдың<sup>40</sup> пайғамбардың құрметіне<sup>41</sup>,  
Тамұқтың банда<sup>22</sup> жатпас<sup>42</sup> сол отына.  
Ғазап қылмақ тілесе ғасы құлға,  
Доңыздың айналдырар-бет іне.

Әркім сол өз қылғанын өзі табар,  
Бандаге<sup>43</sup> зұлым<sup>44</sup> қылмас пәруардіғар<sup>45</sup>.  
Әйтеуір, ықтиарым қолда бар ғой,  
Қылмасаң өз жаныңа өзің ғалал<sup>34</sup>.

### **Жиырма алтыншы. Банданың жаралу әмрі<sup>1</sup>**

Дүниаға<sup>2</sup> келмек болса банда<sup>3</sup> ғарып<sup>4</sup>,  
Тлесе<sup>5</sup> жаратпаққа Жаббар қалық<sup>6</sup>.  
Адамның арқасынан мангі<sup>7</sup> суы,  
Ананың құрсағына түссе барып.

Муаккіл<sup>8</sup> – бір періште бұлар<sup>9</sup> оған,  
Дүниеге<sup>10</sup> келетұғын болса адам.  
Жеріне<sup>11</sup> сонда барып<sup>12</sup> жататұғын,  
Тофрақ<sup>13</sup> қосып жаратар нұтфа<sup>14</sup> бірлан.

Жерінен өлгенде қоятұғын топрақ<sup>15</sup> алып,  
Банданың кіндігіне кіргей барып<sup>16</sup>.  
Феріште құтпа бірлан тофрақты<sup>17</sup>,  
Өстірер<sup>18</sup> құрсағында тәрбиалап<sup>19</sup>.

Жан салып<sup>20</sup>, ол балаға Хұдауанда<sup>21</sup>,  
Ағзасы каміл<sup>22</sup> болғаш тоқтар банда<sup>26</sup>.  
Дүниеде<sup>23</sup> міддаты<sup>24</sup> жүріп-жүріп,  
Сол жерге барып жатар ақрында<sup>25</sup>.

Әрқашан алмақ болса банда<sup>26</sup> жанын,  
Ғазрайіл<sup>27</sup> ол бандаға<sup>28</sup> келген жақын.

«Жанын сол аламын!» – деп, келген шақта,  
Жан айтар Ғазрайілге<sup>29</sup> сонда тағың:

– Емессін<sup>30</sup>, танымаймын Ғазрайіл<sup>27</sup>!  
«Алғыл!» – деп, амір<sup>31</sup> қылса Қадыр<sup>22</sup> Жалил.  
Ғаламат хақтан алған белгің бар ма,  
Сенуге маған керек сенен дәлил<sup>33</sup>?!

Ғазрайіл<sup>27</sup> айтады<sup>34</sup> екен сонда оған:  
– Жаралған сенін атаң хазраті<sup>35</sup> Адам.  
Іздесең бізден белгі Жаннат барғыл<sup>36</sup>,  
«Рахман» ісім<sup>37</sup> жазылған бар дүр алма<sup>38</sup>.  
Ғазрайіл<sup>27</sup> сол уақта Жаннат барып<sup>39</sup>,  
Алманы көрсетеді<sup>40</sup> екен алып келіп.<sup>41</sup>

Көрсетсе сізге біреу зипатны<sup>42</sup>,  
Ауелі<sup>43</sup> сәлемнама жазар қатны<sup>44</sup>.  
«Қонақтар рахым<sup>45</sup> ет!» – деп сізге айтар,  
Алланы алмасы қат сияқты<sup>46</sup>.

Шақрар<sup>47</sup> қызметкерін: «Мұнда келші!  
Бар-дағы паленшеге қатды<sup>48</sup> берші!»  
Езгу банда жанын Алла алар<sup>49</sup>,  
Ғазрайіл<sup>27</sup> қат акелген<sup>50</sup> бізге елші.

Өлімге даярланса банда<sup>51</sup> хазір<sup>52</sup>,  
Ғазрайіл бұйрықпенен оған барар<sup>53</sup>.  
Жанын сол кеудесіне алып келсе,  
«Тоқда<sup>54</sup>!» – деп, сонда Алла қылған<sup>55</sup> амір<sup>31</sup>.

Жаны сол<sup>56</sup> бұғазына келсе жақын,  
Хұдайым<sup>57</sup> рахым қылар<sup>58</sup> тағың:  
– Бандамнің<sup>59</sup> жанын енді өзім алам,  
Тофрағын алып келген бітді хакиң<sup>60</sup>!

– Келмейді енді алуға сенің шамаң,  
Тәніне жаның анің<sup>61</sup> өзім салғам.  
Қалайша салғанымды білесің бе,  
Мүлкімді салған жерден өзім алам!

Сүйікті, жанын алар, бандасінің<sup>62</sup>,  
Жаныңыз қонақ тұрыр танда сенің<sup>63</sup>.  
Феріште<sup>64</sup> сол Ғазрайіл<sup>27</sup> келген шақта,  
Халлары<sup>65</sup> нешік болар біз ғасының.

Айырылса сол күнларда<sup>66</sup> тән бірлан жан,  
Шығарғыл рахым айлап шадлық бірлан<sup>67</sup>.  
Ғазрайыл алма бірлан келген шақта<sup>68</sup>,  
Бізні қыл езғу құллар жымласынан<sup>69</sup>.

## **Жиырма жетінші. Әзірейілдің жан алғалы келгені<sup>1</sup>**

Әрқашан бандасіна<sup>2</sup> жетсе ажал,  
«Барғыл!» – деп, Ғазрайылге<sup>3</sup> қылғай<sup>4</sup> хабар.  
Хұдаға<sup>5</sup> ол сүйікті банда<sup>6</sup> болса,  
Ғазрайіл<sup>7</sup> жұмсақлықпен оған барар.

Ғазрайіл<sup>7</sup> сонда келіп<sup>8</sup>: – Ая, банда<sup>6</sup>!  
«Жаныңды алғыл!» – дейді Хұдаунда<sup>9</sup>.  
Рухыңды<sup>10</sup> қай жеріңнен тапсырасың?!  
Хұданың<sup>11</sup> бұйрығымен келдім мұнда!

Банда<sup>12</sup> айтар сол арада: – Ей<sup>13</sup>, Ғазрайіл<sup>7</sup>,  
Жанымды қай жерімнен аласың?! – дер.  
– Калима айыт, қайтар сенің уақтың жетді<sup>14</sup>,  
Жаныңды мен ауызыңнан аламын! – дер<sup>15</sup>.

Сөйлейді Ғазрайілге аузы сонда<sup>16</sup>:  
– Хұданы<sup>17</sup> зікір қылдым күндіз-түнде.  
Құран оқып, Алланы жат қыламын<sup>18</sup>,  
Жол бермен, «жан алам!» – деп, келме мұнда.

Мұнан соң Ғазрайіл<sup>7</sup> кетер қайтып,  
Хұдаға<sup>19</sup> барып, сөйлер ғарыз айтып:  
– Сүйікті бандан<sup>20</sup> маған бойсұнбады<sup>21</sup>,  
Аламын оның жанын енді қайтіп?!

Алла айтар: – Жол бермесе аузы<sup>22</sup> саған,  
Қолыңнан аламын! – деп, айтқыл оған!  
Агарда<sup>23</sup> қолы<sup>24</sup> саған жол бермесе,  
Басқа ағзаларына барып қараң!

Ғазрайіл<sup>7</sup> қайтып келіп езгу<sup>25</sup> құлға:  
– Жаныңды енді бер, – деп айтар құлға<sup>26</sup>!  
Қол айтар: – Садақаны көп бергемін<sup>27</sup>,  
Малымды сарыф қылдым<sup>28</sup> жақсы жолға!

– Сипадым жана<sup>29</sup> тағы жетім жүзін,  
Кафірдің<sup>30</sup> дін жолында, мойнын үздім.  
Кітапты ертелі-кеш<sup>31</sup> көп жазғамын,  
Жол бермен жан алам, – деп кілме<sup>32</sup> өзің.

Мұнан соң келеді екен екі аяққа,  
Жігітлер, тағат қылғыл жалғыз Хакқа!  
Аяқ айтар: – Жол бермен саған! – дейді,  
– Намаз үшін көп барғам машіт<sup>33</sup> жаққа!

Мәдіресе көп бардым іздеп ғылым<sup>34</sup>,  
Макага<sup>35</sup> тауап үшін тағы бардым.  
Ғазрайіл<sup>7</sup>, менен қайтіп жан аласың,  
Сұрадым ертелі-кеш ауру халін<sup>57</sup>.

Сонан соң келеді екен екі көзге,  
Тағат қылсақ азап жоқ өзімізге.  
– Құран оқып ғалымның<sup>36</sup> жүзін көрдім.  
Мен-дағы жол бермеймін дегей сізге<sup>37</sup>!

Мұнан соң: «Жан алам!» – деп, барғай<sup>38</sup> құлақ,  
Сайрағай мұңын<sup>39</sup> айтып тіл менен жақ:  
– Зікір мен Құран сөзін естігімен<sup>40</sup>,  
Мен-дағы жол бермеймін<sup>41</sup> жүр, – деп, – жырақ!

Бар ағза осыны<sup>42</sup> айтып, бермейді жан,  
Ғазрайіл<sup>7</sup> сол арада болар қайран.  
Періште жан алалмай<sup>43</sup> тұрған шақта,  
Хұданың<sup>44</sup> дарғаһынан келер фарман<sup>45</sup>:

– Ғазрайіл<sup>7</sup>, қолыңа жаз «Бісмиллани<sup>46</sup>»,  
Қасына барған шақта көрсет, ані<sup>47</sup>!  
Жазылған «Бісмиллани<sup>48</sup>» хұрматі<sup>49</sup> үшін,  
Асанлық<sup>50</sup> бірлан шығар анің жанын!

Осындай амір қылғаш Құдауанда<sup>51</sup>,  
Ғазрайіл<sup>7</sup> жазып алып барған онда.  
Апарып «Бісмиллани<sup>46</sup>» көргізгенде,  
Сол жанын тәслім қылғай<sup>4</sup> ғазыз<sup>52</sup> банда<sup>6</sup>.

Ғазрайіл<sup>7</sup> алар жанын<sup>57</sup>: «Бісмилламен».  
Бұл сөзді банда<sup>6</sup> болсаң, құп<sup>58</sup> тыңла сен!  
Көп айытсаң<sup>53</sup>, «Бісмиллани<sup>46</sup>» бұл уақытта<sup>54</sup>,  
Ынша Алла ғазабны көрмессің сен<sup>55</sup>.

## Жігерма сегізінші.

### Жан шығарда жаның таннен қоштасқаны<sup>1</sup>

Әрқашан жақындаса құлға ажал,  
Жандарын келіп тартса феріштелер<sup>2</sup>.  
Жаны сол кеудесіне келген шақта,  
Алладан: «Тоқтағыл<sup>3</sup>!», – деп келгей<sup>4</sup> кабар.

– Тұра тұр, кешіктірін, бірер сағат,  
Дем алып, есін жиып, көрсін рахат<sup>5</sup>.  
Қатыны, баласы мен көршілері<sup>6</sup>,  
Кетіп<sup>31</sup> сол, кешу алсын бар жамағат!

Жаны сол келер болса бұғазына,  
Токтатып брер сағат қылғай нада<sup>7</sup>.  
Ағзасы бір-біріне амандассын,  
Уақыт жоқ бұл тұратын енді мұнда!

Тіл мен жақ арыздасар екі көзбен,  
Қол-аяқ амандасар екі тізбен<sup>8</sup>.  
– Қиамат<sup>9</sup> ғарасатда<sup>10</sup> табысайық,  
Тірік дәуірен кетді ғой енді бізден<sup>11</sup>.

Баспенен<sup>12</sup> амандасар екі құлақ,  
Дүние<sup>13</sup> – баяны жоқ түбі шолақ.  
Алланың бізге болсын рахматы,  
Көре алмай бір-біріміз кетдік<sup>14</sup> жырақ!

Сол уақта<sup>15</sup> шығар болса жаның танден<sup>16</sup>,  
Қол, аяқ козғалмайды, кетіп<sup>17</sup> дәрмен.  
Көз көрмес, құлақ естімес, тіл сөйлемес,  
Жалғыз-ақ айырмасын сені иманнан!

Иманды үйренбесе тілің дайым,  
Көңлің<sup>18</sup> кетсе, Алланы танымайын.

Бола ма саған жолдас қатын, балаң<sup>19</sup>,  
Қабрда<sup>20</sup> нешік болар сенің жайың.

Ата-анаң көрмейді екен, сені ферзеніт<sup>21</sup>,  
Қылмаса саған Алла өзі рахмат<sup>22</sup>!  
Камалдың үлкен<sup>23</sup> болған сен қайғыға,  
Бола ма үлкен саған мынан хасрет<sup>24</sup>?!

Сақтай көр Ыбілістен ақыр дамде<sup>25</sup>:  
– Айырма иманымнан, Хұдауанда<sup>26</sup>!  
Бұл халді ғапілікпен<sup>27</sup> ойламаймыз,  
Аһі<sup>28</sup> ұрар басқа келсе, арбір<sup>29</sup> банда<sup>30</sup>.

### Жиырма сегізінші.

#### Шайтанның өлер халда бандані аңдығаны<sup>1</sup>

Қабарда<sup>2</sup> айытды<sup>3</sup> бізге имам Ағзам:  
«Сақта, – деп, көп айтыңыз, – Хұдауандам<sup>4</sup>»!  
Бандані<sup>5</sup> өлер халда<sup>6</sup> тұрады екен:  
«Иманын аламын!» – деп, Лағын шайтан,

Тақалса жан тәсілімге банда<sup>7</sup> пақыр,  
Бек шөлдеп әлі құрып кетеді ақыл<sup>8</sup>.  
Сол уақта<sup>9</sup> иманынан<sup>10</sup> үміт етіп,  
Қасына келеді екен шайтан жақын.

«Табдым<sup>11</sup>», – деп жетіп келер, – саған фурсат<sup>12</sup>,  
Дүниеде азғырып ем неше қабат».   
Адамның келеді екен бас жағына  
Қолына бір кесемен<sup>13</sup> сулар ұстап.

Кесесін<sup>14</sup> қолындағы қозғалтады,  
Ол банда<sup>7</sup> суға мұқтаж боп жатады.

«Паланша<sup>15</sup>, су керек пе, ішесіз бе?» – деп,  
Шайтан-лағын бандага сөз қатады<sup>16</sup>.

Ол ғарып<sup>17</sup> жатады екен қатды шөлдеп,  
Кезерін еріндері, мұрны терлеп.  
Ол банда кім екенін танымайды,  
Шайтаннан сұрйды екен: «Суың бер!» – деп.

– Айта ғой, Құдай жоқ! – деп, – су берейін!  
Құтқарып бұл мыхнатдан<sup>18</sup> жіберейін!  
– Болмаса, Ғиса<sup>19</sup> Хұдайдың баласы, – деп<sup>20</sup>, –  
Суыңды керек қылған мен берейін<sup>21</sup>!

Бұл сөзді езғу<sup>22</sup> банда<sup>7</sup> көрмес қабыл,  
Бастан шығып, аяққа тағы барар.  
– Айта ғой, Пайғамбарды жалғаншы! – деп, –  
Шөлдесең, су берейін, тілімді алып<sup>23</sup>.

Тыңдамас езғу<sup>22</sup> банда<sup>7</sup> оның сөзін,  
Жактырмай, теріс қарап, кетер жүзін.  
Шайтанның алдағанын сонда біліп,  
Айтып жатар иманын, жұмып көзін<sup>24</sup>.

Ыбліс<sup>25</sup> сол арада болар науміз<sup>26</sup>,  
Шайтанның уасуасы асер<sup>27</sup> етпес.  
Хұдая, әр бандага<sup>28</sup> таупық беріп,  
Шайтанның тұзағынан сақта әр кез!

Иманы зағып<sup>29</sup> болса әр банданің<sup>30</sup>,  
Айтқызар жаман<sup>31</sup> сөзді шайтан лағын.  
«Алғиазы біллаһі<sup>32</sup>» – бұл дүниадан<sup>33</sup>,  
Көрдің бе кафір<sup>34</sup> қылып қайтарғанын<sup>35</sup>?!  
Сұрапты бір кісі кеп имамлардан,  
Бұл сөзге жауап берген имам Ағзам:

– Қай күна<sup>36</sup> себеплі<sup>37</sup> алдар екен,  
Иманын ол банданің<sup>30</sup> бұзып<sup>38</sup> шайтан.

Иманның кетмегіне<sup>39</sup> үш сәбап<sup>40</sup> бар,  
Білмейді ғапіллікбен<sup>41</sup> сол бандалар.  
Иман аһлінен<sup>42</sup> болғанға қылмаса<sup>43</sup> шүкір,  
Жана<sup>44</sup> да өлімни<sup>45</sup> керек қылмас олар.

Үшінші – қорықпаса кісі ақысынан,  
Иманын ол банданің<sup>30</sup> шайтан алар.  
Неғылса<sup>46</sup> иманыңды жүргіл сақтап<sup>47</sup>:  
Кісінің ақысынан қыл, – деп, – жырақ!

Дүниеде сараңдықпен<sup>48</sup> алданбағыл,  
Бандасің халің қарап, асылың тарап<sup>49</sup>.

## Жиырма тоғызыншы. Фыққиһимансұрдан<sup>1</sup>

Қабарда айытды бізге Фыққыһимансұр<sup>2</sup>:  
– Өлімге жақындаса, банда<sup>3</sup> мағрұр<sup>4</sup>,  
Дүниеден өтерінде банделердің<sup>5</sup>,  
Халлары<sup>6</sup> ол мархұмның<sup>7</sup> беске бөлінір<sup>34</sup>.

Қолында Ғазрайілдің кетеді<sup>35</sup> рух,  
Тәніңді жейді<sup>8</sup> екен қабырда құрт.  
Қалады бар сүегің<sup>36</sup> топырақта,  
Көреді сондай күнді банда<sup>3</sup> мұңлық.

Осындай болады екен өлікте хал,  
Артында уарісларда<sup>9</sup> қалады мал.  
Дүниеде<sup>10</sup> ғапіллікпен<sup>11</sup> өтемесең<sup>12</sup>,  
Барғанда борыш иесі<sup>13</sup> алар ағмал<sup>14</sup>.

Күнінде<sup>15</sup> хақтың амрі<sup>33</sup> жаныңды алса,  
Етіңді құрыт асайды<sup>16</sup> фані<sup>17</sup> нәрсе.  
Бар кылса жоқтан сені, қиын емес,  
Топырақта сол таралып сүйек қалса.

Арман жоқ: қатын-бала алсын малды,  
Бір уақт<sup>18</sup> құран оқып ашыр жаны.  
Дүниеде ғапіллікпен<sup>11</sup> өтемесең,  
Күнінде<sup>19</sup> борыш алар<sup>20</sup> ағмалыңды<sup>21</sup>.  
Үміт қып иманыңнан келсе шайтан,  
«Ғылаж<sup>22</sup> жоқ ол малғұнға<sup>23</sup> не?» – деп айтам.<sup>24</sup>

Көндірме ол малғұнға<sup>25</sup> патша Хұдай<sup>26</sup>,  
Бергізбе<sup>27</sup> иманымды оған оңай.  
Алтының бірін бізге һиба қылғыл,  
Бұл жұмыс Құдіретіне<sup>28</sup> лайық па-ай?!

Жіберме, інша Алла<sup>29</sup>, шайтаныңды,  
Нәсіп<sup>30</sup> ет иманымды қайтарымда-ай<sup>31</sup>!  
Шайтанның бұл жұмысы – бізге зорлық,  
Жалынып сізге айтам Жаббар Хұдай<sup>32</sup>!

## Отыз бірінші. Абу Зікриа заһитдың масаласы<sup>1</sup>

Бір Заһит өткен екен Абу Зікриа<sup>2</sup>,  
Кімді алдап өткізбейді осы дүние?!  
Жастыққа бір күн ауырып басын қойды,  
Өлімге табылар ма ішбір<sup>31</sup> хайла?!

Қасында көп жиылған муритлары<sup>3</sup>,  
Өлімге жақындаған<sup>4</sup> әнің<sup>5</sup> халі.  
Калима «Шаһадатны» талқын қылды<sup>6</sup>,  
– Айытқыл<sup>31</sup>! – деп, ол Заһитке баршалары.

– Айытбан, – деп<sup>7</sup>, теріс қарап ошал<sup>8</sup> Заһит,  
Достары жалынса да қасына кеп.  
Қорықты сонда тұрып баршалары:  
– Заһитнің<sup>9</sup> халі нешік, я<sup>10</sup>, Рабби?! – деп.

Бір заман Заһит сонда көзін ашты,  
Достары қасына кеп жауапласты<sup>11</sup>:  
– Я<sup>10</sup>, тақсыр, не себептен айтпадыңыз?!  
Біз сізге: «Айткыл, – дедік, – Шаһадатны<sup>12</sup>!»

Кеттіңіз екі айтқанда теріс қарап,  
«Айытман<sup>13</sup>!» – деп, үшіншіде бердің жауап.  
Әулие – жұртқа басшы, шапағатшы,  
Болды ма, – деп қорықтық, – халі харап».

Заһид<sup>14</sup> айтты: – Қасыма келді шайтан,  
Қолында ұстаны су кесемен<sup>15</sup>.  
– Ей<sup>16</sup>, заһит, су керек пе, ішесіз бе?  
Мен айттым: – Ішемін, су бер, – деп, – маған!

– Берейін керек суың<sup>17</sup>, мойныңды бұр,  
Ғисаны<sup>18</sup> ол Хұдайдың<sup>19</sup> ұлы<sup>20</sup> деп біл.  
Есітіп үшбу сөзді<sup>21</sup> жақтырмадым,  
Айналып теріс қарап кеткенім сол!

Тағы да аяғыма келіп тұрды:  
– Су іш! – деп, маған қарап тағы ұсынды<sup>22</sup>.  
– Ішейін, не айтасың? – дедім оған,  
Сөздерін: «Құдай жоқ!» – деп, ұғындырды.

Мен айттым: – Көп сөйлемей, кетші Лағын<sup>23</sup>!  
Қарыссын, тіл мен жағын шайтан Лағын<sup>24</sup>!  
«Сөзіңді мен айтпаймын!» – дегеннен соң,  
Сіздер қорықтыңыз сонда менен<sup>25</sup>.

Құтылдым сол арада ол Лағыннан<sup>26</sup>,  
Ұрысып<sup>27</sup> малғұнменен жатқан кезім.  
– Тілімді алмайсың! – деп, менен қашып,  
Сындырды бөтелкесін ұрып өзін.

Жібердім ұрсып, сөгні шайтан итті,  
Болмаса неге айтпайын Шаһадаты<sup>28</sup>?!  
«Лә илаһа, илла Алла, Мұхаммадүр расулуллаһ<sup>29</sup>»! –  
деп,  
Сол жерде<sup>30</sup> жанын Заһит хаққа тәсілім етті,

Жігітлер ғибрат алып тыңла мұны,  
Қалайша айналдырған әулиені?!  
Заһитке қарағанда, біздер кімбіз,  
Жалғыз-ақ ұмытпағыл бір Алланы!

### Отыз екінші.

**Жан тәслім болғанда, көктен үш мартаба дауыс деп!**

Банданің<sup>2</sup> шықса әгар<sup>3</sup> тәнден<sup>4</sup> жаны,  
Ешітер<sup>5</sup> көк тарафдан<sup>6</sup> үш наданы.  
– Дүниені не себептен қалдырдыңыз,  
Яки сол қалдырды ма дүние сені?

Болдын ба<sup>7</sup> қайсыныңнан қайсың көп,  
Қайсынды қайсың кеттің бүктеме ғып?!  
Дүние мен екеуіңнің қайсың өлдің?!  
Дүние кеткен жоқ пе сені өлтіріп?!

Әрқашан ол бандані<sup>8</sup> алса суға,  
Періште үш мәртебе қылғай ғауға<sup>9</sup>!  
– Дүниеде бір кісідей күшті<sup>10</sup> едің,  
Не ғып сен көніп<sup>11</sup> қалдың жұлмалауға?

Бұл күнде қайда сенің күш-көмегің?  
Бөгелін не себептен сөйлемедің?  
Жатырсың бұл қорлыққа не ғып шыдап,  
Сұраймын не себеплі<sup>12</sup> қорықтың сен<sup>13</sup>?

Кепінге<sup>14</sup> сол уақытта сені салса<sup>15</sup>,  
Періште айтып тұрар бастарапта<sup>16</sup>:  
– Үйіңнен енді шықсаң, еш қайтпайсың,  
Азықсыз кетіп қалдың ұзақ жаққа.

Кіресің мұнан шықсаң қараңғы үйге<sup>17</sup>,  
Ол үйдің қатері көп күнағарге<sup>18</sup>.  
Табытқа сол апарып салған шақта,  
Періште үш мәртебе тағы айтар кеп:

– Тиылып<sup>19</sup> тәубе қылсаң күнәлардан,  
Алланың әмірін тұтпай болсаң надан.

Алланың жолдас қылсаң бір расын<sup>20</sup>,  
Корерсін<sup>21</sup> алдыңызда<sup>22</sup> жарылқасын!  
Алланың кездессеңіз ашуына<sup>23</sup>,  
Корерсін<sup>21</sup> күнәніздің нәтижесін.

Сол жерде оқыр болсаң жаназасын,  
Періште тағы да айтар үш надасын.  
Көп сұрақ надан болсаң болар саған<sup>24</sup>,  
Тартарсың күнәңыздың сол жазасын.

Әр не қылсаң, қыларсың өз басына,  
Қабірдің алып келсе жағасына.  
Періште үш мәртебе айтады<sup>25</sup> екен,  
Адамның опат болған баласына.

– Бұл орын, сіз білсеңіз, қарап орын<sup>26</sup>,  
Қылып пең мұның үшін ғамал<sup>27</sup> бұрын?

Байлықтан келіп түстің мұқтаждыққа,  
Қараңғы бұл орынға бар ма нұрың?!

Бандані<sup>28</sup> салса егер тар лахатқа<sup>29</sup>,  
Періште нада қылар сол уақта<sup>30</sup>:  
– Жүруші ең дүниеде күліп-ойнап,  
Сен келіп жылап түстің хасратка<sup>31</sup>!

Жер айтар: – Жүруші едің бек сүйініп,  
Қарныма келіп түстің<sup>32</sup> бек күйініп!  
Жүруші ең тіршілікте шешен болып,  
Қарныма келіп түстің<sup>32</sup> тілсіз болып!

Бандані кетсе сонда қалқы көміп,  
Бір Алла айтар екен нада қылып<sup>33</sup>:  
Я<sup>34</sup>, бандам<sup>35</sup>, несібелі<sup>46</sup> жалғыз қалдың  
Өзіме<sup>36</sup> тастап кетті қалқың<sup>37</sup> көміп

Бір Алла сол уақытта қылғай рахым<sup>38</sup>,  
«Қалдым, – деп, – енді жалғыз!» болма ғамкүн<sup>39</sup>.  
– Аллаға тапсырдық, – деп айтып кетті<sup>40</sup>:  
Көмгенде сені келіп барша халқың.

Тапсырдым пайғамбардың міллатіне<sup>41</sup>,  
Уасіл<sup>42</sup> бол енді бандам рахматыма.  
Мен болдым атаңыздан шапағатлы,  
Жарылқадым пайғамбардың хұрматыне.

Тапсырған пайғамбардың аманатын,  
Тидірмен енді саған іш фатым<sup>43</sup>!  
Қианат<sup>44</sup> қылмақ затыма лайық емес,  
Құранда «Хафіз ерур<sup>45</sup>» – менің атым

## Отыз үшінші.

### Барып жатын жеріміздің үш мәрте дауыс бергені<sup>1</sup>

Қышқырар жанадағы<sup>2</sup> саған қабір,  
Күніңде бес мәртебе осыны біл.  
Үйіңнен<sup>3</sup> жалғыз келіп жататұғын,  
Көп<sup>4</sup> оқып Құранменен сен нұрландыр!

Қабірің<sup>5</sup> болатұғын қараңғылық,  
Намазды көп оқысаң, болар жарық!  
Болады<sup>6</sup> төсегіңіз тас пен тофрақ<sup>7</sup>,  
Істесең жақсы ғамал болар жұмсақ<sup>8</sup>.

Қабірде<sup>9</sup> толып жатқан жылан, шаян,  
Көп айтқыл: «Бисмилланы, ғаладдам<sup>10</sup>».  
Хақтан қорқып, ағызсаң көзіңнен жас,  
Иншалла, іш келмес саған зиан<sup>11</sup>!

Қабірда сұраушың бар Мүңкір, Наңкір<sup>12</sup>,  
Көп<sup>13</sup> айтқыл зікір, тасбих<sup>14</sup> және таһлил.  
Бойың тарт жаман сөзден ғапіл адам,  
Ғайбат, өсек себеплі<sup>15</sup> қабір ғазап!

Хұдая<sup>16</sup>, қабірімді қылғыл жарық,  
Бандамын<sup>17</sup>: ғасы болған – мен бір ғаріп<sup>18</sup>.  
Бұл күнде жақсы ғамал біздерде жоқ,  
Ғасымыз<sup>19</sup> шайтан Лағын болған ғалиб.

### Отыз төртінші. Олім халінен Ғайша анамыз бен Пайғамбарымыздың бахасы<sup>1</sup>

Сөйлейін бір рауаят Ғайшадан,  
Сөзіме, сауап табар, құлақ салған.

Сол сұрап, насихатын білмек үшін,  
Таласып бахас<sup>2</sup> қылған пайғамбармен.

Ғайша отыр екен тағат қылып,  
Келіпті Расул ақрам<sup>3</sup> тыстан кіріп.  
Әрқашан пайғамбарым келген шақта,  
Орнынан тұрады екен құрмет қылып.

Пайғамбар Ғайшаға: – Отыр! – депті<sup>4</sup>,  
– Тізеңе жастық салшы, ұйқым келді.  
Жастыққа басын салып Расул ақрам<sup>3</sup>,  
Жатып<sup>5</sup> шалқасынан ұйықтады енді.

Пайғамбар шалқасынан қалды ұйықтап,  
Сол басын Ғайшаның тізіне<sup>6</sup> сап.  
Ғайшаның<sup>7</sup> сақалына көзі түсіп,  
Түклерін сол ағарған көрді санап.

Он тоғыз ағарыпты сақаллары<sup>221</sup>,  
Ғайша мұны көріп, қылды зары:  
«Пайғамбар өтер болса дүниеден,  
Үмнатдің<sup>8</sup> нешік болар енді халі?!»

Отырды үмнат<sup>9</sup> үшін көп қамығып:  
«Қалмай ма Расул кетсе, үмнат зарығып<sup>10?</sup>»  
Мұбарак көзден аққан тамшылары,  
Жүзіне Пайғамбарның кетті тамып.

Расулді көздің жасы сол оятты,  
Пайғамбар көзін ашып Ғайшаға айтты:  
– Көрдіңіз осы жерде не уақиға<sup>11</sup>,  
Сұраймын, сырыңды айтшы, кім жылатты?!

Ғайша айтты: – Алланың пайғамбары,  
Өлімнің хабары – түктің<sup>222</sup> ағармағы.

Сіз өтсең<sup>12</sup>, пайғамбарсыз үмат<sup>9</sup> қалып,  
Пайғамбарсыз үматнің нешік халі<sup>13</sup>?!

Пайғамбар Ғайшаға жауап сөйлер:  
– Жанларын<sup>14</sup> үматімнің<sup>15</sup> таңрім<sup>16</sup> алар!  
Пайғамбарсыз қалғаны<sup>17</sup> мұқтаж емес,  
Мұнан да қатты қайғы халдер көрер.

Сұрайды: – Қатты не<sup>18</sup>? – деп, пайғамбардан,  
– Сұрамақ сізден сүннат<sup>19</sup>, қыл, – деп, – баян!  
Айтыпты: – Өзің айт, – деп, – пайғамбарым,  
Мәйітке<sup>20</sup> болатұғын қатты хал! – деп.

Ғайша айтты: – Үйден алып шығарында,  
Шуылдап қатын, бала аһ ұрғанда,  
Өлікке мұнан артық хал болмас! – деп,  
Айтыпты пайғарға<sup>21</sup> Ғайша сонда.

– Мәйітке<sup>22</sup> осы халі тіпті<sup>223</sup> қиын,  
Мал-мүлкін, қатын-бала, тастап үйін.  
Иттеніп жиған дүние артта қалар,  
Біреуге қияр ма еді жалғыз тиын?!

Мәйітке бұдан<sup>224</sup> үлкен ғаламатты<sup>23</sup>,  
Пайғамбар Ғайшаға тағы да айтты:  
– Білгенің<sup>24</sup> болса маған тағы сөйле,  
Мәйітке бұдан хал бар басқа қатты<sup>25</sup>.

Айтады сонда бір сөз тағы Ғайша:  
– Мына хал қатты хал ғой қиын етсе<sup>26</sup>.  
Өлікті тар қабірге жалғыз тастап,  
Ағайын, жан достары үйге қайтса!

Мәйіттің жалғыз өзі қалар көрде,  
Ішкім жоқ жауап қатып сөйлесерге<sup>27</sup>.

Ғамалы<sup>28</sup> ол сорлының бар ма, жоқ па,  
Тастады бейшараны жалғыз мұнда<sup>29</sup>?!

Сөйледі Ғайшаға ол пайғамбар:  
– Өлікке бұл хал тағы болмас ауыр<sup>30</sup>!  
Мұнан басқа айтарың бар ма сенің?  
Халлар<sup>31</sup> бар сен білмейтін мұнан да ауыр

Ғайша айтты: – Өзіңіз айт<sup>32</sup>, пайғамбарым!  
Білгенім қадари хал осы менің<sup>33</sup>.  
«Мәйітке мұнан артық<sup>225</sup> хал бар!» – дейсіз,  
Келе ме таласуға менің<sup>34</sup> халім?

Ғайшаға айтты сонда Хақ пайғамбар:  
– Дүниеден қайыт<sup>35</sup> күші дүр келген жандар.  
Мәйітке мұнан ауыр хал болмайды<sup>36</sup>,  
Ғұсыллар<sup>37</sup>: – Жуамыз<sup>38</sup>! – деп, кірген хал бар<sup>39</sup>,

Ғұсыллар<sup>37</sup>: – Жуамын! – деп, жақын барса,  
Көйлегін үстіндегі жыртып алса.  
Жаны шошып, паріят<sup>40</sup> қылады екен,  
Тактайға жалаңаштап тәнін салса!

Ісітер бұл надасын барша мақлұқ<sup>41</sup>,  
Туған соң не көрмейді ғарыб<sup>42</sup> басың<sup>43</sup>?!

– Я<sup>44</sup>, ғұсыл<sup>45</sup>, мен ғаріпке рахым қыл деп,  
Кейіт пен<sup>46</sup> көйлегім жыртқыл ақырын!  
Зарынан<sup>47</sup> Ғазірейілдің тәнім мажрух<sup>48</sup>,  
Мен қатты қиын көрді<sup>49</sup>, жан ашығын!

Су құйса, айтады екен тағы тұрып:  
– Я<sup>50</sup>, Ғұсыл<sup>51</sup>, суыңды құйма маған суық!  
Суыңыз аса суық боп жүрмесін,  
Жанымның шығуынан<sup>52</sup> тәнім мажрух.

– Я, Ғұсыл<sup>53</sup>, тағы мені жума қатты!  
Тірлікте емес пе еді жаным тәтті?  
Тәнімнің осы күні бәрі зағип,  
Сіздер де боласыз ғой мен сияқты<sup>54</sup>!

Тағы да айтады екен болса жуып<sup>55</sup>,  
Кефінге<sup>56</sup> салар болса жіпсіз буып.  
– Я, Ғұсыл<sup>51</sup>, бас-аяғым<sup>57</sup> байламашы,  
Балам мен қатындарым көрсін келіп!

Көрейін мен де оларды, келсін мұнда!  
Ақырғы көруім ғой, енді білсін!  
Қияметте көрмесем, қайда көрем,  
Сол менен ғибрат алып, көңілі суысын!

Әрқашан үйден жаңа шықса алып,  
Қауымға айтады екен сонда налып:  
– Қатын-бала жұртыма арыздасып,  
Асықтырма, кетейін амандасып!

Айтайын жамағатлар<sup>58</sup> тыңла сөзім<sup>59</sup>!  
Иесіз қатын-бала қалды мұнда!  
Жетім бала, жесірді жылатпандар<sup>60</sup>,  
Айырды баршасынан мені Хұда<sup>61</sup>.

Апарып салар болса сол табытқа,  
Жиылған айтады<sup>62</sup> екен көп халыққа:  
– Дүниеге алданушы болмаңыздар,  
Не еріп бара жатыр мен мұңлыққа<sup>63</sup>.

Қатын-бала, ағайын, жамағатым,  
Дұғадан тастай корме мені, халқым!  
Иттеніп түк шығармай жиған дүние,  
Білмеймін нешік болар менің артым?!

Қатын-бала, артымда, қалды малым,  
Қабірде нешік болар менің халім?!  
Бар күнә<sup>64</sup> меніменен бара жатыр,  
Тартам ғой харам шубһа мен обалын!

Әрқашан оқыр болса жаназасын,  
Қышқырып айтады<sup>62</sup> екен сол надасын:  
– Азықсыз<sup>65</sup> кетіп барам ұзақ жолға,  
Бір Алла алдымыздан жарылқасын!

Сіздерді<sup>66</sup> қайтып келіні енді көрмем  
Алланың әмірінен не дүр дәрмен!  
«Жер бауыры суық», – деген сөз бар,  
Дос-жардан қайыр-дұға өтінемін!

Қабірдің алып келсе жағасына,  
Мәйіттің<sup>67</sup> тағы қара наласына:  
– Қараңғы, тар қабірге алып келіп,  
Қам-қайғы тағы түсті арасына<sup>68</sup>.

– Ей<sup>69</sup>, қалқым<sup>70</sup>, мені ұмытпай, қылғыл дұға!  
Бандамін<sup>71</sup> ғасы болған көп түр күнә!  
Әрқашан дұғаңыздан тастамаңыз,  
Дұғаға мұқтаж қылды мені Хұда<sup>61</sup>.

Әрқашан салар болса тар лахатқа<sup>72</sup>,  
Қышқырып айтады екен жақын-жатқа:  
– Опасыз мына жалған менен өтті,  
Мен қалдым ақырында жаман атқа!

Жиған мал сізде қалды, уарісларым<sup>73</sup>,  
Өтеңіз мені аясаң, борышларым<sup>74</sup>!  
«Әрқашан дұғаңыздан тастама!» – деп,  
Артына айтып кетер барлық зарын.

Дуиенден<sup>75</sup> кетеді екен осыны айтып,  
Көшірсің иманменен сені биітіп<sup>76</sup>.  
«Өлінің<sup>77</sup> тілін тірі алмас», – деген сөз бар,  
Келе ме өлген адам тірі қайтып?!

Осылай бізге айтқан пайғамбарым,  
Өліктер айтады екен<sup>78</sup> барлық зарын.  
«Өлген өлді, тіріге мал керек», – деп,  
Артынан<sup>79</sup> талап алар қалған малын.

Көргені: жетім-жесір – бәрі зорлық,  
Жұмысы қазақтардың<sup>80</sup> бәрі ұрлық.  
«Аға өлсе, жеңге<sup>81</sup> мұра», – деген сөз бар,  
Қатынын бас сап<sup>82</sup> алар, қылып зорлық.

Өліктің қатыны мен малын алып,  
Бір жаманға қосады дүре<sup>83</sup> салып.  
Зорлығына ол қатын көнбесе ағар<sup>84</sup>,  
Ергеден<sup>85</sup> жібереді сол шығарып.

Шариғат бұйырады мүһір<sup>86</sup> мирас,  
Мархұммен<sup>87</sup> болған жоқ па аз күн жолдас?!  
Мұндай жұмыс қылмайды дін-мұсылман,  
Жетім-жесір жылатқан қазақ оңбас!

Ұзатқан қызға тимес бізден мирас,  
Мирасқа ие деген молламен қас<sup>88</sup>.  
Құранда Алла тағала қосқан жоқ па,  
Кафір<sup>89</sup> болар, Құранға сол иланбас.

Бұйырған тағы мирас қатындарға,  
Бұл сөзді тыңдайтұғын<sup>90</sup> кісі бар ма?  
Қатын-қызға мрасты<sup>91</sup> бермек түгіл,  
Күң секілді сатамыз, әні, малға.

Сол мінез мұсылманға болар теріс,  
Толып жатыр қазақта жаман жұмыс.  
Ұл бала болғанда, қыз да бала,  
Осымыз шарифатқа<sup>92</sup> емес дұрыс.

Қыз алар бізден мирас ұзатылған,  
Тілесе қайда барсын боп мұсылман.  
«Шыққан қыз шііден<sup>93</sup> тысқары», – деп айтылған<sup>226</sup>,  
Бермейді оған мирас қазақ надан.

Бұл<sup>94</sup> күнде қазақ та жоқ неках<sup>95</sup>, талах<sup>96</sup>  
Халалын харам ғып жүр өзі қазақ.  
Бір күнде ерсілі- қарсылы қанша боқтап<sup>97</sup>,  
Қатынын бас сап сабар<sup>98</sup> бара салақ.

Жұмысың<sup>99</sup> бәрі теріс, қазағым-ай!  
Ақыретте<sup>100</sup> тартарсың азабын-ай!  
Мирасы неках<sup>95</sup>, талах<sup>96</sup> болмаған соң,  
Қалып жүрміз ноғай сарыттың<sup>101</sup> мазағына-ай!

Иманы бұл қазақтың иман тақылды<sup>102</sup>,  
Шарифат ісін қылмас<sup>103</sup>, қылып тахқиқ.

Көңілімен шын иман<sup>104</sup> болмаған соң,  
Өлгенде иманы<sup>105</sup> кетер шайтанға еріп.  
Өлім бар деп іш<sup>106</sup> қазақ қылмас қауіп,  
Жұмысы – ұрлық, қарлық<sup>107</sup>, жала жауып<sup>108</sup>.

Толып жатыр қазақта талай рәсім,  
Ұрлық, зорлық, қалдырмас барымтасын.  
Қайдағы ел жақсысы ұры сүйер,  
Тыйылып харам істен тартпас басын.

Қазақтың қалмас болды осы өнері,  
Жеп қояр әлі жеткен бірін-бірі.  
Болмаса патшамыздың ғәділлігі<sup>109</sup>,  
Нашары жүрмес еді болып тірі<sup>110</sup>.

Бұрыннан келе жатқан ескі заңы,  
Көп шығар арасында мұсылманы.  
Сөйтсе де тастамайды қылықтарын,  
Бар ма, айтшы, ақыретті ойлағаны?!

Қазақтың арғы заты – болған бағы,  
Қауарыж<sup>111</sup> тұрады екен Сырдан әрі.  
Жиылған одан-бұдан қашқын екен,  
Шаһарға есітіледі бұл қабары<sup>112</sup>.

Бас тартқан қауарыж<sup>113</sup> боп падшадан,  
Көнбеген шарифатқа бәрі надан.  
Ұрлық, зорлық, ел шапқан<sup>114</sup> қылды кәсіп,  
Кәсібі келе жатқан неше атадан.

Бұқардың сонда қаны кісі салды<sup>115</sup>,  
Кірмесең ығтықатқа<sup>116</sup> болмас мәні.  
«Жаны<sup>117</sup> жоқ, уағдасыз ел екен», – деп,  
«Антқор ел екен», – деп, – шұбырмалы»<sup>118</sup>.

Жіберді батырларды бері қуып,  
Тіл алмай қалғаннан соң көңілі суып.  
Бұл күнде алты миллион<sup>119</sup> қазақ болды,  
Көбейген біреуінен біреу туып.

Батырлар анда-санда<sup>120</sup> барған екен,  
Қалмақты олжа қылып алған екен.  
Қыздарын алып келіп қойша тізіп,  
Аяғын мұнда келін салған екен<sup>121</sup>.

Сол қыздар мұнда келіп бала тапқан,  
Ана боп бәрімізге<sup>122</sup> бөлек заттан.  
Байлары біртін-біртін өлгеннен соң<sup>123</sup>,  
Өз ісін үйретіпті<sup>124</sup> тәңір атқан.

Байы өлсе, шашын жайып, бетін жыртар,  
Дауыс қып, қара киіп, керін<sup>125</sup> тартар.

«Ат қойып келіндер!» – деп, – өлігіне!» –  
Үйретті бұл фіғылді<sup>126</sup> жаһіл<sup>127</sup> мұндар.

Үйретті күеу<sup>128</sup> болса тәжімдерді,  
«Келінді сәлім<sup>129</sup> ет!» – деп бағындырды.  
Келін менен<sup>130</sup> күйеуге май құйдырып,  
«Өт ана, жарылқа!» – деп, табындырды.

Үйреткен келініне кесірлі кемфір<sup>131</sup>,  
Байы жоқ қой дейтұғын<sup>132</sup> жесір кемпір.  
Осындай жамандыққа басшы болып,  
Кетеді отқа күйіп есіл кемфір<sup>131</sup>.

Бұл жұмыс мәжусиден калған ғадат<sup>133</sup>,  
Мәжуси шабады екен өлігіне<sup>134</sup> ат.  
Мәз болып олігіне<sup>135</sup> құтылғанға,  
Қуанып ат шаптырар біздің қазақ.

Міне<sup>136</sup>, кара қазақтың наданына,  
Құлақ салмас Алланың қаламына.  
«Ат шаппаса, атаусыз тастады», – деп<sup>137</sup>,  
Өсек айтар кейінгі адамына.

Ас бергенде, қылмаса табағын тоқ,  
Аяқ-табақ қиратар, ұрыс қылып<sup>139</sup>.  
Өлісі<sup>140</sup> мен тірісін қабат боктап,  
«Тойғызбаса, неге елді шақырды?!» – деп.

Іш<sup>106</sup> қалмай келе жатыр осы ғадет,  
Болыпты бұл жұмысқа кемпір себеп.  
Ат шаппақ шарифатқа<sup>142</sup> дұрыс болса,  
Қылмай ма бұл жұмысты ноғай мен сарт?!

Дұрыс емес шарифатқа бәрі мұңкір қарсы<sup>143</sup>,  
Мәжуси бізге үйреткен дінсіз кемфір<sup>131</sup>

Жазасын берер Алла ол жауыздың,  
Ей, мүгмін<sup>144</sup>, шариғатқа қылғыл пікір.

Қазақтың сол уақта<sup>145</sup> бәрі надан,  
Құба қалмақ өтіпті талай заман.  
Ол кемпірдің айтқанын ұстап бәрі<sup>146</sup>,  
Ісі жоқ намаз бенен рузадан<sup>147</sup>.

Тағы жоқ сол уақытта қожа, молла<sup>148</sup>,  
Салатын, оны<sup>149</sup>, тыйып түзу<sup>150</sup> жолға.  
Мүңкір іс арасында бек көбейіп<sup>151</sup>,  
Енді азайып келеді жылдан жылға.

Мүгмін<sup>144</sup> болсаң, істегіл шариғатты,  
Бізлерге<sup>152</sup> парыз емес қалық<sup>153</sup> салты.  
Осындай ғадаттарды<sup>154</sup> тастау керек,  
Әр жұртқа мазақ болмай қазақ қалқы.

Қуатлап<sup>155</sup> алып жүрсе әркім дінін,  
Жаһіллік<sup>156</sup> қалар еді әркім порым<sup>157</sup>.  
Хажылар<sup>158</sup> партияға басшы болды,  
Шошимыз хажылардың<sup>159</sup> көріп түрін.

Дінін күтіп тұрмайды тәрбиелеп,  
Келісімен ел бұзар<sup>160</sup>, партиалап.  
Беліне сәлелерін<sup>161</sup> таңып алып,  
Бір жағынан қалмайды сол қиалап<sup>163</sup>.

Хажылар<sup>158</sup> партиадан<sup>164</sup> жүргіл жырақ,  
Мәкеге<sup>165</sup> барып келдің иман сұрап.  
Баяғы таз<sup>166</sup> қалпыңа қайта түсіп,  
Күнәның одан-бұдан басын құрап.

Кеттіңіз хажылықты тіпті ұмытып<sup>167</sup>,  
Жойдыңыз біле тұра бар сауапты<sup>168</sup>.

Түк білмес надандарға<sup>169</sup> атаман боп,  
Ішіне бұзықтардың кеттін кіріп<sup>170</sup>.

Сөзімді хажы есітсе<sup>171</sup>, қалар кектеп,  
Хажы<sup>172</sup> бар ма партиадан<sup>173</sup> жүрген шеттеп?  
Мақаңіз<sup>174</sup> сіздерге айтып жіберді ме:  
«Бар-дағы партияға қойып кет!» – деп.

Ойлаған хажы<sup>172</sup> бар ма бір Хұдайды<sup>175</sup>?!  
Өткізер партиамен<sup>176</sup> күн мен айды.  
Мақаға<sup>177</sup> иман сұрап барып келіп,  
Хажылар<sup>158</sup>, бұл мінезің жарамайды.

Хажының<sup>178</sup>, міне, қара шаласына,  
Дін-парыз – мұсылманның баласына!  
Мақада<sup>179</sup> есек<sup>180</sup> хажы бола ма екен<sup>181</sup>,  
Жүргенмен Мәруа, Сапа<sup>182</sup> арасында.

Тақсырлар тауып алды бұл мінезді,  
Келісімен: «Сен кімдік?» – деп, елді бұзды.  
Көрініп өз еліне жек көрінші<sup>227</sup>,  
Хажылар<sup>158</sup> бұл мінезбен елді бұзды.

Надан сол: халал, харам айырмаслар<sup>183</sup>,  
Хажылығын<sup>184</sup> партияға<sup>185</sup> айырбастар.  
Барған<sup>186</sup> сол мұсылман бола ма екен,  
Мақаға<sup>177</sup> талай барар қызылбастар<sup>187</sup>!

Дұрыс па партияға<sup>185</sup> мас<sup>188</sup> боп жүру,  
Ғадаті<sup>189</sup> осы күнде ел бүлдіру.  
Мекеге бару<sup>190</sup> оңай не қылғанмен,  
Қиын ғой хажылықты ұстап жүру<sup>191</sup>.

Хажылар<sup>158</sup>, мұны қой да, дініңді күт,  
Кірмейді құлағыңа айтқан үгіт.

Тұрыңыз<sup>192</sup> қажылықтың жөніменен  
Қой-дағы партианды<sup>193</sup>, балаңды оқыт!

Дау қудың, қажылықты қойдың-дағы,  
Сауапты елге бердің, жойдың-дағы<sup>194</sup>.  
Әншейін<sup>195</sup> Меке<sup>196</sup> бардың асабамен,  
Құтылмай кісі ақысынан мойныңдағы.

Хажылар<sup>158</sup> бұл күнде жүр көп сарсаңда,  
Екі үйдің бірі хажы<sup>172</sup> бұл қарсаңда.  
Өтемей кісі ақысынан құтылмайсың,  
Мекеге жылап жаяу<sup>197</sup> жүз барсаң да.

Мекенің<sup>198</sup>, келдің хажы, дәмін татып<sup>199</sup>,  
Ақша жидың, өсімге<sup>200</sup> малың сатып.  
Жолда ішкен азық үшін төбелесіп<sup>201</sup>,  
Хажы<sup>172</sup> бар әрбір елде тәңір<sup>202</sup> атқан.

Хажы екеу, риакорға ұжмақ қайда<sup>203</sup>?  
Бір қойыңды<sup>204</sup> сатасың екі қойға.  
«Мекеге<sup>165</sup> бармақ парыз болсын!» – деген,  
Қайыр, зекет берілген<sup>205</sup> халал малға.

Өсіммен<sup>206</sup> жинаған мал халал болмас<sup>207</sup>,  
Қиаметте<sup>208</sup> жаныңа үлкен залал.  
Харам малды қалтаңа салып алып,  
Мекеге<sup>165</sup> тауап үшін бару обал!

Ауелі<sup>209</sup> жиған ақшаң болсын таза,  
Әркімнің ақысын бер, қылмай наза.  
Мал, ақшаны өсімге<sup>210</sup> сатқан адам  
Қиаметте тартар<sup>211</sup> үлкен жаза.

Хажылар<sup>158</sup>, бұл сөзімді жақсы тыңла<sup>212</sup>,  
«Айтты<sup>213</sup>, –деп, жазушыны ғайып қылма<sup>214</sup>!

«Өсімнен<sup>215</sup> мал жинамақ<sup>216</sup> харам» – деп,  
Пайғамбар айтқан бізге хадісінде<sup>217</sup>.

Хажы<sup>172</sup> – парыз: күші жеткен малы барға,  
Хажы<sup>172</sup> – парыз: жана да<sup>218</sup> халал малға!  
«Хажы<sup>172</sup> барып, парыздан құтылам», – деп,  
Өздерің кіріп кетпе<sup>219</sup> жаман<sup>220</sup> жайға?!

## Отыз бесінші. Абуқалабадан рауаят<sup>1</sup>

Хикаят<sup>2</sup> қалды Абуқалабадан<sup>3</sup>,  
Сөйлеген халін білмей мен бір надан.  
Күнлерде<sup>4</sup> бір күн жатып түс көріпті,  
Түсінде өліктерді аралапты<sup>5</sup>.

Бір үлкен көрстанды<sup>6</sup> сейіл қыпты,  
Әр кабір Худаның<sup>7</sup> құдіретімен жарылыпты.  
Өліктер көрден тіріліп отырғанда<sup>8</sup>,  
Қалаба<sup>9</sup> тамаша ғып, қайран қапты<sup>10</sup>.

Қолында әрбір өлік<sup>11</sup> нұрдан табақ,  
Отырған әрқайсысы болубан<sup>12</sup> шат.  
Қасына бір досының жетіп келсе,  
Бейшар<sup>13</sup> табағы жоқ, қылған хасрат<sup>14</sup>.

Қалаба<sup>9</sup> ол майтдің сорды<sup>15</sup> халін:  
– Табағың нұрдан қайда, жаным?!  
Өліктің<sup>16</sup> бәрі жиылып шат болғанда,  
Отырсың нұрдан махрум<sup>17</sup>, айтшы жайың?

Ол досты<sup>18</sup> жауап берді Қалабаға<sup>19</sup>:  
Отырмын нұрдан махрум<sup>17</sup> мен бейшара!  
Нұрдан табақ тартылған өліктердің,  
Артында баладары<sup>20</sup> қылған дұға!

Сол сәбепті<sup>53</sup> табаққа ие болған,  
Артында баладары<sup>54</sup> дұға қылған.  
Садақа, Құран оқыған сауаптары  
Нұр болып, табағына даяр болған.

Бұл күнде іш<sup>21</sup> табақ жоқ мен ғарыпта<sup>22</sup>,  
Менің бір ахмақ<sup>23</sup> балам қалған арытда<sup>24</sup>.  
Мен үшін қылған оның сауабы жоқ,  
Сол сәбепті<sup>25</sup> отырмын хасретде<sup>26</sup>! –

Деп айтып Қалабаға<sup>19</sup> төкті жасын:  
– Ішкімнен<sup>27</sup> болмады, – деп, – жарылқасын!  
Жылаған соң майітдің<sup>28</sup> даусыменен<sup>29</sup>  
Қалаба<sup>9</sup> төсегінен жұлды басын.

Қалаба<sup>9</sup> шошып тұрды ұйқысынан,  
Баласын іздеп<sup>30</sup> жөнелді<sup>31</sup> тұрысымен.  
Бар көрген, баласына, уақиғасын,  
Сөйлепті сол Қалаба<sup>9</sup> көрісімен.

Баласы ісіткен<sup>32</sup> соң қылды тәубе,  
Бір жанын<sup>33</sup> атасы үшін қылды пида.  
Бұрынғы осалдықтың бәрін тастап,  
Садақа-қайыр қылды атасына.

Қалаба<sup>9</sup> бір күн жатып түс көріпті,  
Түсінде барлық қабір<sup>34</sup> жарылыпты.  
Баяғы досы сонда шат болыпты,  
Түсінде Қалабаға<sup>19</sup> жолығыпты.

Достын<sup>35</sup> көрсе шат болып көрден тұрған,  
Қолындағы<sup>36</sup> табағы бәрі нұрдан.  
Бұрынғы халларының<sup>37</sup> ішбірі<sup>38</sup> жоқ,  
Құтылған алгі<sup>39</sup> досы ғам қайғыдан.

Оқыды Қалабаға<sup>19</sup> қанша рахмат<sup>40</sup>:  
– Мен бұрын көріп едім көп міхнат<sup>41</sup>!

Құтылдым әр ғазаптан, сәбебіңмен<sup>42</sup>,  
Басымды әр қайғыдан қылдың азат.

Баламды азғын болған, жолға салдың!  
Міхнатда<sup>43</sup> мені көріп<sup>44</sup> үйге бардың.  
Дүние, ақырет максудің<sup>45</sup> хасыл болып<sup>55</sup>,  
Жаннатқа дақыл<sup>46</sup> қылсын беру барың<sup>47</sup>! —

Деп, сонда разы болған Қалабаға<sup>19</sup>,  
Түсінде алгі<sup>48</sup> дөсты<sup>56</sup> кылып дұға.  
Әркімнен езгу<sup>49</sup> бала арытда<sup>24</sup> қалсын,  
Кім бақи қалар<sup>50</sup> дейсің бұл дүниеде?!

Жоқтағыл өлігінді дұғаменен,  
Дұғаны үміт етер<sup>51</sup> әркім сенен.  
Хұдайым<sup>52</sup> қабыл қылса садақаны,  
Нұрдан табак болады тұрса көрден.

## **Отыз алтыншы. Өлерде болған банданің халі<sup>1</sup>**

Басыңа түсетұғын ақыр заман,  
Дүниеде өлмей тұрып болар саған.  
Тәніңнен ғазиз жаның шықпай тұрып,  
Көзіңе көрсетеді Алла тағалам<sup>2</sup>!

Қиналып жан шығарға жақындаса,  
Кезеріп еріндерің, көзің талса.  
Қысылып, маңдайыңнан терің ағып<sup>3</sup>,  
Демалыс барған сайын қатыланса<sup>4</sup>.

Жазушы<sup>5</sup> періштелер сенен<sup>6</sup> қашып,  
Ыбліс<sup>7</sup> иманыңнан үмітленсе<sup>8</sup>.

Сол шақта ғаріп банда болсаң халсыз<sup>9</sup>,  
Тастарсың мал-мүлкінді сен амалсыз.  
Иманнан басқа нәрсе керек емес,  
Иманды аңдып сонда шайтан арсыз.

Ең алғаш басқа түскен бұл қиамет<sup>10</sup>,  
Аузыңа Хұдай<sup>11</sup> салсын, біл Шаһадат!  
Бар малға қатын-бала ие болар,  
Сен тартарсың<sup>12</sup> обалын – үлкен хасрат<sup>13</sup>!

Болатын қиаметде<sup>14</sup> ақыр заман,  
Ұғып ал, мен айтайын оны саған.  
Дүниеде борышқор боп өліп кетсен,  
Жабысар жағаңызға даугер адам.

Бұл күнде борыш иесі сұрар хақын:  
– Жаныңда малың бар ма құтылатын?  
Бар қылған сауабыңа жармасады,  
Дүниеде жаман іске болма жақын.

Теңгерген қазы болып жаратқан Хақ,  
Сенде жоқ: таласарға – қимылдар шақ!  
Мықтылық дүниедегі онда болмас,  
Жемегіл кісі ақысын<sup>15</sup>, жоламай бақ!

Бар қылған жақсылығын Алла – даугер!  
«Қиындық басқа түскен – осы! – деп біл.  
Бола<sup>16</sup> ма бұдан үлкен саған хасрет<sup>17</sup>,  
Запаны саған айтар: «Тамұққа кір!».

Сол күннің, мен айтайын, һайбатларын<sup>18</sup>,  
Түсірер іштен бала жүкті қатын.  
Тұрады барша қалық мас, қайран боп,  
Ішкімде<sup>19</sup> шама болмас қимылдайтын<sup>20</sup>.

Келмейді сөз айтуға ішкім<sup>21</sup> халі,  
Болады жас жігіттер ақ сақалды.  
Періште адамзатты қойша бөлер,  
Жөленер иманды адам ұжмақ сарі<sup>22</sup>.

Тамұғқа<sup>23</sup> айдар тағы бір парасын,  
Мұнапық<sup>24</sup> ғасы болған жан баласын.  
Өзінің қылмысы үшін ғазап тартып,  
Көреді жаһаннамда сол жазасын!

## Отыз жетінші. Сүлеймен ғалайһінің мәселесі<sup>1</sup>

Бұрынғы пайғамбарлар заманында,  
Дүниеден қайтар шақта мүгмін<sup>2</sup> банда<sup>3</sup>.  
Ғазрайіл<sup>4</sup> көрінумен келеді екен,  
Өзінің танысындай жүрін анда<sup>5</sup>.

Бұл күнде келмес саған іш<sup>6</sup> көрініп,  
Хұдайдан<sup>7</sup> жүрмегіне іш<sup>6</sup> амір<sup>8</sup> жоқ.  
Пайғамбар хұрматі<sup>9</sup> үшін көрінбейді,  
«Көрінсе шошыр, – деген, – бәнда<sup>10</sup> қорқып.

Ғазрайіл<sup>4</sup> келді бір күн Сүлейменге,  
Билеген жердің жүзін падша-қанға<sup>11</sup>.  
Періште пайғамбармен сұхбатласып<sup>12</sup>,  
Отырған мажіліс<sup>13</sup> қып<sup>14</sup> бір орында.

Қасында Сүлейменнің бір қызметкер,  
Қызметінде болған екен бірнеше жыл.  
Жігітке бір Алланың тақдірімен<sup>15</sup>,  
Найбатпен бақты оған Ғазрайіл<sup>4</sup>.

Шошыды<sup>21</sup> періштенің қарауынан:  
«Бір ғайып<sup>16</sup> тапты ма, – деп, – жараман?  
Қарауы бұл кісінің тегін емес,  
Қадалды не себепті сонша маған?!»

Қарайды сонша маған көз айырмай,  
Ақысы<sup>17</sup> бұл кісінің менде бардай!  
Артынан Ғазрайілдің<sup>18</sup> кеткенін<sup>19</sup> соң,  
Сұрайды Сүлейменнен тағат қылмай:

– Кім еді қонағыңыз алгі<sup>20</sup> келген?!  
Шошыды<sup>21</sup> сол кісіден қорқып денем!  
Қалтырап он екі ағзам бара жатыр,  
Кісі емес өзім туып әр кез көрген!

– Білсеңіз, періште дүр, сол<sup>22</sup> – қонағым,  
Маған кеп жеткізуші Хақ қаламін<sup>23</sup>.  
Аншейін<sup>24</sup> көрмек үшін қарағанда,  
Қорықпа, зианы жоқ, бекер, жаным!

Сол жігіт айытды<sup>25</sup>: – Ей<sup>26</sup>, пайғамбар!  
Қарауы сол<sup>22</sup> кісінің емес тауыр<sup>27</sup>.  
Жақсы жаман болсам да, сонда болам,  
Жеткізші<sup>28</sup> шін машинге<sup>29</sup> мені хазір<sup>30</sup>!

Мен білсем, періште дүр, жан алушы,  
Ойлаймын маған таяу тақдір<sup>31</sup> ісі.  
Пайғамбар, енді менен бақыл болғыл,  
Құр босқа неге келсін, бір<sup>32</sup> жұмысы.

Сол жігіт Сүлейменмен амандасты,  
Екеуі сол арада көп жыласты.  
Пайғамбар: «Кетпе!» – десе, ішбір<sup>33</sup> болмай,  
Қарата шін машинге<sup>29</sup> қадам басты.

Сүлеймен амір<sup>8</sup> қылды желлеріне<sup>34</sup>:  
– Жеткіз, – деп, – бір сағатта жерлеріне!  
Топырағы бейшараның сонан шығар,  
Кешікпей барып жетсін елдеріне<sup>35</sup>!

Жөнелді желге мінін жігіт ғарып<sup>36</sup>,  
Ішінде бір сағаттың жетті барып.  
Үш айшылық жол екен екі арасы,  
Білсеңіз шін машин<sup>29</sup> мен Қудіс Шаріф<sup>37</sup>.

Айналып Ғазрайіл<sup>4</sup> жана<sup>38</sup> келді,  
Сүлеймен пайғамбарға сәлем берді.  
Жігітке һайбат ила<sup>39</sup> қарағанын,  
Сүлеймен Ғазрайілдан<sup>40</sup> сұрайды енді.

– Жігітке сонша неге кеттің қара?!  
Бар ма ақың алатұғын сонан сұрап?  
Еліңе сенен қорқып, қайтып кетті,  
Ғазрайіл<sup>4</sup>, қарауыңда не дүр себеп?!

Ғазрайіл<sup>4</sup> пайғамбарға қылған баян:  
– Жанын ал, – деп бұйырған Қадір Маулам<sup>41</sup>,  
«Шін машинда<sup>42</sup> барып ал!» – деген еді,  
Қасыңнан сенің көріп<sup>43</sup> қалдым қайран.

Қасыңнан көрген сағат қалдым кетіп,  
Хұдаға<sup>44</sup> мен жалындым ғаріз етіп.

Құдайым ол бандаға<sup>45</sup> қылмас рахмат<sup>46</sup>,  
Періште айтады<sup>47</sup> екен оған лағнат<sup>48</sup>.  
Хисабы қатты болар ол банданың<sup>49</sup>,  
Таубасіз<sup>50</sup> өтіп кетсе ол адамзат.

Бір банда<sup>3</sup> бұл дүниеден болса опат<sup>51</sup>,  
Дауыс қып, қатын-бала қылса перят<sup>52</sup>.

Ғазрайіл<sup>4</sup> қастарына<sup>53</sup> жетіп келіп,  
Оларға айтар екен көп лағнат<sup>48</sup>!

Мен оған қылған жоқпын ішбір<sup>33</sup> зұлым,  
Амірсіз кеміткем жоқ анің ғұмырын<sup>54</sup>.  
Әр заман өлшеулі өмір бандаларға<sup>55</sup>,  
Бір Алла, тақдір<sup>31</sup> илан, жазған өлім.

Бір Хұдай<sup>56</sup> өлім беріп, қылған қаһар,  
Көнбесең тақдір іске, кәпірсіздер.  
«Кулли мак ғалайһа пан<sup>57</sup>» деген Алла,  
Өлмекке<sup>58</sup> сіз бен бізге уағдасы бар.

Сиынар сол Ғазрайіл<sup>4</sup> бір Аллаға<sup>59</sup>,  
Алланың тақдіріна<sup>60</sup> не дүр шара?!  
Ғазрайіл<sup>4</sup> – бір Алланың қызметкері,  
Бұйрықсыз бір Хұдайдан<sup>7</sup> келмес жана<sup>38</sup>.

### Отыз сегізінші.

#### Абуллаиыс Самарқанды рауаят қылғаны<sup>1</sup>

Бізге айытқан<sup>2</sup> Абуллаиыс<sup>3</sup> Самарқанды<sup>4</sup>,  
Өлікке дауыс қылмақ, сол харам-ды.  
Зарар жоқ сол ақырын жыламақта,  
Сабырға сауап табар жақсы жанды<sup>5</sup>!

Пайғамбар айытды<sup>6</sup> бізге нуха<sup>7</sup> харам:  
– Дауыстап<sup>8</sup> жылаймын, – деп, отырса адам,  
Айтушы<sup>9</sup> тыңлаушының<sup>10</sup> баршасына  
Алланың лағнаты<sup>11</sup> болар һаман<sup>12</sup>!

Хұсайын өткенен соң, ибн<sup>13</sup> Ғали,  
Жоқтады бір жылғаша қатны<sup>14</sup>, аны<sup>15</sup>!

Қабірін сол күзетіп отырғанда,  
Естікті көк тараптан бір наданы:

– Ей<sup>16</sup>, қатын, табылды ма жоғалғаның?  
Тұтып ең бір жылғаша қайғы зарың!  
Тағы да көк тараптан ауез<sup>17</sup> келді:  
– Күна дүр бұл қылғаның, ей, қатын<sup>18</sup>!

Расулдің бір баласы – Ыбраһим<sup>19</sup>,  
Жылапты өлгенінде пайғамбарым.  
Сахаба Ғабдуррахман<sup>20</sup> бінғут<sup>21</sup>  
Сұрапты пайғамбарым жылағанын:

– Тыиу шең<sup>22</sup> тақсыр, жыламақтан,  
Өзіңіз жыладыңыз не сәбепден<sup>23</sup>?  
Сұраушы сахабаға сонда айытды<sup>6</sup>:  
– Мен тидім<sup>24</sup> нуха<sup>25</sup> қылып жыламақтан!

Хұдайға<sup>26</sup> қарсылық сөз айытпай жыла,  
Болады қарсылығың үлкен күна<sup>27</sup>!  
Рахымсыз<sup>28</sup> қатды көңіл о да жаман,  
Аз жыласаң, өлекке<sup>29</sup> сауап бұ да!

Өлікке жыламақтан айзал<sup>30</sup> сабыр,  
Бір сабыр қылса, бірталай сауап табар<sup>31</sup>.  
«Иннәмә юніс сабируна ажраһум биғаирхисаб<sup>32</sup>,  
Сансыз сауап берем!» – деп айытқан<sup>33</sup> Жалил.

Қабарда<sup>34</sup> айытды<sup>6</sup> бізге хазраты<sup>35</sup> Ғали,  
Қайғыға сабыр қылса болар уали<sup>36</sup>.

Үш жүз сауап тиеді сабыр қылса,  
Алты жүз сауап тиер напсі тиса<sup>37</sup>!  
Тоғыз жүз мөлшерлі сауап табар<sup>38</sup>,  
Кім де кім өлігіне жыламаса!

## Отыз тоғызыншы. Өлер халде періштелердің келгені<sup>1</sup>

Бандасі<sup>2</sup> ауыр<sup>3</sup> халға тақалғанда,  
Тағзыммен төрт періште кірген<sup>4</sup> анда<sup>5</sup>  
Бандага<sup>6</sup> сәлем беріп біреуі айтар<sup>7</sup>:  
Муакіл<sup>8</sup> періште едім тамағыңа!

Іздедім Шығыс, Батыс түгел бәрін<sup>9</sup>,  
Бір лукма таба алмадым тіпті саған!  
Ойлаймын: Рызықың<sup>10</sup> біткен<sup>11</sup> ғой! – деп,  
Болмаса таппас бедім<sup>12</sup> бір кесім нан.

Періште кетеді екен осыны айтып,  
Екінші бір періште келер қайтып:  
– Муаккіл<sup>13</sup> періште едім шарабыңа, –  
О дағы тұрады екен бір сөз айтып:

– Бір ішім су таппадым саған іздеп,  
Күншығыс, күнбатыстың бәрін кезіп.  
Ойладым: «Ажалыңыз жеткен ғой!» – деп, –  
Періште кетеді екен мұны сөйлеп.

Үшінші жетіп келер тағы Мәлік<sup>14</sup>:  
– Мен дағы<sup>15</sup> періште едім демің санап.  
«Дем алыс қанша бұған қалды екен?» – деп,  
Таба алмай Машрик, Мағрупны<sup>16</sup> келдім қарап.

Дем алыс таба алмадым саған түгел,  
Ойладым: «Жеткен екен енді ажал!» –  
Дортінші періште кеп тағы да айтар<sup>17</sup>,  
– Ғұмырыңа періште едім мен муаккіл<sup>13</sup>!

Күншығыс, күнбатыстың кездім бәрін,  
– Бар ма, – деп, – ғұмыр саған<sup>18</sup>, – араладым,

Ойладым: «Сенің ғұмырың біткен екен!  
Бір сағат саған ғұмыры<sup>19</sup> іздеп<sup>20</sup> таба алмадым».

Төртеуі бұл сөзді айтып кетеді<sup>21</sup> екен,  
Болған соң банда<sup>22</sup> ғаріп<sup>23</sup>, не етер екен?  
Краман<sup>23</sup>, Катібин<sup>24</sup> – періштелер  
Ол-дағы ол бандаға<sup>6</sup> жетеді екен.

Бандаға<sup>6</sup> жетіп келер екі мәлік,  
Қолында жазуы бар күна, сауап<sup>25</sup>.  
Оң жақтың періштесі ұсынады:  
– Қара! – деп, ақ қағазды келер алып.

– Қараңыз бұл жазылған қағазыңа,  
Қылдыңыз көп сауапты қаншама!  
Ол банда<sup>22</sup> аны<sup>26</sup> көріп, бек шатланар<sup>27</sup>,  
Руза<sup>28</sup>, зекет, хажы<sup>29</sup>, намазына!

Сол жақтың періштесі тағы тұрып,  
Бір кара қағаз берген сол ұсынып:  
– Бар қылған күнәларың осы тұрған,  
Ол банда<sup>22</sup> қатты терлер, қорқып<sup>30</sup>.

Қарауға ұялады күнасінан<sup>31</sup>,  
Істеген қанша күна<sup>32</sup> сол басынан<sup>33</sup>.  
Бар қылған күна, сауап – сол істерін  
Көрсетіп кетеді екен сонда оған.

Осылай сол алтауы жұмыс қылар,  
– Барғыл! – деп, амір<sup>34</sup> қылғаш паруардігар<sup>35</sup>.  
– Біз енді ісімізден босадық<sup>36</sup>! – деп,  
Ғазрайілге<sup>37</sup> барып айтар періштелер.

Сонда келер Ғазрайіл<sup>38</sup>: – Жан алам! – деп,  
Жанында періштенің екеуі тұр<sup>39</sup>.

Рахматдың<sup>40</sup> періштесі оң жағында,  
Отырар газаптікі сол жағында<sup>41</sup>.

Ол банда<sup>22</sup> болса ағар<sup>42</sup> езғулардан<sup>43</sup>,  
Алады аның<sup>44</sup> жанын шатлық<sup>45</sup> бірлан.  
Рахматдың<sup>46</sup> періштесіне алып берген:  
– Кейітпей, сақтаңыз, – деп, зарарлардан<sup>47</sup>!

Сонан соң ошал жанды періштелер<sup>48</sup>  
Салла<sup>49</sup> орап, жаннат сарі<sup>50</sup> алып барар.  
Хұдайға<sup>51</sup> сажда<sup>52</sup> қылып, орнын көріп,  
Өзіне енді қайтып алып келер<sup>53</sup>.

Үйінің ортасына алып келіп,  
Періште тағзым менен<sup>54</sup> сәлем қылып.  
Кім жылап, кім күйініп отырғанын,  
Жані<sup>55</sup> сол тұрады екен бәрін<sup>56</sup> көріп.

Осылай тұрады екен сенің жаның,  
Артынан тағы да ерін жаназаның.  
Қабіріңа<sup>57</sup> таниң<sup>58</sup> бірлан бірге еніп,  
Сауалын беріп кетер періштенің.

Сонан соң әлгі жанды періштелер,  
Ғалми<sup>59</sup> Рызыкқа<sup>60</sup> алып барар.  
Қиамет<sup>61</sup> қайымқаша<sup>62</sup> мақан<sup>63</sup> етіп,  
Ракатда<sup>64</sup> сол сипатлы<sup>65</sup> тұрар анлар<sup>150</sup>.

Агарда<sup>66</sup> банда<sup>22</sup> болса, ғасы жаны,  
Жанларын<sup>67</sup> ғазап бірлан тартар қатды<sup>68</sup>.  
Бір тартып, бір жіберіп һайбат бірлан,  
Көрсетіп ошал<sup>69</sup> жанға михнатды<sup>70</sup>.

Жанларын<sup>71</sup> жауыз құлды<sup>72</sup> қинап тартар,  
Ағашқа екі кісі ара тартар.

Басқа бір топ<sup>73</sup>, аяққа бір топ<sup>73</sup> келіп:  
– Бір-бірімен алам! – деп, сонда айтар.

Өзінің әр не еркінде не қылса да<sup>74</sup>,  
Қозғалмай неше жылдай тұрған бекем.  
Қозғалар имансыздың сонда жаны,  
Айырылмас сулы жүннен құры тікен<sup>75</sup>.

Мың түрлі, жанын алар, қинауменен,  
Құнаға мағрұр болған жинауменен<sup>76</sup>.

Ғазаптың періштесіне ие болар<sup>77</sup>,  
Қолында періштенің ғазап көрер.  
Қатраннан болғанға аны орап<sup>78</sup>,  
Жоғары енді көкке алып жүрер.

Жолыққан әрбір нарсе<sup>79</sup> қылар лағнат<sup>80</sup>,  
Дүнеде<sup>81</sup> жауыз болған<sup>82</sup> бұл<sup>83</sup> адамзат.  
Дүниенің сөл көгіне барған шақта,  
Ашылмас оған есік, қылса перят<sup>84</sup>.

– Қайтар, – деп, – қабіріне қылған нада,  
Осылай<sup>85</sup> амір<sup>34</sup> қылған Жаббар Хұда<sup>86</sup>.  
Періште жер жүзіне алып келіп,  
Токтатар періштенің сауалына.

Арқашан<sup>87</sup> ол бандані<sup>88</sup> қойса көрге,  
Періште сауал үшін кірген бірге!  
Бандадан<sup>89</sup>: «Ла адри», – деп жауап келген,  
Періште: «Мен раббік<sup>90</sup>», – деп келген жерден<sup>91</sup>.

Бандані<sup>88</sup> періште<sup>92</sup> ұрған күрзі бірлан,  
Сол уақта<sup>93</sup> жұда болар тан<sup>94</sup> бірлан жан.  
Есітер осы<sup>95</sup> зарын барша мақлық<sup>96</sup>,  
Ғапіллікбен<sup>97</sup> есітпес інс<sup>98</sup> бен<sup>99</sup> жын.

Бандані<sup>88</sup> сол уақытта қабір қысар,  
Қабірға<sup>100</sup> бір-бірімен араласар.  
Мұнан соң қабір іші отқа толған  
Халлары<sup>101</sup> ол банданің<sup>102</sup> болып нашар.

Қабірда<sup>103</sup> орнын көрген жаһаннамнан,  
Ғазаптан босамайды әр кез онан<sup>104</sup>.  
Хұдая<sup>105</sup>, ондай күнді көрсетпегіл,  
Үміткер рахматыңнан әрбір бандаң<sup>106</sup>.

Сіжінге алып кетер аның жанын<sup>107</sup>,  
Түбінде жеті дозақ зар еңретер<sup>108</sup>.  
Өлісімен ұжмаққа кіру қиын<sup>109</sup>,  
Алдында толып жатыр талай қатер.

«Көппен көрген ұлы той», – деген жанбыз.  
Көре ме ғазап, рахат<sup>110</sup> банда жалғыз?!  
Бұл күнде дүние қойған кісі бар ма?  
Айтеуір<sup>111</sup> рахматыңнан үміткерміз.

Қабірда<sup>112</sup> періштенің сауалы хақ,  
Сауаплы<sup>113</sup> болсаң сайра<sup>114</sup> тіл менен<sup>150</sup> жақ.  
Күнәлі<sup>115</sup> болсаң сонда, халің харап,  
Күн бұрын құтылатын хайласын тап.

Қабірда<sup>112</sup> не көрмейді бұл ғарып<sup>116</sup> бас,  
Құдайдың<sup>117</sup> амірін<sup>118</sup> тұтсаң болдың қылас<sup>119</sup>.  
«Сауалды жан бере ме, яки дене?» –  
Хақында көп имамдар<sup>120</sup> қылған талас.

Бағзысы айтар: – Қабірге жанды акеліп,  
Салады денесіне жанды<sup>121</sup> акелін.  
Бұрынғы қалыбына<sup>122</sup> отырғызып,  
Періште сұрайды екен сонда тұрып.

Бағзы имам айтар<sup>123</sup> сұрар жаннан,  
Дүниеде өлген капір<sup>124</sup>, мұсылманнан.  
Сасық дене қабірда<sup>112</sup> жата берер,  
Ешқайсың ғапыл болып қалма мұнан<sup>125</sup>.

Бағзысы айтар: «Жан керер<sup>126</sup> кеудесіне,  
Періште қоймайды екен енбесіне.  
Бөксе жағың жатады жансыз болып,  
Шаманды қоймас сауал бермесіңе<sup>127</sup>».

Жан кереді<sup>128</sup> екі араға кепінменен<sup>129</sup>,  
Сен жатасың дәл өлген қалпыңменен.  
Жан келгенін сол уақытта денең білер<sup>130</sup>,  
Сөйлеген әр түрлі сөз парқыменен.

Жан менен жауап берер тән қысылып,  
Күнакар қалар сонда бір тосылып<sup>131</sup>.  
Ғазап, рахат<sup>110</sup> көрсе де сонда тұрар,  
Дүниеде көрген<sup>133</sup> бірдей қызық көріп.

Осылай имамдарды<sup>134</sup> бізге нақлы<sup>135</sup>,  
Иманнан басқа банданің<sup>102</sup> жоқ жақны<sup>136</sup>.  
Қай рауышлы<sup>137</sup> бандадан<sup>89</sup> сауал<sup>138</sup> алар,  
Адамның бұған жетпес еш ақылы<sup>139</sup>.

Жігітдер, бәрімізге өлмек анық<sup>140</sup>,  
Осы күн<sup>141</sup> білген жанға қимылдар шақ.  
«Қабірда<sup>103</sup> ғазап – жанға ма, тәнге ме?» – деп,  
Хақында тағы имамдар қылған жауап.

Капірге<sup>142</sup> ғазап қабірда<sup>103</sup> болар дауам,  
Көретін мінапiктан<sup>143</sup> бағзы адам.  
«Жан көреді ғазап!» – деп, тағы айтады,  
«Қабір ғазап» – көбінесе көретін тән.

Ғазапты мінапіктің<sup>144</sup> көруі хақ,  
Бұлардан<sup>145</sup> құтылатын хайласын тап.  
Өсек, ғайбат сәбаплы<sup>146</sup> – қабір ғазап,  
Сідіктен үсті-басың қылмасаң пак.

Қабірдің көрмен десең ғазаптарын,  
Мойныңа төрт нәрсені қылғыл лазым.  
Тәсбіх айыт<sup>147</sup>, құран оқы, садақа бер,  
Бес уақыт қалдырмағыл намазларың.

Деп айытқан: «Өлім деген бір ішімдік!<sup>148</sup>  
Жан біткен улап өлер сонан ішіп.  
Шарап ішіп, есікке кірген шақта,  
Халлары<sup>149</sup> біз ғасының болар нешік?!»

## **Қыркыншы. Зұман періштенің сұрауы<sup>1</sup>**

Үшбу сөз Дақайықдың<sup>2</sup> хикаясы,  
Келеді қорытумен<sup>3</sup> сөздің басы.  
Мүңкір, Наңкірден<sup>4</sup> басақа сұраушы періште бар,  
Хұдайдың қайтсе бар ғой ірадасы<sup>5</sup>.

Ең ауел<sup>6</sup> сұрайды екен бізден<sup>7</sup> Зұман,  
Ілінер қармағына дүние қуған.  
– Күна<sup>8</sup>, сауап-дүниеде не қылдың?! – деп,  
– Жазып маған көрсет! – деп, салар думан.

Қылсаңыз: құллық<sup>9</sup>, тағат бұл дүниеде,  
Өлсең, иман табарсың ол дүниеде.  
Пайғамбар төріт жар жамиғы Асхаб<sup>10</sup>,  
Бір күні отыр екен Мадинеде<sup>11</sup>.

Сұраған<sup>12</sup> Ғабдолла, Асхаб пайғамбарын:  
– Ойласам ақыретді<sup>13</sup> көңлім<sup>14</sup> жарым.  
Расул<sup>15</sup>, сізден сұрайтын жауабым бар,  
Сіздей ғып жаратқан жоқ жанның бәрін.

– Ғабдолла Исламұлы<sup>16</sup>, сөйле! – деді<sup>17</sup>,  
– Бар болса ұмытқаның ойла! – деді<sup>17</sup>.  
– Менен сұрап білмегің – саған – сүннат<sup>18</sup>,  
Сұрамай, сен ұялып қалма! – деді<sup>17</sup>.

– Сөзім көп, сұрай берсем, пайғамбарым,  
Мен қорқып тар қабірден<sup>19</sup> көңлім<sup>20</sup> жарым.  
Періште Мүңкір, Наңкір<sup>21</sup> жауап сұрар,  
Періште сұрар ма екен онан бұрын?

Пайғамбар Ғабдоллаға жауап сөйлер:  
– Халларін<sup>22</sup> өлген жанның таңрім<sup>23</sup> білер.  
Жеті адым көмген адам кеткеннен соң,  
Жаныңды тәнге<sup>24</sup> апарып қайта салар<sup>25</sup>.

Сол шақта көзін ашып банда<sup>26</sup> қарар<sup>27</sup>,  
Зұман атлы бір періште келіп тұрар<sup>28</sup>.  
Зұманның өне бойы күн секілді,  
Қасында ол адамның жарық-жұрық етер<sup>29</sup>.

Зұман айтар: – Сен келдің мұнда не ғып?  
Дүниеде жүруші едің малың бағып.  
Дүние жидың, Құдайға тағат қылмай,  
Қаншасын бір Құдайға келдің алып?!

Сол адам жауап таппай жаман қорқар,  
Қасында еш адам жоқ жалғыз жатар.  
– Күна<sup>8</sup>, сауап – дүниеде не іс қылдың? – деп,  
Баршасын бір қағазға жаз! – деп айтар.

– Өлген соң, мұндай ғарып<sup>30</sup> болдың халде,  
Боласың қат<sup>31</sup> жазушы жетік молла<sup>32</sup>.

– Дауыт<sup>33</sup>, сия<sup>34</sup>, қағазым, қаламым жоқ,  
Қайдан тауып жазайын?! – деген сонда.

– Дауыт<sup>33</sup> қылып жаз, – дейді, – комекейді!  
Сиа<sup>34</sup> қылып жаз, – дейді, – сілекейді!  
Кефін<sup>35</sup> – қағаз, саусағың қалам болар,  
Жылдамырақ жазғыл деп, бергіл! – дейді.

Кепіннен бір кесегін алып берер<sup>36</sup>,  
Не<sup>37</sup> қылған сауап ісін жазып болар.  
Келгенде күналі<sup>38</sup> іске<sup>39</sup> бөгеледі,  
Ұялып күналі<sup>38</sup> ісін жазбай тұрар.

Зұман айтар: – Ұялдың менен неге?  
Хұдайдан<sup>40</sup>, сіра<sup>41</sup>, қорықпай қылдың күна<sup>43</sup>!  
Көбірек құллық<sup>9</sup>, тағат қылсаң нетді<sup>44</sup>,  
Дүниеде тұрмасыңды білмедің бе?!

Күнаңді<sup>45</sup> корсет маған, жылдам жазып,  
Сені<sup>46</sup> ұрып күрзіменен қылам ғазап.  
Күрзісін көрсетеді қолындағы,  
Бұл оңай, мұнан ауыр бар-ды<sup>47</sup> тозақ.

Сол уақта<sup>48</sup> күналі ісін<sup>49</sup> банда<sup>26</sup> жазар,  
Жалтақтап жан-жағына қылар назар.  
Руза мен намазға махкам адам  
Барғанда ақыретке сонда озар.

Ұялып күналі<sup>38</sup> ісін банда<sup>26</sup> жазар:  
– Болды! – деп, Зұманға айтар қабар<sup>50</sup>.  
Зұман айтар Мүһір<sup>51</sup> бас, ей<sup>52</sup>, адамзад<sup>53</sup>,  
Соңрағы<sup>54</sup> күн танбасқа белгі болар!

– Басарға енді менің мөһірім<sup>55</sup> жоқ,  
Дүниеден ақретке<sup>56</sup> келдім өлін.  
Зұман айтар: – Тырнақ бас бұл қағазға,  
Тырнақ бассаң, түседі муһір<sup>57</sup> болып.

Тырнағын сол қағазға басар адам,  
Жігітлер<sup>58</sup>, тағат қылмай, болма надан!  
Жүзік мөрден әдемі болып түсер,  
Жазылып пәлен ұлы<sup>59</sup> пәлен адам.

Жазып болып мөр басар ойлап-ойлап<sup>60</sup>,  
Не қылған сауап ісін, – бәрін сөйлеп.  
Қиамат<sup>61</sup> – қайым болғанда, бірге барар,  
Сол қағазын мойнына кетер байлап.

Мұнан соң келеді екен Мүңкір, Наңкір<sup>21</sup>,  
Банда<sup>26</sup> болсаң, осыны қылғыл пікір.  
Сұрайды Алла бірлан пайғамбарды,  
Шын ерлер осыны ойлап, жабдығын жер.

Мұны ойласаң, қоярсың күлгенінді<sup>62</sup>,  
Білмейсің ғапіллікпен<sup>63</sup> жүргенінді.  
Жігітдер<sup>64</sup>, өлмей тұрып, қылғыл тауба<sup>65</sup>,  
Осындай халлар<sup>66</sup> бар дүр өлгенінде<sup>67</sup>.

Бандаға<sup>68</sup> жетіп келер бас тараптан,  
Ойласаң сол күндерді, ерте сақтан!  
Алдынан намаздары қарсы шығып:  
Деп айтар: – Келдіңіз, – деп, – не сабаптан<sup>69</sup>?

Білсеніз: сұраушымыз – Мүңкір, Наңкір<sup>21</sup>,  
Бар Хұдай<sup>70</sup>: «Жауап сор<sup>71</sup>!» – деп, қылған амір<sup>72</sup>.  
Намазы сонда айтады періштеге,  
– Орын жоқ сен сұрауға мұнда хазір<sup>73</sup>!

Мұнан соң екі Мәлік кірген көрге,  
Я<sup>74</sup>, Раббым, бергіз жауап мүгмінлерге<sup>75</sup>.  
Бірі – Мүңкір, бірінің аты – Наңкір<sup>21</sup>,  
Айтып тілім келмейді пәлен дерге.

Көзі көк періштенің, түсі қара,  
Аузынан отты жалын шығар жана<sup>76</sup>.  
Ғасыдан бұл сипатпен жауап сұрар,  
Бандаңні<sup>77</sup> мұңлы<sup>78</sup> қылма Хақ-тағала!

Көздері яшындай<sup>79</sup> боп жалтыраған,  
Дауысы күн секілді күркіреген<sup>80</sup>.  
Жер тіреп екі ернімен келген шақта,  
Күнәкар жауап таппай қалтыраған.

Өткізген<sup>81</sup> күндіз, кешін намаз оқып,  
Бұйрығын шариғатдың<sup>82</sup> ішке<sup>83</sup> тоқып.  
Парызын ада қылған мойнындағы,  
Қабірдің сауалынан қатды<sup>84</sup> қорқып.

Намазы жол бермейді сол заманда,  
Намазды қаза қылма, ая<sup>85</sup>, банда!  
Мұнан шығып аяққа келеді<sup>86</sup> екен,  
Періште: Мүңкір, Наңкір<sup>21</sup> тұрып анда.

Аяқ айтар: – Көп жүрдім ғылым іздеп,  
Масжітке<sup>87</sup> жаяу бардым сауап көздеп.  
Бес уақыт<sup>88</sup> жамағатдан<sup>89</sup> қалған жоқпын,  
Ішінде көп отырдым зікір сөйлеп.

Жол бермес сөзді айтып сонда аяқ<sup>90</sup>,  
Оң қолга мұнан шығып, барғай тағы.  
Оң жақтан садақасы қарсы тұрып,  
Келтірмес періштені сол баяғы.

Көп бергіл садаканы, ая<sup>85</sup>, банда<sup>26</sup>,  
Өлшеп берген садақа бар дүр сенде<sup>91</sup>.  
Аз нәрсеге сараңдық қыламын деп,  
Періштеге ұятлы<sup>92</sup> болма анда.

Жол бермес періштеге садақасы,  
Хақын жеп ғаріптардың<sup>93</sup> болма ғасы.  
Сол қолға мұнан шығып келген шақта,  
Алдынан қарсы келер рузасы<sup>94</sup>:

– Мен енді жол беремін, саған не деп?  
Дүниеде<sup>95</sup> ыстық күнде жүрдім шөлдеп.  
Қабірдің ғазабы үшін руза болдым,  
Қарным аш, өнім қашып, қатды<sup>96</sup> жүдеп.

Көп тұтқыл рузаны<sup>97</sup> болма<sup>98</sup> ғапіл,  
Бұл жұмыс басыңызға келген<sup>99</sup> ақыр.  
Намаз, руза қабірда<sup>100</sup> қорған екен,  
Ғамалдан ғапіл жүріп, болма пақыр.

Бандасі<sup>101</sup> бұл дауыспен көзін ашар,  
Періште сұрай алмай тұрып<sup>102</sup> нашар.  
– Сіздер кім, не сабапден<sup>103</sup> келдіңіз деп  
Банда<sup>26</sup> өзі періштемен жауаптасар.

– Білсеңіз: періштеміз: Мүңкір, Наңкір<sup>21</sup>,  
Бар Хұдай<sup>70</sup>: «Сауал ал!» – деп, қылған амір<sup>72</sup>.  
Рұқсат болса, аламыз сізден сауал,  
Болмаса кетеміз<sup>104</sup>! – деген ақыр.

– Періште, келген болсаң, амір<sup>72</sup> бірлан,  
Үматпін Мұхамматке, Хаққа – бандамін<sup>105</sup>.  
Мазһабым имам Ағзам езгу<sup>106</sup> міллат<sup>107</sup>,  
Білсеңіз хақ дін болар дінім – ислам<sup>108</sup>.

Сол банда<sup>26</sup>: «Ашһаді!» – деп, берген куалык<sup>109</sup>,  
Иманның жайын айтар сонда барлық.  
– Осы ғой келген жұмысың періштелірі<sup>110</sup>,  
Бар ма ақың енді сенің менде аларлық?!

Ғайыптан сол<sup>111</sup> уақта нада келген:  
– Сүйікті<sup>112</sup>, ірас<sup>113</sup> айтар, бандам<sup>114</sup>! – деген.  
Жаннаттан қабір ішіне<sup>115</sup> есік ашылып,  
Сонан соң қабір іші нұрға толған<sup>116</sup>.

Қабірі кеңіп кетер боп көз көрім,  
Үстіне сәлле<sup>117</sup> киген неше порім<sup>118</sup>.  
Астында сәрир<sup>119</sup> атлас төсегі бар,  
Ұжмактан<sup>120</sup> жатып көрген сонда орнын.

Бір жігіт оң жағынан болған пайда,  
Киімі оның<sup>121</sup>, түсі сондай майда.  
Сөзі бар бек лазатлы<sup>122</sup>, хош иіслі,  
Банда<sup>26</sup> тұрып: – Барасыз, – деген, – қайда?

Келдіңіз не сәбептен қасымызға?<sup>123</sup>  
Дүниеде сіздей жігіт<sup>124</sup> көрмедім мен.  
Ол жігіт көк тараптан<sup>125</sup> жауап берген<sup>126</sup>:  
– Дүниеде езғу<sup>127</sup> ғамал сенің қылған!<sup>128</sup>

Мен келдім куантуға, сүйіншіге,  
Тұрамын енді кетпей сіздің бірлен<sup>129</sup>.  
Қалмасын көңліңізде<sup>130</sup> еш қайғы ғам!  
– Деп бірге<sup>131</sup> болғай сонда көрде.

Жатады жаңа үйленген жігітдей<sup>132</sup> боп,  
Көңілінде ішбір<sup>133</sup> қайғы ғам қалмағай әм<sup>134</sup>.  
Бір өзің рахым<sup>135</sup> айла<sup>136</sup>, пазлың<sup>137</sup> бірлан,  
Жарылқа мұсылманды<sup>138</sup> Хұдауандам<sup>139 150</sup>.

Қабірі ол банданің<sup>140</sup> толған нұрға,  
Хұдайым<sup>141</sup> рахым қылып ошал<sup>142</sup> құлға.  
Болғанын қиаметдің<sup>143</sup> білмей қалып,  
Ұйқысы қанбағандай тұрар зорға.

Бізні<sup>144</sup> қыл-үшбу құллар жұмласындан<sup>146</sup>,  
Жұмақтың орын бергіл күбрасінден<sup>146</sup>.  
Хақында пайғамбардың<sup>147</sup> ғапу<sup>148</sup> айлап,  
Тұрғызғыл жақсылардың қатарынан<sup>149</sup>.

### **Қырық бірінші. Пайғамбардан хадис, өлгенде жанның тәнге барғаны<sup>1</sup>**

Кітапдан<sup>50</sup> зікір қылған ғұламалар,  
Қабіріна<sup>2</sup> барады екен өлген жандар.  
Үшбу сөзім – пайғамбарым хадисі дүр,  
Бұл сөзді салып құлақ<sup>3</sup> аңғарындар.

Әрқашан тәніңізден<sup>4</sup> шыкса жаның,  
Хұдайға<sup>5</sup> үш күннен соң айтар халін:  
– Хұдая<sup>6</sup>, рұқсат бар ма баруыма,  
Қабірда көрсем екен барып тәнім.

Бар Хұдай<sup>7</sup> баруына берген рұқсат,  
Сол заман қабіріна<sup>8</sup> барған аруақ.  
Алыстан көз жіберсе денесіне,  
Таралған бір-бірінен барша сүйек.

Көр болған екі көзі шамшырақтай,  
Айырылған тілден жағы екі жаққай<sup>51</sup>!  
Саудырап басқа-басқа болып жатыр,  
Тізілген отыз тісі меруерітдей<sup>9</sup>!

Үсіген алмадай боп екі беті,  
Жидіген баста шашы, сақал-мұрты.  
Қол-аяқ жел құлатқан ағаштай боп,  
Суалып торсықтайын<sup>10</sup> екі ұрты.

Қараса танауынан<sup>11</sup> сар<sup>12</sup> су аққан,  
Аузынан ағып жатыр қып-қызыл кан.  
Жан байқұс<sup>13</sup> бұл<sup>14</sup> сияқты<sup>15</sup> көргенен соң,  
Көп жылап, периат<sup>16</sup> қылар ұзақ заман.

– Халің қарап болыпты міскін танім,  
Бұзылып кеткен екен адам сәнің!  
Тіршілік, нұр сипатлы<sup>17</sup> сәнің қайда?!  
Шошиды түрің көрін – ғазиз жаның.

Қараңғы қабір болған сенің орның,  
Сасыған өлексесің – мына пормың<sup>18</sup>.  
Қайғыда<sup>19</sup>, тар қабірде жатып қапсың,  
Дариға, амал нешік, өткен күннің<sup>20</sup>!

Жатырсың тар қабірда<sup>21</sup> болып бекем,  
Көрмегім менің келіп бекер екен.  
Жатырсың бұл міхнатдан<sup>22</sup> не ғып шыдап?!  
Қадалса шыдамаушы ең, жалғыз тікен!

Түңілін кетеді екен осыны айтып,  
Шыдайсың<sup>23</sup> бұл қорлыққа енді қайтып?  
Болғанда бесінші күн рұқсат алып,  
Тағы да шыдамастан келер қайтып.

Қараса тағы келіп денесіне,  
Қарауға<sup>24</sup> шыдар емес бейнесіне.  
Аһ ұрып, зар-зар жылап сол уақытта<sup>25</sup>,  
Өкініп: – Келдім, – дейді, – мен несіне?!

Қан аққан аузы-мұрны, құлағынан,  
Жыбырлап құрт жеп жатыр бір жағынан.  
Түңілін сонда жаны шошып кетер:  
– Бандасін<sup>26</sup> айырмасын иманынан!

Жүруші ең, қайран тәнім, күл-күл<sup>27</sup> жайнап,  
Ұмытып бұл халінді күліп-ойнап.  
Мен кеткен соң болыпты халің харап,  
Құрытдарға<sup>28</sup> жем болыпсың<sup>29</sup> сорың қайнап.

Сонда жан бұл сөзді айтып, қашып кетер,  
Түбіне барша жанның өлім жетер.  
Болғанда жетінші күн: «Бір барсам!» – деп  
Хұдайға<sup>5</sup> ғарыз халін мағлұм етер.

Жан сонда келеді<sup>30</sup> екен рұқсат алып,  
Денесін сол қабірда<sup>21</sup> көрген барып.  
Шыдамай сол алыстан нұсқасына<sup>31</sup>,  
Бұл сөзді айтады екен сонда налып:

– Қайран тән, болып түстің мұндай жайға<sup>32</sup>,  
Денене құрыт-құмырсқа<sup>33</sup> болған пайда.  
Бір битдің<sup>34</sup> шаққанына шыдамаушы ең,  
Қыласың енді нешік бұған хайла!

Қараңғы тар қабірде көрдің міхнат<sup>35</sup>,  
Дүниеде жолдас едің қанша сағат?!  
Ісіне бір Хұдайдың<sup>36</sup> амал бар ма,  
Хасратке<sup>37</sup> салдың мені неше қабат?!

Жан сонда денесінен үзген үміт,  
Жиылып, жеп жатқан соң қабірда<sup>21</sup> құрыт.  
Қатын-бала, ағайын көңіліңнен<sup>38</sup>  
Өлген соң ғарып<sup>39</sup> басың болар ұмыт.

Көршіңіз, жолдасыңыз, құрдасыңыз,  
Бірге өскен көрмес сізді достасыңыз.  
Қылмаса ғапу, рахым<sup>40</sup> бандасіне<sup>41</sup>,  
Қабірда<sup>21</sup> не көрмейді бір басыңыз?!

Түңіліп, қош айтысып сонда жаны,  
Сезеді бұл айытқанды<sup>42</sup> жатқан тәні.  
Мұнан соң қайтіп енді бармайды екен,  
Хұдайдың<sup>36</sup> болмаған соң іш<sup>43</sup> пармані<sup>44</sup>.

Мұнан соң бармайды екен денесіне,  
Шара жоқ Алла ісіне көнбесіңе!  
Иманын әр банданің<sup>45</sup> жолдас қылсын<sup>46</sup>,  
Туған соң, амалың жоқ көрмесіңе!

Қабірдің барі<sup>47</sup> – қайғы, барі<sup>47</sup> – қасірет,  
Бір Хұдай<sup>7</sup> бандасіне<sup>41</sup> қылсын рахмат!  
Алланың бұйырғанын<sup>48</sup> ада қылсаң,  
Іншалла, ғазабынан басың азад<sup>49</sup>!

### Қырық екінші.

#### Әбуһарирадан жан бірлан өлімнен рауаят дүр<sup>1</sup>

Айтылған бір рауаят Абуһарирадан<sup>2</sup>,  
Аркашан<sup>3</sup> банда<sup>4</sup> өтсе бұ дүниеден.  
Үйінің айналасын төңеректеп<sup>5</sup>,  
Бір айдай жүреді екен бұл ғазиз жан.

Қалайша қатын-бала болар халі,  
Қалайша тахсым<sup>6</sup> қылар қалған малды?!  
Боршымды<sup>7</sup> мойнымдағы кімдер өтер,  
Туысқан ашыр ме<sup>8</sup> екен маған жаны?!

Мұнан соң ошал<sup>9</sup> жанды періштелер,  
Қабіріна<sup>10</sup> бір айдан соң алып барар.  
Садака бер, құран оқыт өлігіне<sup>11</sup>  
Жетім-жесір малына қылма зарар.

Мұнан<sup>12</sup> соң қабірінің айналасын,  
Күзетер бір жылғаша аның<sup>13</sup> басын:  
«Кім дұға қылар екен мен байқұсқа<sup>14</sup>,  
Жар<sup>15</sup> достан, бола ма, – деп, – жарылқасын?!»

Арқашан<sup>3</sup> болса оған тамам<sup>16</sup> бір жыл,  
Сорына барып кірер Ісрапілдің<sup>17</sup>.  
Қиама<sup>18</sup>т қайымғаша сонда тұрар,  
Келмейді енді қайтып, осыны біл!

Сөйлеген ібін Ғаббас тағы бір соз<sup>19</sup>:  
– Байлаулы сөз айтылмас, барі<sup>20</sup> талас.  
Қыдырып жұмға ғайыт<sup>21</sup> күнлерінде<sup>22</sup>,  
Үйіне аруах<sup>23</sup> келер аииуһаннас<sup>24</sup>.

Қылады әрқайсыңнан дұға үміт,  
Ескерсең<sup>25</sup> өлігіне құран оқыт.  
Дұғаменен шадланар бек қуанып<sup>26</sup>,  
Ойламасаң, кетеді қатды ренжіп<sup>27</sup>,

Жоктасаң дұғаменен бірер сағат,  
Өзіңе айтады<sup>28</sup> екен көп рахмат<sup>29</sup>.  
Мақтанып қасындағы аруакқа,  
Қабіріна<sup>10</sup> қайтады екен булубан<sup>30</sup> шат.

Жоктамасаң, кетеді<sup>31</sup> қайтып келмей,  
Деп айтар<sup>32</sup>: – Адам едік біз де сендей!  
Сізді де балаларың<sup>33</sup> жоқтамасын,  
Дүниеде тұра алмассың бір күн өлмей!

Бұл халлар<sup>34</sup> келер бір күн басыңызға,  
Бар дүние<sup>35</sup> еріп бармас қасыңызға.  
Сіз-дағы боласыз ғой біздей мұқтаж,  
Өлім сіздің қарамас жасыңызға!

Тағы да бір рауаятта <sup>36</sup>періштелер:  
«Ол жанны<sup>37</sup> дүние көгіне алып барар.  
Құранменен жоқтаушы бола ма?» – деп,  
Үйінің тіресінде тоқта тұрлар<sup>38</sup>.

Сол уақта<sup>39</sup> оқысан сен Құранны<sup>52</sup>,  
Сауабымен нұрланар өлік жаны.  
Алып келген<sup>40</sup> періште рахмат оқыр,  
Сен-дағы өлесің ғой, ойла, ані<sup>41</sup>!

Мейрамның келер дейді күнлерінде<sup>42</sup>,  
Аруахлар<sup>43</sup> арқайсысы<sup>44</sup> үйлеріне.  
Қатын мен баласына жылап айтар:  
– Мені сіз<sup>45</sup> алмадың, – деп, – ойларыңа!

Қараңғы тар қабірда<sup>46</sup> біздер қалдық,  
Құрытлар<sup>47</sup> жеп танімізді<sup>48</sup> көрдік зарлық<sup>49</sup>.  
Жақсы амал істеуден махрум<sup>50</sup> қалып,  
Ғапіл боп біз дүниаға<sup>51</sup> көп алдандық.

## **Қырық үшінші. Өлім жаны туралы хикая<sup>1</sup>**

Жаратқан тағат үшін мақлұқатын<sup>2</sup>,  
«Білсін-деп, – бір өзінің пак, – деп, – затын!»  
«Кулли нафс заиқатіл маут» – Құран сузі<sup>3</sup>,  
Өлімнің баяндайын мен сипатын.

Рауаят қалды бізге пайғамбардан,  
Өлімнен әр кез қалмас жаралған жан.  
Пайғамбар айытқан<sup>4</sup> екен асхабына,  
Өлімнің бар сипатын қылып баян:

Өлімді үлкен<sup>5</sup> қылып Хақ жаратқан,  
Үлкен дүр жер менен көк жеті қатдан<sup>6</sup>.  
Жетбіс<sup>7</sup> мың арқанменен<sup>8</sup> байлап қойып,  
Жасырды мың пердемен мақұлықатдан<sup>9</sup>.

Ұзыны әр арқанның – мың жылдық жол,  
Іш<sup>10</sup> нарсе<sup>11</sup> жаралмаған өлімнен зор.  
Атамыз хазреті<sup>12</sup> адам жаралғанша  
Періштелер аны<sup>13</sup> танып, білмеген сол

Бұйырды Ғазрайілді<sup>14</sup> жан алмаққа,  
Ерікті болды сондай мақлұқатқа<sup>15</sup>.  
Өлім асшысын<sup>16</sup> баршаға татырғыл! – деп,  
Құдайым бұйырыпты сол уақытта<sup>17</sup>.

– Я<sup>18</sup>, Раббы, не нарсе<sup>19</sup> дүр өлім деген?!  
Бізге ондай бір нарседе<sup>20</sup> білінбеген!  
Көрсетді<sup>21</sup> Алла тағала пердені ашып,  
Мақлұққа<sup>22</sup> одан бұрын көрінбеген.

Ғазрайіл<sup>23</sup> жақын барған пердесіне,  
Курсеткен<sup>24</sup> періштенің баршасына.  
Өлімді таныпты сол арада,  
Барша жан көзің жеткіз – қалмасыңа!

– Үстінен періштенің Қадір маулан,  
Ұшқыл! – деп, сунда өлімге қылған парман<sup>25</sup>.  
Мың жылдай қанат қағып ұшып еді,  
Періштелер мұны көріп қылған қайран.

Періштелер оны көрiп талып түсті,  
Өлімді көргенен соң, заресі<sup>26</sup> ұшты.  
Саждеке баршалары басын қойып,  
Қорыққаннан ғарыш ағланы барып құшты.

Сұрады періштелер есін жиып:  
– Я<sup>18</sup>, Раббы, өлім тұрған қайда сыйып?!  
Іш<sup>10</sup> мақлұқ<sup>27</sup> мұнан үлкен жаратдың<sup>28</sup> ба,  
Баян қыл: көзіміздің жасын иіп.

Құдайым періштелерге қылған баян:  
– Жаралған мақлұқатым<sup>29</sup> – өзіме аян.  
Өлімнен зор нарсені жаратпадым,  
Жаратқан мақұлықат жоқ мұнан үлкен<sup>30</sup>.

– Ұста! – деп, Ғазрайілге<sup>31</sup> қылған парман,  
– Өлімнен құтылмайсың, жаралған жан.  
– Ұстаймын қалай қылып мен өлімді<sup>32</sup>?  
Ғазрайіл<sup>23</sup> бір Аллаға қылған паған<sup>33</sup>.

Тұтамын бұл өлімді қай күшіммен,  
Өлімнен зор нарсені көрмедім мен.  
Бар күшті Ғазрайілге беріп еді,  
Токтатды<sup>34</sup> сонда өлімді бір қолымен.

Ғазрайіл ұстаған соң тоқтады<sup>66</sup> өлім,  
– Иә<sup>35</sup>, Раббы, рұқсат етсең<sup>36</sup> сөйлейін мен.  
Бір мартаба<sup>37</sup> көкте тұрып айғайлайын,  
Ешітсін<sup>38</sup> даусымды ініс бен<sup>39</sup> жың.

Ол өлім көкте торып<sup>67</sup> қылған нада:  
– Тапсырған жан иесін<sup>40</sup> маған Хұда<sup>41</sup>.  
Мен дүрмін: бірден бірді айырғушы<sup>42</sup>  
Атаны баласынан қылам жуда.

Мен – өлім: айырамын досты дастан,  
Айырам ер, қатынды құдай қосқан!  
Жаным ашып, жалғызды аяуым жоқ,  
Айырам бауырласты бір туыскан.

Тағы да айырам қыздарды анасынан<sup>43</sup>,  
Дәм таусылмаса<sup>44</sup> айырылмас қол жағадан.  
Қандай батыр болса да, мойнын үзем,  
Мені ойласаң, кетірме тілді<sup>45</sup> тәубеден.<sup>68</sup>

Құтылып еш<sup>46</sup> мақлұқ<sup>27</sup> менен қалмас,  
Қылышым<sup>47</sup>: бас алатын өткір алмас!  
Малыңнан – ғарып<sup>48</sup>, пақыр хақын шығар,  
Ол малың өзің бірлан<sup>49</sup> бірге бармас!

Үйіңмен<sup>50</sup> мен бұзамын сарайыңды,  
Ойын-күлкі, бұзамын, шырайыңды.  
Сен қашшаң<sup>51</sup> да артыңнан мен қалмаймын,  
Мені ойласаң, жадына ал Хұдайыңды<sup>52</sup>!

Бай болсаң, тіршілікте садақа бер,  
Жылаған пақыр, мускін<sup>53</sup> көз жасын көр!  
Руза мен намазыңды қаза қылма<sup>54</sup>,  
Ішкімге<sup>55</sup> залалыңды<sup>56</sup> тигізбей жүр!

Өтрік<sup>57</sup>, өсек, ұрлықтан жүргіл таза,  
Ғайбат айтып біреуді қылма наза!  
Залым болып жімегіл<sup>58</sup> кісі хақысын<sup>59</sup>,  
Жабысар жағаңызға яуміл жаза.

Құтылып ішбір<sup>61</sup> мақлұқ<sup>27</sup> кетбес<sup>62</sup> аман,  
Мен тұтсам, сонда түсер ақыр заман!  
– Дөп, Өлім көкте тұрып, қылған периад<sup>63</sup>:  
Менен ғапіл қалмағыл жаралған жан<sup>64</sup>!

Өлім – хақ: туғаннан соң барша жанға,  
Өлімнен қорқып, Хаққа болғыл банда<sup>65</sup>.  
Басыңа келген күні өкінерсің,  
Мейлің нан бұл сөзіме, мейлің нанба.

## Қырық төртінші. Өлер халда дүниенің сөйлегені бандаға<sup>1</sup>

Бандаға<sup>2</sup> уақты<sup>3</sup> жеткен өлім келер,  
Келгенін өлімнің сол банда<sup>4</sup> көрер:  
– Сен кімсің, не тілейсің? – десе сонда<sup>5</sup>,  
Сонда өлім: – Мен өлім! – деп, жауап берер.

Өлімнің сипатынан жаман қорқар,  
Айналып теріс карап банда<sup>4</sup> кетер.  
Тағы да қарсы алдына жетіп келіп:  
– Мені сен танып ал! – деп, жауап айтар.

– Мен – өлім: қатыныңды<sup>6</sup> қыламын тұл,  
Кетемін жетім тастап қызың мен ұл!  
Жаныңды алып, өзіңді көрге салып,  
Басқаға қалдырамын малыңды сол!

Ойласаң қайда кетді<sup>7</sup> ата-анаң?  
Жасында өлмеді ме сәби балаң?!  
Алардың<sup>8</sup> ішбіреуі<sup>9</sup> құтылған жоқ,  
Сен-дағы<sup>10</sup> құтылмайсың, болма алаң!

Қылмаған үшбулерга<sup>11</sup> дүние пайда,  
Сен-дағы барасың ғой маңғу<sup>12</sup> жайға!  
Өзіңе – азық, қабіріңа<sup>13</sup> – нұр болатын,  
Істеген ғамалыңыз<sup>14</sup> бар ма, қайда?

Мұнан соң Ғазрайіл<sup>15</sup> келіп айтар:  
– Дүниеден уактың<sup>16</sup> болды енді қайтар!  
Мисалды<sup>17</sup> бұл дүниеден қандай көрдің,  
Баян ғып, сөзің бар ма, бізге айтар?

Банда<sup>4</sup> айтар: – Дүние екен бір зеңгір<sup>18</sup>,  
Әркімге хайламенен жаятын тор.  
Алдандым ғапіллікбен<sup>19</sup> тағат қылмай,  
Дариға, амал нешік, алдандым ғой<sup>20</sup>!

Есітіп келер дүние үшбу сөзді:  
– Ойламай: «Хайлакер», – деп, айытдың<sup>21</sup> бізді.  
Дүние жидың Хұдайға<sup>22</sup> тағат қылмай,  
«Бізді ізде, – деп айтып ек – қашан сізді?!»

Мал жидың харам шубһа іш жиренбей<sup>23</sup>,  
Көбейтдің<sup>24</sup> қысы-жазы дамыл алмай.  
«Өлем<sup>25</sup>», – деп ойлап бедің<sup>26</sup> сол уақытта<sup>27</sup>,  
Ақысын<sup>28</sup> ауысқанның тағы бермей.

«Айырылам, – деп, – ойлап бең<sup>29</sup> сонда менен?»  
Жолдас болдың мені сүйіп бар ынтаңмен<sup>30</sup>.  
Күна<sup>31</sup> қылдың Құдайдан, сіра<sup>32</sup>, қорықбай<sup>33</sup>,  
Алдадың хайлекерсіп бізді саған<sup>34</sup>.

Итденіп<sup>35</sup> түк шығармай жиған малың,  
Басқаның пайдасында қалды сенің<sup>36</sup>.  
«Қайдан тапсаң, онан тап!» – оған халал<sup>37</sup>,  
Қиаметде<sup>38</sup> тартасың<sup>39</sup> сен обалын.

Малы айтар: – Разы емеспін саған мен де,  
Сарып етпедің жақсы жолға, ая, банда<sup>40</sup>!  
Жиып ең: пақыр, міскін хақын бермей,  
Сен менен айырылдың ошал<sup>41</sup> дамда<sup>42</sup>!

Есітіп бұл сөздерді банда<sup>4</sup> ғарып<sup>43</sup>  
Құдайдан тілек тілер сонда налып:  
– Өзіне жақсы<sup>44</sup> ғамал қылар едім,  
Қыларға<sup>45</sup>, рұқсат берсең, енді барып.

Алла айтар ол бандаға<sup>2</sup>: – Ая<sup>46</sup>, муғмін<sup>47</sup>,  
Қылуға рұқсат жоқ саған бүкүн<sup>48</sup>!  
Құранда айытқам<sup>49</sup> жоқ па баршанызға:  
«Ла ястах руна сағата уа ла ястақадимун<sup>50</sup>».

Ғазрайіл<sup>15</sup> жанын алар сол сағатда,  
Сүйікті<sup>51</sup> банда<sup>4</sup> болсаң, рахматында<sup>52</sup>.  
Ағлы ғалінге алып барғай<sup>53</sup>,  
Тұрғайлар жаны аның рахатда<sup>54</sup>.

Агарда<sup>55</sup> ғасы болса ол күнаһкар<sup>56</sup>  
Орынға «Сіжин<sup>57</sup>» деген алып барар.  
Қиамат<sup>58</sup> қайымғаша тұтқында боп,  
Көрсеткен ғасы жанға қатды<sup>59</sup> зарар.

Сіжинда<sup>60</sup> ғазап көрген аның<sup>61</sup> жаны,  
Хұдая, күнакардан қылма мені<sup>62</sup>.

## Қырық бесінші. Әуелде жаралған өлімнің сипатлары<sup>1</sup>

Мен өлімнен айтайын жана<sup>2</sup> бір сөз,  
Денесінде көп еді қол менен көз<sup>3</sup>.  
Дүниедегі жаралған жан санынша,  
Болу<sup>4</sup> керек бас сайын жана<sup>2</sup> бір жүз.

Дүниеде бір бандаға<sup>5</sup> жетсе ажал,  
Сөзімен сол Ғазрайіл<sup>6</sup> оған барар.

Денесіндегі көзімен сол қадалып,  
Бір сол қолымен банданың жанын алар<sup>7</sup>.

Түбіне барша жанның өлім жетер,  
Өлген<sup>8</sup> жан мен қол, қоз ере<sup>9</sup> кетер.  
Барған сайын бұл өлім кішірейін,  
Денесінен<sup>10</sup> өлімнің сонда бітер.

Ол<sup>11</sup> өлім кішірейер бара-бара,  
Денесінен кеткен соң бар<sup>12</sup> жара.  
Ақырында қалды қошқардай боп,  
Құдіретіне Хұданың<sup>13</sup> кара, сана.

Қор<sup>14</sup> қызы мұсылманға<sup>15</sup> болар құштар,  
Жаһаннам ғасыларды ғазапқа ұстар<sup>16</sup>.  
Мүкбін<sup>17</sup> – кәфір<sup>18</sup>: екі орынға кіргенен соң,  
Сол күнде буғазланар өлім-қошқар.

Мұнан соң ішкімге<sup>19</sup> де болмас өлім<sup>20</sup>,  
Мінапік<sup>21</sup> көздеп жатар ғазап орнын.  
Мукмінлер маңғу рахат жаитда боп<sup>22</sup>,  
Осындай аралары болған бөлім.

Бөлінсе сол күнлерде мукбін, капір<sup>23</sup>,  
Хұдая<sup>24</sup>, ұжмағына қылғыл дақыл.  
Өзіңнің рахматың кез қылмаса<sup>25</sup>,  
Жұтаған жақсылықтан біз – бір пақыр!

### **Қырық алтыншы.**

#### **Төріт Мұқараб періштенің сипаты баяны<sup>1</sup>**

Жаратқан төріт<sup>2</sup> мұқараб періштені,  
Муаккіл әр нарсеге қойған, ані<sup>3</sup>!

Жебрайіл<sup>4</sup> арасына елші болып,  
Енгізген пайғамбарларға уахиларны<sup>5</sup>.

Бұйырды Ісрапілге<sup>6</sup>: – Сор үргіл! – деп,  
– Жанбырды, ей, Мекайыл сен бергіл! – деп.  
Бұйырды Ғазрайілді<sup>7</sup> жан алмаққа:  
– Жандарын барша жанның суырғыл<sup>8</sup>! –деп.

Сипаты Ғазрайілдің<sup>9</sup> Ісрапілге<sup>6</sup> ұқшаш<sup>10</sup>,  
Шыдамас найбатына тау менен<sup>11</sup> тас.  
Хисабсыз көзі, тілі, қанаты бар<sup>12</sup>,  
Жан алуға төріт<sup>2</sup> жүзі болыпты қас<sup>13</sup>.

Бір жүзі Ғазрайілдің<sup>9</sup> ең басында,  
Бір жүзі қанатының дәл астында.  
Бір жүзі – алдындағы жүзі ерұр<sup>14</sup>,  
Жана да<sup>15</sup> бір жүзі бар арқасында.

Басындағы жүзіне болса парман<sup>16</sup>,  
Періштелер, набилер<sup>17</sup> береді жан.  
Алдындағы жүзімен алар дейді,  
Жанларын<sup>18</sup> дүниедегі дін мұсылман.

Сыртындағы жүзімен – жөһут<sup>19</sup> жанын,  
Алады екен сол қоймай баршаларын.  
Астындағы жүзімен<sup>20</sup> амір<sup>21</sup> болса,  
Жын, шайтанның тоғеді сонда қанын.

Орны Ғазрайілдің<sup>9</sup> – төртінші қат,  
Бар екен ошал<sup>22</sup> көкте бір кірауат<sup>23</sup>.  
Жеті жүз кірауатдің<sup>24</sup> аяғы бар,  
Көкке қарап тұрады неше қабат<sup>25</sup>.

Осы күн Ғаршы астында бір ағаш бар<sup>26</sup>,  
Жаратқан сондай<sup>27</sup> биік<sup>28</sup> Қадір Жаббар!

Санынша адамзаттың сол ағашта,  
Бұтағында бар<sup>29</sup> дейді жапрақтар<sup>30</sup>.

Әр жапырақта аты бар бір адамның,  
Сол жапырақ<sup>31</sup> түседі, бітсе дамиң<sup>32</sup>.  
Алдына Ғазрайілдің<sup>9</sup> келіп түсер,  
Сонан біліп алады аның<sup>33</sup> жанын.

Бүтін ғалам алдында дастарқандай,  
Табактан дам<sup>34</sup> жегендей алар жанды<sup>35</sup>.  
Дүниені соның үстіне қойса ағар<sup>36</sup>,  
Жерлерге бір тамшы су қалар тамбай.

Жігітлер<sup>37</sup>, Ғазрайіл<sup>38</sup> осынша зор,  
Зор қылған Раббым Хақ күдіреті мол.  
Қолына бұл дүниені тұтса ағар<sup>39</sup>,  
Бір күміс теңгедейін айналдырар.

Бір аяғы жаннатде<sup>40</sup> болған аның<sup>33</sup>,  
Бір аяғы копрінде<sup>41</sup> жаһаннамның.  
Бір қолымен көкті ұстар, бір қолмен жер<sup>42</sup>  
Барша жан иесі<sup>43</sup> өзіне болған малім<sup>44</sup>.

Жан-жануар бас сайын көмегі бар,  
Қызметінде баршасы болған даяр.  
Пайғамбардан басқаға көріпбейді,  
«Қорқар!» – деп, Күдірет Алла бандані<sup>45</sup> аяр.

«Бар, – дейді, – Ғазрайілдің<sup>9</sup> қалипасы<sup>46</sup>».  
Өзі алар уақыт жетсе, әр бандані<sup>47</sup>.  
Қалифа<sup>48</sup> жанын алар мақлұқатдың<sup>49</sup>,  
Адамнан қимылдар<sup>50</sup> жан иесі.

Бір күні келсе маған Ғазрайіл<sup>38</sup>:  
«Барғыл!» – деп, амір<sup>21</sup> қылсаң, <sup>51</sup>Жаббар Жалил<sup>52</sup>!

## Қырық жетінші. Адамның рухы баянында<sup>1</sup>

Сұралған бұрынғы өткен имамдардан<sup>2</sup>:  
«Өлген соң, қайда кетер бұл ғазиз жан?»  
Тағриплап сұраушыға айытқан барін<sup>3</sup>,  
Бір-бірлеп орні-орнімен қылған баян<sup>4</sup>.

Сипаты – жан дегеннің – бір шаріф<sup>5</sup> нұр,  
Нұр қылған Раббым хақ құдіреті зор.  
Келмейді ұқшатуға<sup>6</sup> еш нарсені<sup>7</sup>,  
Білем десең, Құранның тапсірін<sup>8</sup> кор.

Шыбын жаның тәніңде қылған мекен,  
Белгілі уақытқаша тұрар екен.  
«Рух – жан», «рауан – жан», – деп әркім айтар,  
Екі жан бір кісіде бола ма екен?

Рухмен<sup>9</sup> бірдей айтар рауанды,  
«Рухымыз», «рауанымыз» – барі<sup>10</sup> – жан-ды.  
Рауан – ай мен күннің сәулесіндей,  
Рух – жан: қаблап алған бар денеңді<sup>11</sup>.

Рауан – жан денедегі қол секілді<sup>12</sup>,  
Адамзат ұйықтағанда барып<sup>13</sup>, келер.  
Құлдай<sup>14</sup> боп денедегі жүріп тұрар,  
Рух – жан қозғалмайды тәніңнен сол.

Рауан – ғаршы барып, көрер түсті,  
Сол біліп жақсы-жаман әрбір істі.  
Рауанның көргенін тәнің сезер<sup>15</sup>,  
Көрсеткен әрбір істі падша Хұдай<sup>16</sup>.

Қарасаң, суды құйып, бір ыдысқа<sup>17</sup>,  
Сол суға күн сәулесі түсер<sup>18</sup> тыстан.

Түскен күннің сәулесі, біл, жарқырап,  
Үй ішінен көрінер төбең түскен<sup>19</sup>.

Қозғалар түскен сәуле сол табақта,  
Ол табақ қозғалмайды еш уақытта<sup>20</sup>.  
Рух – жаның денеңнен қозғалмайды,  
Рауан – жан судай тасыр ар уақытта<sup>21</sup>.

Мысалы рауанның – түскен күндей,  
Сол шығар, ұйықтағанда, еш білінбей.  
Асыл жаның кеудеңде болғаннан соң,  
Тез қайтар оянғанда, сөзге келмей.

Шығады сол ұйықтағанда сол рауан,  
Таніңнен қозғалмайды рухы жан<sup>22</sup>.  
Рухы<sup>23</sup> – жаның таніңнен<sup>24</sup> кеткен шақта,  
Басыңа сонда түсер ақыр заман.

Агар да<sup>25</sup> шығар болса денеңнен рух,  
Еш қалмас рауан да, болдың өлік.  
Тіріліктің<sup>26</sup> асері<sup>27</sup> болмаған соң,  
Апарып сені көмер қалқың<sup>28</sup> келіп.

Таніңнен<sup>24</sup> рух қозғалмас іш уақытта<sup>29</sup>,  
Рауан жүріп, тұрар әр уақытта<sup>30</sup>.  
Рауанның<sup>31</sup> белгілі орыны бар,  
Орны жоқ рауанның бастарапта.

Арасы мекен<sup>32</sup> ерұр<sup>33</sup> екі қастың,  
Мазмұны осы ерұр<sup>34</sup> бұл таластың.  
Ояуда бірге болар рухменен,  
Ұйықтаса барар екен сол ғарғаршының<sup>35</sup>.

Жаралған, ұйқы берген, адамына,  
Жердегі адамзатдың<sup>36</sup> тамамына.

Рауан – жан, ұйықтағанда, бізден кетіп,  
Періштенің барар екен ғаламына.

Періштенің ғаламын айтар: «Малакут<sup>37</sup>» – деп,  
Ұйықтағанда сейіл<sup>38</sup> қылар бізден кетіп.  
Таһаратпен жатқан болсаң сол уақытта<sup>20</sup>,  
Хұдайға тұрады екен сажда қылып<sup>39</sup>.

Жатыңыз таһарат алып, таза болып,  
Өлсең шаһит<sup>40</sup> боласыз, қаза болып.  
Саждадан<sup>41</sup> махрум<sup>42</sup> қалар таһаратсыз жан,  
Малакутде<sup>43</sup> жүреді<sup>45</sup> таза болып.

Рухның<sup>45</sup> – рауан ерұр<sup>33</sup> шұғласы<sup>34</sup>,  
Жоқ екен екеуінің айырмасы.  
Күннің саулесіндей<sup>47</sup> тұрар екен,  
Осы дүр сұраушының<sup>48</sup> маселесі<sup>49</sup>.

Сөйледім – рух, рауаннан білгенімді,  
Дақайқыл ақбардан коргенімді<sup>50</sup>.  
Рух, рауан таниңнен<sup>24</sup> болса жұда,  
Барар жерін айтайын өлгеніңде.

«Үргіл» -деп, Ісрапілге<sup>51</sup> берген сорны<sup>52</sup>,  
Мүйізден жаратылған, өзі нұрлы.  
Ғазап, рахат<sup>53</sup> корсең де, сонда коріп,  
Тұратын мақам етіп, жанның орны.

Ол сордың өзі бүреу, түбі – тармақ,  
Салса ағар<sup>54</sup> Ғазрайіл<sup>55</sup> бір күн қармақ.  
Ғазиз жаның таныңнен жуда болса<sup>56</sup>,  
Амірімен<sup>57</sup> Хұдайдың<sup>58</sup> сонда бармақ.

Ол сордың жан тұратын дарасы бар,  
Бұл сөздің айтылмаған шаласы бар,

Тахқиқын барша сордың<sup>59</sup> Алла білер,  
Тағы да имамдардың<sup>60</sup> таласы бар.

Анбия<sup>61</sup>, мұрсаллардың ам жанлары<sup>62</sup>,  
Жаннаты: ғадан<sup>63</sup> ішре<sup>64</sup> – тұрар барі.  
Жаннатдың<sup>65</sup> бакшасы дүр қабір іші<sup>66</sup>,  
Қабірда<sup>67</sup> оқып тұрар намазлары<sup>68</sup>.

Жанлары<sup>69</sup> шаһидлардың<sup>70</sup> жасыл құс боп,  
Жүреді пердауыста<sup>71</sup> ұшып-қонып.  
Тлесе<sup>72</sup> ғаршы<sup>73</sup> ағлаға барып конар,  
Өзінің тілеуінше қоныс қылып.

Жаннатдың<sup>74</sup> – саби<sup>75</sup> бала – сар<sup>76</sup> шымшығы,  
Нығматдан<sup>77</sup> – халі болмас ам<sup>78</sup> тұмсығы.  
Жұпардан болған тауда жүреді екен,  
Тимесе анасының бір қырсығы.

Айтайын жоһудлардың<sup>79</sup> жас баласын,  
Айналады ұжмақтың<sup>80</sup> айналасын.  
Қиамат<sup>81</sup> қайымғаша<sup>82</sup> кірмек емес,  
Қызметкері сүйікті бандасінің<sup>83</sup>.

Жанлары<sup>69</sup> – дүниедегі залым қулар<sup>84</sup>,  
Кісі ақысын<sup>85</sup> бермеген борышқорлар.  
Қабірінда<sup>86</sup> бұғаулы қалар екен,  
Ұжмаққа<sup>87</sup> да, сорға да, бармас анлар<sup>88</sup>.

Залымлар<sup>89</sup> мазлумдардан<sup>90</sup> болса қалық,  
Қабірінда<sup>86</sup> өлгенде, көрмес тарлық.  
Байлауынан босанар борышқорлар,  
Кісі ақысынан құтылса сонда барлық.

Істеген өмір<sup>91</sup> бойы күна<sup>92</sup> қабір<sup>93</sup>,  
Бір жерде мұсылманға қылған забір<sup>94</sup>.

Жанлары жонуд бенен мінапықтың<sup>95</sup>,  
Хунді<sup>96</sup>, қытай, мажусі<sup>97</sup>, трсенұғның<sup>98</sup>.

Жеті тамұғы<sup>99</sup> түбінде бір үй<sup>100</sup> бар,  
«Сіжін<sup>101</sup>», – деген орында ол тамұғның<sup>102</sup>.

Хұдая<sup>103</sup>, бұл жымладан<sup>104</sup> мені қылма,  
Бұзылды ниетіміз жылдан-жылға.  
Айтеуір<sup>105</sup> мұсылмандық<sup>106</sup> атымыз бар,  
Өзің рахым ете көр біздей құлға!

Осылай имамдардан<sup>107</sup> бар дүр хабар,  
Мен ғаріп<sup>108</sup>: білгенімді қатқа<sup>109</sup> жазар.  
Мұнан да анық<sup>110</sup> сөзді табам десен,  
Бек үлкен кітаптарға назарың сал<sup>111</sup>.

Зорлығы жаныңыздың денеңіздей,  
Қабтаған<sup>112</sup> саулесімен<sup>113</sup> ол бір колдей<sup>114</sup>.  
Жаныңыз бір кішкене нарсе<sup>115</sup> болса,  
Ауырың тұрса керек ішкім білмей<sup>116</sup>.

Ауырса керек ауырап<sup>117</sup> жанның орны,  
Таніңнің ауыруға жоқ қой жөні<sup>118</sup>.  
Сол сабабты<sup>119</sup> айтасың<sup>120</sup>: «Жан үлкен», – деп,  
Қадалса, көтермес ең бір тікенді.

Болса керек – таніңнің<sup>121</sup> барінде<sup>122</sup> жан,  
Ауырса<sup>123</sup> шыдамайсың, кетер мазан.  
Денең ыстық болғанда, жаның да ыстық<sup>124</sup>,  
Баршасын денеңіздің қаблап<sup>125</sup> алған.

Хұдая<sup>103</sup> рахым<sup>126</sup> айла назығ<sup>127</sup> халда<sup>128</sup>,  
Үміткер рахматыңнан әрбір банда<sup>128</sup>.  
Ишарат<sup>129</sup> ұжмақ<sup>130</sup> бірлан шүйінші<sup>131</sup> бергіл,  
Қысылып, жан шығарға тақалғанда.

## Қырық сегізінші. Өлген соң жан тұратын жірі<sup>1</sup>

Таніңнен<sup>2</sup> шығар болса ағар<sup>3</sup> жаның,  
Баратын, мен айтайын, мақамларын.  
Сорына Ісрапілдің<sup>4</sup> барып тұрар,  
Осылай амір<sup>5</sup> қылған перуардігар<sup>6</sup>.

Ол сордың ішінде бар түрлі тесік,  
Әрқайсына қойылған максұс етін<sup>7</sup>.  
Ғазап, рахат<sup>8</sup> көрсе де, сонда тұрар<sup>9</sup>,  
Хұданың<sup>10</sup> рахматынан көріп насіп<sup>11</sup>.

Бағзы айтар: – Жандары мұсылманның<sup>12</sup>,  
Сол барып тұрады екен ғылыиында<sup>13</sup>.  
Қанатлы<sup>14</sup> ғылыиында<sup>13</sup> жасыл құс көп,  
Сол құстың тұрады екен кұрсағында.

Жанлары тұрады екен имансыздың,  
Хұдайым<sup>15</sup> мекен қылған оған – Сіжин<sup>16</sup>.  
Қиамат<sup>17</sup> қайымғаша ғазапта боп,  
Ішінде тұрар дейді қараңғының<sup>18</sup>.

Бағзы айтар: – Иманлы езгу банда<sup>19</sup>,  
Жаның алар сол<sup>20</sup>, – дейді, – Тағзым бірла.  
Мың түрлі хұрмат<sup>21</sup> бірла<sup>23</sup> періштелер,  
Шығарған жетінші қат кокка<sup>23</sup> банда<sup>24</sup>.

Ғазрайіл<sup>25</sup> сол араға<sup>26</sup> алып барса,  
Алдынан нада қылар бір періште.  
– Кітабын ғылинге<sup>27</sup> жазыңыз! – деп,  
Ол жанға береді екен сүйінші де.

– Жақсы<sup>28</sup> боп тұрар, – дейді<sup>29</sup>, – болып еркін,  
Жана да<sup>30</sup> көріп жүрер дүние-мүлкін.

Тәнінен кабірдағы<sup>31</sup> кабар<sup>32</sup> біліп,  
Үйіне келіп жүрер неше дүркін.

Ол сордың ғылинда<sup>33</sup> бір бұтағы,  
Тұрады мекен етіп мүкбін<sup>34</sup> жаны.  
Бір бұтағын<sup>35</sup> айтады: «Сіжинда<sup>36</sup>» – деп,  
Дінсізге орын қылған Таңрім<sup>37</sup>, ані<sup>38</sup>!

Ғылин<sup>39</sup> – кок<sup>40</sup> үстінде жетінші қат,  
Айналасы – құрылған сегіз ұжмақ<sup>41</sup>.  
«Сіжин<sup>42</sup>» – деп, жеті жердің астын айтар,  
Айналасы аның<sup>43</sup> да – жеті дозақ.

Жандары жүда болса мынапықтың<sup>44</sup>,  
Есігі ашылмайды оған коктің<sup>45</sup>.  
«Хұдайым<sup>15</sup> кабіріна<sup>46</sup> қайтарғыл!» – деп  
Қабірі орны болған ол<sup>47</sup> рухдың<sup>48</sup>.

Қабіріна<sup>49</sup> от тұтатқан жаһаннамнан,  
Айырылмас сол уақта<sup>50</sup> жаны таннан<sup>51</sup>.  
Жанымен тәні<sup>52</sup> бірге ғазап көріп,  
Қиама<sup>17</sup>т қайымғаша кеткен абден<sup>53</sup>.

Ол сорны<sup>54</sup> үлкен<sup>55</sup> қылып жаратқан Хақ,  
Үретін<sup>56</sup> аузы – біреу, түбі – бұтақ.

Төріт бұтағ таралған төріт тарапқа<sup>57</sup>,  
Бір бұтағы жер астына кеткен тағы.  
Бір бұтағы, білсеңіз, күнбатыста,  
Күншығыста бір бұтақ, қонған ані<sup>38</sup>.

Бір бұтақта: періште, пайғамбарлар,  
Мекен етіп, өлген жан сонда тұрар<sup>58</sup>.  
Бір бұтақта мүкмінлар<sup>59</sup> жаны тұрар,  
Жандары бір бұтақта жын, ферілер<sup>60</sup>.

Бір бұтақта жаны тұрар хайуанның,  
Орны қылған ол сорды барша жанның.  
Осы күнде<sup>61</sup> Ісрафілдің<sup>62</sup> құшағында<sup>73</sup>,  
Сордың аузын-аузына қойған аны<sup>63</sup>.

Аузына Ісрафілдің<sup>62</sup> қойған ані<sup>38</sup>,  
Мүйізден жаралыпты, өзі – нұрлы.  
Лаухқа<sup>64</sup> Ісрафіл<sup>65</sup> тұрған қарап,  
«Үргіл!» – деп, қашан амір<sup>5</sup> қылар мұны.

Лаухның<sup>66</sup> басын<sup>67</sup> барып, ғаршыға<sup>68</sup> асты,  
Сонда жазып қойыпты мал мен басты.  
Дүниедегі көретін қызық-шыжық,  
Барша жан – жасайтұғын қанша жасты.

Хұдая<sup>69</sup>, бергіл бізге ұзын ғұмыр,  
Бандаміз<sup>70</sup>: түк білмейтін басы жұмыр.  
Дүниеден иман бірлан көшіргейсің,  
Дүниенің ахуалына<sup>71</sup> болдык мағрұр<sup>72</sup>.

## Қырық тоғызыншы. Дүниенің адамға болатын зианы<sup>1</sup>

Дүние деп айытқан бес нарсені<sup>2</sup>,  
Бірі – сол дүние екен, білсең ані<sup>3</sup>!  
Кімдер кеп бұл дүниені ауламаған<sup>4</sup>,  
Кеміріп ар<sup>5</sup> иіт<sup>6</sup> кеткен өлексені!

Бұл удың жазатұғын бар дауасы<sup>7</sup>,  
Ұғып ал: ісіткен<sup>8</sup> соң карі-жасы<sup>9</sup>.  
Көп жинап дүниеге уласаңыз<sup>10</sup>,  
Сіз болыңыз<sup>11</sup> ерлердің тақыуасы<sup>12</sup>.

Улар нарсең осы мал дал<sup>13</sup>,  
Сол<sup>14</sup> үшін дүние, ақырет тартар обал.  
Сол удың тарқататын дауасы – осы<sup>15</sup>:  
Малыңнан зекет берсен, болар халал!

Үшінші улар нарсең<sup>16</sup> – пайдасыз сөз,  
Өтірік, өсек, жалыну, ғайбатдан<sup>17</sup> без.  
Қаталықбен<sup>18</sup> бір сөздер шыға қалса,  
Зікір, тасбих<sup>19</sup> көп айытқыл<sup>20</sup> кеше, күндіз<sup>40</sup>.

Төртінші, тағы айтайын, улар нарсең<sup>21</sup>,  
Ғұмырды бос өткізбе нұрға ауре-сарсаң<sup>22</sup>.  
Хақтан қорқып, ар<sup>5</sup> уақытта<sup>23</sup> тағат қылғыл,  
Ғамалың – өзіңе азық, тілімді алсаң!

Бесінші, улар нарсең<sup>21</sup> жыл: он екі ай,  
Есіріп он бір айда жүрдің ғой жай<sup>24</sup>.  
Әрқашан рамазан шаріп<sup>25</sup> жақындаса,  
Тауба<sup>26</sup> қыл, көп тағат қыл, мойның бұрмай!

Ұғыңыз – бол сөздерді ғапіл банда<sup>27</sup>,  
Тағат қыл, руза<sup>28</sup> тұт рамазанда.  
Бұл айда көп ғибадат істесеніз,  
Күнасі<sup>29</sup> он бір айдың қалмас сенде.

Малыңды тазалайды қайыр, зекет,  
Көп айытқыл: зікір – тасбих<sup>19</sup>, айытсаң<sup>30</sup> ғайбат.  
Мубада дүние жыиып, болсаң мағрұр<sup>31</sup>,  
Тақуа боп, жатпай-тұрмай, қылғыл тағат<sup>32</sup>!

«Қасіп<sup>33</sup> қылма», – деп айытпайды<sup>34</sup> саған кітап,  
Алдайды: «Тағат қой!», – деп дүние құрғыр!  
Осылай бес нарсенің бар жарағы<sup>35</sup>,  
Ұғады мұны есіткен<sup>36</sup> бар құлағы !

Жігітлер, сұмма қатыл бес нәрсе екен<sup>37</sup>,  
Бұл істен қали<sup>38</sup> болмас банда<sup>27</sup> ғапіл.  
Оңалса қыл үшбулерді тр якімен<sup>39</sup>,  
Дүниеге мағрұр<sup>31</sup> болған біз бір – пақыр!

## Елуінші. Құрбан шалмақдың сауабының баяны<sup>1</sup>

Қабірда<sup>2</sup> барша қалық<sup>3</sup> тірілгенде,  
Таніне<sup>4</sup> ғазіз<sup>5</sup> жаны сол кіргенде.  
Құрбаныңа сол мініп барады екен<sup>6</sup>,  
Мүкмінлар іш нарсеге болмас мұқтаж<sup>7</sup>.

Үстіне хулла<sup>8</sup> киген, басына – таж<sup>9</sup>,  
Хұдаға тағат қылған езғу банда<sup>10</sup>.  
Мінапік<sup>11</sup> имансыздар корден тұрған,  
Қарны<sup>12</sup> аш, өзі жаяу, жап-жалаңаш.

Дінсіздер көрден тұрған бұл сияқты<sup>13</sup>,  
Хұдая<sup>14</sup> біз ғаріпті<sup>15</sup> қылма анден.  
Мүкмінлар<sup>16</sup> әр жеріше маркоб<sup>17</sup> бергей,  
Бұл сөзді көріп жаздым «Дақайыктан».

Хұдая<sup>14</sup>, сол күнлерде<sup>18</sup> бергіл маркоб<sup>17</sup>,  
Өзіңнің пазлың бірлан, айлабан шат<sup>19</sup>.  
Маркоб<sup>17</sup> бенен<sup>20</sup> сіратдан асан кешіріп,  
Тамұғдан<sup>22</sup> біз ғаріпін<sup>23</sup> қылғыл азат!

Күйеуі пайғамбарым – хазреті<sup>24</sup> Ғалы,  
Сол кісі<sup>25</sup> айытқан<sup>26</sup> екен бізге бұл қабарды<sup>27</sup>.  
Құрбанына сол мініп барады<sup>28</sup> екен,  
Қабірден<sup>29</sup> бас котерсе<sup>30</sup> жанның барі<sup>31</sup>.

Арқашан<sup>32</sup> болса бізге күн<sup>33</sup> махшар,  
Хұдайым<sup>34</sup> сол уақытта нада қылар.  
– Бандаларнi<sup>35</sup> сол жаяу айдама! – деп,  
Құрбанын акеп берер періштелер<sup>36</sup>.

Ең ауел<sup>37</sup> атасының арқасында,  
Жүрген жоқ бұлар жаяу, тұрсте<sup>38</sup> онда.  
Мұнан соң нұтпа<sup>39</sup> болып келіп түсті,  
Тоғыз ай анасының құрсағында.

Тоғыз ай каміл<sup>40</sup> өткеш<sup>41</sup> туды бала<sup>93</sup>,  
Екі жыл емшек берген ғазиз ана.  
Онда да бұлар жаяу жүрген емес,  
Сол жүрген шешесінің омирауында<sup>94</sup>.

Басқанда бұлар тағы апыл-тапыл,  
Көтерген мойнына<sup>42</sup> ана пақыр.  
– Жаяу жүрсен, сен шаршап қаласың! – деп,  
Ар<sup>43</sup> түрлі атасы кеп айытқан<sup>26</sup> ақыл.

Мұнан соң келген шақта жеті жасқа,  
Мінгізген қуаныш кып<sup>44</sup> бұларды атқа.  
Сонда да<sup>45</sup> бұлар жаяу жүрген емес,  
Барса да сапар қылып жақын-жатқа.

Дариада<sup>46</sup> жүзген болар<sup>47</sup> кеме бірлан,  
Сакарада<sup>48</sup> атқа мінген шадлық<sup>49</sup> бірлан.  
Дүниеде қанша міддат<sup>50</sup> тұрса-дағы,  
Бұлардың ғұмыры өткен күлкі<sup>51</sup> бірлан.

Дүниеден енді бұлар өткен шақта,  
Саларлар<sup>52</sup> қауым қалқы<sup>53</sup> сол табытқа.  
Сонда да бұлар жаяу барған жоқ-ды<sup>54</sup>,  
Мойнымен алып барған<sup>55</sup> зияратқа.

Ол солай амір<sup>56</sup> қылар Жаббар Қалік<sup>57</sup>,  
«Мінсін, – деп, – құрбанына сонда барлық!»  
Құрбаны жокка ұжмактан прак<sup>58</sup> бергіл,  
Енді жаяу жүрмегі емес лайық.

Барарлар ғарасатқа барша адам,  
Мініп ап құрбанына шадлық<sup>59</sup> бірлан!  
Бір қойға сен сараңлық<sup>60</sup> қыламын деп,  
Осындай махрұм<sup>61</sup> қалма сауабдардан<sup>62</sup>.

Пайгамбар айытқан<sup>26</sup> бізге: – Шалсаң құрбан,  
Қуатлысын<sup>63</sup> шал, – дейді, – семіздерден<sup>64</sup>!  
Махшарда сол тарығып жүрмесін, –деп,  
– Өтетін аты гой, – деп, – сиратлардан.

Ғазму хадісі бар зухая кум<sup>65</sup>,  
Па іннаһа ғалас сіраті мутаякум<sup>66</sup>.  
Көреді бір тоқтыны баласындай,  
Бұл күнде осы<sup>67</sup> сөзді ұғатын кім?!

Забані<sup>68</sup> имансызды айдар жаяу,  
Көңлінде рахми жоқ оларды аяу<sup>69</sup>.  
Аяқтары – кісенді, мойны – бұғау,  
Жүргізер шайтандарды бірге таяу.

Тұрады кабірінан жап-жалаңаш,  
Ішерге тамағы жоқ, қарындары<sup>70</sup> аш.  
Қиамат<sup>71</sup> һайбатынан<sup>72</sup> қорыққаннан,  
Өзінің нешік екенін айыралмас<sup>73</sup>.

Қасындағы танымас кім екенін,  
Қатын ба, я<sup>74</sup> бала ма, ер екенін.

Қиамат<sup>71</sup> һайбатынан<sup>72</sup> есі шығып,  
Танымас бірін-бірі төмен бұғып.

Хұдая<sup>14</sup>, жүзімізді раушан қылғыл!  
Қор қылма, біз ғарінды<sup>75</sup> шарманда<sup>76</sup> ғып!

Тамұғы<sup>77</sup> аһлі<sup>78</sup> болады түсі кара,  
Қараңғы көңілдері болар жана<sup>79</sup>.  
Арақ ішкен кісідей, өзі ессіз,  
Бұл қалықтан<sup>80</sup> қылмағыл Хақ – тағала!

Бастары арбірінің<sup>81</sup> – мысал күмбез,  
Танлері<sup>82</sup> тау секілді, көзі – көк көз.  
Бойлары кара ағаштай<sup>83</sup> қатып қалған.  
Хұдая<sup>14</sup>, ондай күйге<sup>84</sup> қылмағыл кез,

Қамыстан қатды болар басында шаш<sup>85</sup>,  
Қан ағар, көрсеніздер, көзінде жас.  
Жана да<sup>86</sup> қарны толған жылан, шаян,  
Ішуге заһір зақұм берген асы<sup>87</sup>.

Ғазапты көріп жатар әлде қанша<sup>88</sup>,  
Ішінен жас ет өсер, сырты жанса<sup>89</sup>.  
Мойнында әрқайсының<sup>90</sup> темір бұғау,  
Өлім жоқ жанып жатар шала жансар<sup>91</sup>.

Тамұғы<sup>77</sup> аһлі<sup>78</sup> сипатын қоя тұрып,  
Айтайын – дүниеде отдың<sup>92</sup> бар болғаны.

## **Елу бірінші. Дүниеде отдың бар болғаны <sup>1</sup>**

Атасы – барша жанның хазраті<sup>2</sup> Адам,  
Жаратқан тофрақтан<sup>3</sup> Алла тағалам.  
«Ішінде сегіз ұжмақ жүрер, – еді<sup>4</sup>, –  
– Бар ніғмат барын<sup>5</sup> ішіп түрлі тағам!»

– Деп айытқан<sup>6</sup>: «Әр камалдың<sup>7</sup> зауалы бар,  
Ұжмақтан<sup>8</sup> шықпағының сабабі<sup>9</sup> бар?  
Алланың наһи<sup>10</sup> қылған жемістен жең,  
Күнаға<sup>11</sup> қатынымен болған душар.

Бйдай<sup>12</sup> жеп, ғасы болған бір Хұдайға<sup>13</sup>,  
Нафсі үшін дақіл<sup>14</sup> болып, сол күнаға.  
«Шық!», – деген бір Хұдайдан<sup>15</sup> катал<sup>16</sup> естіп,  
Мұнан соң келіп түскен дүниеға<sup>17</sup>.

Тағам жоқ жана<sup>18</sup> дағы<sup>19</sup> қарны аш, <sup>71</sup>  
Егін сап, шаруа істеп жүргенен<sup>20</sup> соң,  
Болды Адам тіріклігі отқа мұқтаж.

От сұрап, дұға қылған бір Аллаға,  
Бір Алла бұйырыпты Жебрайілге<sup>21</sup>.  
– Адам үшін тамұғдан<sup>22</sup> от бергіл! – деп,  
– Барда-ғы падшасынан отны<sup>23</sup> сұрар.

Жебрайіл отқа барған<sup>24</sup> жарлық естіп:  
– От керек сол Адамға, сіз бергіл! – деп.  
– Қандай қып<sup>72</sup> аласыз? – деген Малік<sup>25</sup>,  
Жебрайіл<sup>26</sup>: – Бергіл! – дейді, – құрмадай<sup>27</sup> ғып.

Малік айытды: – Сіз алсаң құрмадай от<sup>28</sup>,  
Апарсаң сіз дүниеға<sup>17</sup> ие болып.  
Құрмадай<sup>27</sup> сол апарған отларыңыз<sup>29</sup>,  
Күйдірер жер мен кокті<sup>30</sup> тас-талқан ғып.

Жебрайіл<sup>26</sup> бұл сөзінен шошып,  
«Күл болар, – дегенен соң, – жер менен коқ<sup>31</sup>!»  
– Ендеше сүйегіндей от беріңіз,  
Қалдым ғой бағанадан мен кешігіп.

– От берсем сүйегіндей бір хұрманың,  
Жұртына алып барсаң дүниенің.

Тау мен тас, ағаш, шоптің барі<sup>32</sup> күйіп,  
Жаңбыр сууы<sup>33</sup> құрыр еді, түк қалмайын.

Тағы да бұл сөзінен тұрды корқып,  
Аларын білалмады<sup>34</sup> қандай қылып.  
Ая илаһи<sup>35</sup> алсам мен үшбу отдан<sup>36</sup>,  
Бұйыршы енді маған амір<sup>37</sup> қылып.

Хұдайым<sup>38</sup> бұйырыпты: – Зарра<sup>39</sup> ғана,  
– Кешікпей, алып бар, – деп, – дүниеге<sup>17</sup>!  
Сол алған зарра<sup>40</sup> қадар өтіңізді<sup>41</sup>,  
Тұрмайын, ані<sup>42</sup>, салғыл дариаға<sup>43</sup>!

Дарианың<sup>44</sup> суымен<sup>45</sup> жетпіс қабат,  
Кетіріп ыстық лебін айлағыл пак<sup>46</sup>.  
Жетпіс қабат жуған сол отны<sup>47</sup>,  
Қойдағы бір таудың басына тұрғыл қарап<sup>48</sup>!

Жебрайіл<sup>26</sup> зарадай<sup>49</sup> от алған екен,  
Дариаға<sup>43</sup> оны апарып салған екен.  
Суымен дарианың<sup>44</sup> жетпіс жуып,  
Бір таудың сол басына қойған екен.

Ол<sup>50</sup> тауды күйдіріпті талқан<sup>38</sup> қылып,  
Кетіпті таудан өтіп, жерге кіріп.  
Өзінің барып түскен мекеніне,  
Жебрайіл<sup>26</sup> қарап тұрған хайран<sup>52</sup> қалып.

Сондағы тау күйдірген түтіндері,  
Кетіпді ошал<sup>53</sup> таудың басын алып<sup>54</sup>.

Жебрайіл<sup>26</sup> сонда отны<sup>55</sup> тастан алған,  
Үшбу от иісі екен отда қалған<sup>56</sup>.  
Беріпті тастан алып Атамызға,  
Күн көрген сол отпенен<sup>57</sup> хазраті<sup>2</sup> Адам.

Үшбу<sup>58</sup> от – тау күйдірген тастың иісі<sup>59</sup>,  
Таралып бар дүниеға<sup>17</sup> жүрген осы.  
Тамұғдың<sup>60</sup> сол отына қарағанда,  
Жетпісден – барлық отдың<sup>61</sup> – бір есесі.

Жебрайіл<sup>26</sup> жумаса енді сумен жетпіс,  
Ыстығы кетпес еді бойындағы<sup>62</sup>.  
Тамақ беріп<sup>63</sup>, пайдаланып тұрмақ түгіл,  
Дүниеде от дегенді козің кормес<sup>64</sup>.

Адамзат көре алмас еді<sup>65</sup> отсыз тұрмыс<sup>73</sup>,  
Хайуанша төріт<sup>66</sup> аяқты шоп жейе<sup>67</sup> алмас!  
Үшбу<sup>58</sup> от бір Хұдайға<sup>13</sup> сиынады<sup>68</sup>,  
«Жаһаннам ғазабынан қыл, – деп, – қалас<sup>69</sup>!»

Алдандық жігітліктің мастығына,  
Дос болдық шайтан малғұн кастығына.  
Хұдайым<sup>38</sup>, жаһаннамнан қылас<sup>70</sup> айла,  
Күніңнің шыдамаймыз ыстығына!

### Елу екінші.

#### **Жебрайіл пайғамбарға жеті дозақды баян қылған<sup>1</sup>**

Расулге келді бір күн Жебрайіл<sup>2</sup>,  
Хұданың<sup>3</sup> бар сәлемін айытды хазір<sup>4</sup>.  
Дозақтың<sup>5</sup> тұрды сонда уаспін сойлеп<sup>6</sup>:  
– Күнакар үмматиңа<sup>7</sup> баян қылғыл!

Жаратды<sup>8</sup> жеті қылып ол дозақты<sup>9</sup>,  
Ішіне мың бір жылдай отын жақты.  
Қып-қызыл болды сонда, шоғы жайнап:  
«Бір өзін танысын, – деп, – мақлұкатды<sup>10</sup>».

Тағы да бір мың жылдай жақты, ані<sup>11</sup>!  
Балқиды апбақ<sup>12</sup> болып, қорғасындай.  
Ұшқұны таудай болып<sup>13</sup> қызғаннан соң,  
Ғасылар қорықсын деп, жаққан сондай

Тағы да үшіншіде жақты мың жыл.  
Қаб-қара<sup>14</sup> болды сонда отлы<sup>15</sup> көмір,  
Қаранғы айсыз түндей аны<sup>16</sup> қылды,  
«Залымнен өш алам, – деп, – паруардігер!»

Ішінде шаян менен жыландары,  
Түйедей арқайсының мойындары<sup>17</sup>.  
Тістесе бірі келіп ғасыларды,  
Кетпейді қырық жылғаша аның зары<sup>18</sup>.

Ғазаптың періштесі – Забанилар,  
Көңілінде<sup>19</sup> еш рахым<sup>20</sup> жоқ, ғасыны аяр.  
Көздері жалтыраған жасындай боп,  
Аузынан<sup>21</sup> ақырғанда жылан шығар.

Өздерінде<sup>22</sup> Алла берген күш-қуат көп<sup>23</sup>,  
Екі жауырының арасы бір жылдық жол.  
«Тамұғы аһлінің<sup>24</sup> санынша әрбірінің,  
Денесінде бар, – дейді – аяқ пен қол».

Әр қолмен ғасылардан алады өш,  
Амірсіз<sup>25</sup> бір Хұдайдан қылмайды күш.  
Жігітлер, дал<sup>26</sup> осының болуы хақ,  
Тағат қылмай, өткізбе, күнің<sup>27</sup> бос!

Үлкені Забанилар дал он тоғыз<sup>28</sup>,  
Сандарын Хактан басқа ішкім<sup>29</sup> білмес.

Он тоғыз харін<sup>30</sup> бар дүр бісміллада,  
Кімде-кім айтар болса, болар калас<sup>31</sup>.

Хұдайым<sup>32</sup> Забанидан сақтар өзі,  
Хадіс<sup>33</sup> бар пайғамбардан, шак<sup>34</sup> келтірме!

Тамұғының<sup>35</sup> ең ішінде жеңіл ғазап,  
Кигізер ғасыларға екі башмақ.  
Башмақтың ыстығы өткен зардабынан,  
Тұрады төбесінде миы қайнап.

Тамұғы аһлі Малакка<sup>36</sup> жалынар коп<sup>37</sup>:  
«Құтылар бұл ғазаптан күн барма?! – деп.  
Қырық жылдан соң айтады, оған Малак<sup>38</sup>:  
«Шықпайсың жаһаннамнан, үндеме!» – деп.

Ғасылар айтады екен: – Паруардігар<sup>39</sup>,  
Ғазапқа залым болып, болдық душар.  
Шыдамымыз<sup>40</sup> қалмады, жанып бітдік<sup>41</sup>,  
Біздерді рахым<sup>42</sup> қылып, отдан<sup>43</sup> шығар!

Неше жыл өткеннен соң, келген жауап:  
– Болдыңдар рахматымнан сіздер жырақ!  
Мұнан соң адамзатша сойлемейді<sup>44</sup>,  
Есекше<sup>45</sup> анда-санда бақырар бірақ.

Хұдая<sup>46</sup>, тамұғыңа тұтқын қылма,  
Насіп<sup>47</sup> ет рахматыңнан<sup>48</sup> біздей құлға!  
Білмейміз басы жұмыр бандалікпен<sup>49</sup>,  
Болады фани<sup>50</sup> дүние кімге тұлға?!

## **Елу үшінші. Ан хазрат Расулдің мағраж барғаны<sup>1</sup>**

Қабарда айытды бізге Амріл мүкминин<sup>2</sup>:  
– Қасына пайғамбарым бардым бір күн.  
Бабама сәлем үшін барған едім,  
Пайғамбар жылап отыр болып ғамкүн<sup>3</sup>,

Бабамнан мен сұрадым қылып адеп<sup>4</sup>:  
– Я<sup>23</sup>, тақсыр, отырдыңыз неге жылап?  
Ғарыбыңа<sup>6</sup> уақиғаны<sup>7</sup> баян қылғыл! –  
Деп тұрдым пайғамбардың халін сұрап.

Пайғамбар сұрағанда айытды маған<sup>8</sup>:  
– Мағражда<sup>9</sup> нарсе<sup>10</sup> көрдім жарамаған.  
Ғазабта<sup>11</sup> неше түрлі адам көрдім,  
Жылаймын соларды аяп, енді, балам!

Сол жерде қылды баян маған Расул,  
Мағражға<sup>12</sup> мені апарды Жебрайіл.  
Бір үлкен періштені анда<sup>13</sup> көрдім,  
Ашуланып отыр екен құрып<sup>168</sup> зейіл.

Аузынан шығып отыр отлы<sup>14</sup> жалын,  
Шоқ жайнап айналасы<sup>15</sup> көрсең халін.  
Жебрайілдің<sup>16</sup> қанатына қашып кірдім,  
Түрінен періштенің шошып жаным.

– Ол<sup>17</sup> кім? – деп, мен сұрадым Жебрайілден<sup>18</sup>,  
– Қай мақлұқ<sup>19</sup> баян қылып айытшы<sup>20</sup>, маған?!  
Жанға хайла қылуға қашып тұрып,  
Қасында Жебрайілдің<sup>16</sup> бердім сәлем.

Болмады сәлемменен іш<sup>21</sup> жұмысы,  
Астында періштенің отдан<sup>22</sup> күрсі.  
Ешкімге ол менсініп карамайды,  
Отдан<sup>22</sup> таж<sup>24</sup>, қолында бар отдан<sup>22</sup> күрзі.

– Малік<sup>25</sup>! – деп маған айтты Жебрайіл:  
– Падшасы<sup>27</sup> жеті дозақ<sup>28</sup> – осы!» – деп біл!  
Шоқпармен жер, аспанды ұрса ағар<sup>29</sup>,  
Бір сағатда<sup>30</sup> болар еді баршасы күл.

Малікке<sup>31</sup> Жебрайіл<sup>26</sup> берді кабар<sup>32</sup>:  
– Я<sup>5</sup>, Малік<sup>25</sup>, сәлем бергіл, бұл – пайғамбар!  
Мағражға<sup>12</sup> – құнақ<sup>33</sup> үшін шақырған дүр,  
Бүтін ғалам падшасы<sup>27</sup>, ол – берубар<sup>34</sup>.

– Қасыма жетін келді мұны есітіп,  
Тағзыммен ғалаик<sup>35</sup> алды бойсұнып<sup>36</sup>:  
– Білместік қатам<sup>37</sup> болса кеше гор<sup>38</sup>! – деп,  
Тіледі ғұзыр менен қайта келіп<sup>39</sup>.

Малік<sup>25</sup> сонда сөйлейді: – Я<sup>5</sup>, Мұхаммад<sup>40</sup>,  
Ғасыдан өш алғыл! – деп, – жаратқан Хақ!  
– Жеті дозақ<sup>28</sup> мүлкім дүр<sup>41</sup> менің, – дейді, –  
Неше түрлі ішінде бар ғакубат.

Дозақты<sup>42</sup> мен көруге кетді<sup>43</sup> ойым:  
– Я<sup>5</sup>, Малік<sup>25</sup>, маған көрсет ғазап үйін.  
Күнәлі<sup>44</sup> үмматыма<sup>45</sup> баян қылам, –  
Деп едім, сонда Малік<sup>25</sup> сұнды мойын

Малік<sup>25</sup> айытды<sup>46</sup> сол жерде: – Я<sup>23</sup>, пайғамбар,  
Тамұғда<sup>47</sup> неше түрлі ғазаптар<sup>48</sup> бар!  
Көрген соң уайым боп қайғы түсер<sup>49</sup>,  
Көрмей-ақ қайытпағыңыз<sup>50</sup> дұрыс болар.

Малікке<sup>51</sup> айытды<sup>46</sup> сонда Жебрайіл<sup>26</sup>:  
– Пайғамбар не сөз айытса<sup>52</sup>, коргіл<sup>53</sup> қабыл!  
Һаммат<sup>54</sup> замын ішінде бар нарсені<sup>55</sup>,  
Көруге бір Хұдайдан<sup>56</sup> болған әмір<sup>57</sup>!

Көрсетді<sup>58</sup> жеті дозақ<sup>28</sup> кілтін ашып,  
От жайнар<sup>59</sup> дүр-дүр етіп, заһар шашып.  
Ішінде жылан, шаян хисапсыз көп  
Ысқырар аздаһалар<sup>60</sup> аузын ашып

Дозақта<sup>61</sup> қарап тұрсам<sup>62</sup>, бір жылан бар,  
– Отыз мың басы бар, – деп, берді кабар<sup>32</sup>.  
Ар<sup>63</sup> баста<sup>64</sup> отыз мың ауыз болған,  
Ар<sup>63</sup> ауызда бір бұжра тағылғанлар<sup>65</sup>.

Ар<sup>63</sup> бұжрада<sup>66</sup> бір шынжыр қойған тағып,  
Ұстаған бір<sup>67</sup> періште оны барып.  
Жетектеп ғазаплыны тістетін<sup>68</sup> жүр,  
Сақтағыл ар<sup>63</sup> банданні<sup>69</sup> Жаббар Қалық<sup>70</sup>.

Дозақтың<sup>71</sup> мен сұрадым бас-аяғын:  
– Кеңдігі көлденеңін айыт, – деп, – жайын<sup>72</sup>!  
Малак<sup>73</sup> тұрып сол жерде маған айытды<sup>46</sup>:  
– Хақдан басқа ішкім білмес аның халін<sup>74</sup>!

Малік айытды: – Тыңлағыл, я, Мұхаммад<sup>75</sup>,  
Дозақ<sup>28</sup> қылар мың жылдық қараңғыны<sup>76</sup> ақ!  
Мың жылдық кара жерді ақ қылады,  
Күйдіру түрі осылай, сен бұған бақ!

– Мен көрдім ол дозақта<sup>61</sup> жеті есік,  
Ат қойды: «Һауиа лази қатма»<sup>77</sup>, – деп.  
Жаһаннам сақар сапар<sup>78</sup> жаһаннам дүр,  
Ар<sup>63</sup> қауымның орны дүр қылған есік<sup>79</sup>.

Мен көрдім жаһаннамда үш мың құдық,  
Кеңдігі бір енінің<sup>80</sup> үш мың жылдық.  
Ар<sup>63</sup> құдықта үш мыңнан баулары<sup>81</sup> бар<sup>82</sup>,  
Жаратқан Алла тағала қылып ұлық.

Әр таудың етегінде мыңнан мидай<sup>83</sup> дала,  
Барін<sup>84</sup> отдан<sup>22</sup> жаратқан Хақ тағала.  
Жеті жүз мың ар далада шаһар бар дүр,  
Ар шаһарда жеті жүз мың көше дара.

Ар көшеде жеті жүз мың сарайлар бар,  
Ар дарада жеті жүз мың су әм жаңа.  
Жеті жүз мың ар сарайда үйлер бар дүр,  
Салынған ғасыларға бұларды арнап<sup>85</sup>.

Ар<sup>86</sup> үйде жеті жүз мың бар дүр сандық  
Ғазабы<sup>87</sup> жеті жүз мың – барі<sup>88</sup> де анық.  
Осылай ғасылардан өш алады,  
Барін отдан<sup>22</sup> жаратқан Жаббар Қалық<sup>89</sup>.

Бір түрлі сол арада көрдім<sup>90</sup> қалық<sup>91</sup>,  
Жылан, шаян мойнына жүр оралып,  
Маліктен<sup>92</sup>: – Болар<sup>93</sup> кім? – деп сұрап едім;  
– Зекет бермей, малынан сонша барлық<sup>94</sup>.

Бір түрлі жана<sup>95</sup> көрдім бір қауымды,  
Мойнында темір бұғау жүр салулы.  
Аяғында отдан<sup>22</sup> башмақ етігі<sup>96</sup> бар,  
Мойнына екі қолы асулы жүр<sup>97</sup>.

Маліктен<sup>92</sup> мен сұрадым: – Кім, – деп, – бұлар?  
– Өсіммен мал көбейткен<sup>98</sup> саудагерлер.  
Сол сәбеппі ғазапта қорлық көрген<sup>99</sup>,  
Таубасыз<sup>100</sup> өтіп кеткен күнакарлар<sup>101</sup>.

Бір жамағат жана<sup>95</sup> көрдім онан өтіп,  
Отбенен<sup>102</sup> қарны толған өз етін жеп.  
Маліктен<sup>92</sup>: – Бұлар кім? – деп, сұрап едім,  
– Таубасыз<sup>100</sup> өтіп кеткен өсекші! – деп.

Жана да тұр бір құруһі жнылған көп<sup>103</sup>,  
Танінің<sup>104</sup> жартысы бар, жартысы жоқ.  
Екі-үш күн ортасында тау үстінде<sup>105</sup>,  
Киімі, үсті-басы – жайнаған шок.

Маліктен<sup>92</sup> мен сұрадым: – Берші кабар<sup>106!</sup>  
– Жарты дене адамдар кімдер бұлар<sup>107?</sup>  
Жартысы бұлардың<sup>108</sup> қайда кеткен,  
Не сабап<sup>109</sup> жоқ қылған паруардігер?!

– Бұлар алған дүниеде екі қатын,  
Қыла алмаған<sup>110</sup> арада ғаділатын<sup>111</sup>.  
Бірінен бірін кем ұстап, сорда<sup>112</sup> қалып,  
Аркімге<sup>113</sup> сөздер<sup>114</sup> айтып мақтанатын.

Тірілер қиаматде<sup>115</sup> болып жарты,  
Қатындарға болмаса ғаділаті<sup>116</sup>.  
Киіп-ішу, напақа – бар ісі де<sup>117</sup>  
Тең ұстау – шарифатдың<sup>118</sup> рұқсаты!

Мен көрдім<sup>90</sup> мұнан шығып бір түрліні,  
Періште салып жатыр көп дүрені.  
Жалаңаштап әрқайсысын ұрып жатыр,  
Қамшымен отдан<sup>22</sup> болған арбүреуін<sup>119</sup>.

Маліктен<sup>92</sup> мен сұрадым: – Неткен<sup>120</sup> қалық<sup>91?</sup>  
Деп айытды<sup>46</sup>: – Бұлар қылған жаманшылық.  
Елге өзін тақуа, софы<sup>121</sup> көрсеткен дүр,  
Қылған ісі шайтаннан қаншама артық?!

Мен жана көрдім бір түрліні<sup>122</sup>,  
Тілінен асып қойған сол қалықны<sup>123</sup>.  
Маліктен<sup>92</sup> жана<sup>95</sup> тағы сұрап едім:  
– Бұлардың жазасы не, – деп, – мұны<sup>124!</sup>

– Сол сәбаб<sup>125</sup> тартады бұлар жаза,  
Күнәсіз<sup>126</sup> ұрып-соққан қатын-бала.  
Орынсыз болмас іске ашуланып,  
Кетірген, үй ішіне бермей маза.

Асулы емшегінен көрдім қатын,  
Аузынан ағып жатыр заһар-зақұм<sup>127</sup>.  
Аркімнен<sup>128</sup> бала емізген өз бетімен,  
Ернің<sup>129</sup> керек қылмай рұқсатын.

Бір қатын асулы тұр тұлымынан,  
Басында миы қайнар мисал<sup>130</sup> қазан.  
Маліктен<sup>92</sup> мұны тағы сұрап едім:  
– Еріне тілі тиген! – деді<sup>131</sup> маған.

Бір қатын тағы көрдім мұнан шығып<sup>132</sup>,  
Өз етін өзі отыр жеп<sup>133</sup>.  
Маліктен<sup>92</sup> мұны тағы сұрап едім:  
– Менсінбей өз ерін<sup>134</sup> коргенлер<sup>135</sup> жек.

Жүзларін намухрамнан жасырмаған<sup>136</sup>,  
Күна<sup>137</sup> қылса, оны елден жасырмаған.  
Коп<sup>138</sup> қатын жана<sup>95</sup> көрдім таңулы тұр,  
Жиылып жылан-шаян бар етін жер<sup>139</sup>.

Қылмысын бұлардың да сұрап едім,  
Шала таһарат алған екен шала ғұсыл.

Қасында бір қатынның отдан<sup>22</sup> табыт,  
Періште ғазап қылар оған салып.  
Күнасі олардың сұрағанда<sup>140</sup>,  
Зинадан жүрген екен бала тауып,

– Тапдым, – деп, – айытқан өз байымнан<sup>141</sup>,  
Істеген барлығын өз жайымен.  
Харамза<sup>142</sup> да балалар мұнан туған,  
Анытұрғанның<sup>143</sup> ғұмры<sup>144</sup> өткен зинаменен.

Үшбулер<sup>145</sup> тауба<sup>146</sup> қылмай өтіп кеткен,  
Күнані<sup>147</sup> коп қылған соң, түпке жеткен.

Тауба<sup>146</sup> қылсаң<sup>148</sup>, ол Аллаға пуру<sup>149</sup> рахим,  
Жігітлер, өлмей тұрып тауба еткіл<sup>150</sup>.

Бір қатын: аяқ – кокте<sup>151</sup>, басы – жерде  
Үстінен от жанады түрлі-түрлі<sup>152</sup>.  
Қылмысын бұлардың да сұрап білдім,  
Намухраммен<sup>153</sup> жүрген екен елден елге.

Бір қатын жана<sup>95</sup> көрдім иіт<sup>154</sup> боп үрген,  
Аузынан, от шығады<sup>155</sup> бүйірінен.  
Күнасің<sup>156</sup> бұлардың да сұрап білдім,  
Зинадан<sup>169</sup> бала тауып ол өлтірген.

Ғазапта жана тұрған<sup>170</sup> қатындар коп,  
Арқасынан тілі ұзарып шығып тұрған.  
Күнасің<sup>156</sup> бұлардың да сұрап білдім,  
Болымсызға аныт<sup>157</sup> ішкен айтып өтірік.

Расулім үшбу сөзді қылған баян,  
Фатима, Ғайша менен жылап тұрған.  
– Олай болса, қатынға күн жоқ екен,  
Осыдан еш қатын жоқ қалған аман!

Пайғамбар аларға<sup>158</sup> айытды<sup>46</sup> мұнда тұрып:  
– Әркімге сіздер айытқыл<sup>159</sup> ұғындырып.  
Өздеріңіз бұл істен болғыл жырақ<sup>160</sup>,  
Жатсаң да, тұрсаң да жүр тауба<sup>146</sup> қылып.

Осы екен пайғамбар айытқан насихаты<sup>161</sup>,  
«Тыңла<sup>162!</sup>» – деп, баршамызға айытқан<sup>163</sup> қатды<sup>164</sup>,  
Мағражға<sup>12</sup> инанбаған<sup>165</sup> капір<sup>166</sup> болар,  
Құранда мазкур болған көр аятды<sup>167</sup>

## Жан иесі өліп, тіріліп ғарасатқа, пайғамбар шайтанменен үматларына таласып, имам Ағзамменен имам шапиғға жүгінген маселесі

Бісмiлла Хұдай досты Мұхаммат-дi<sup>2</sup>,  
Жаратқан аның үшін көп үматдi<sup>3</sup>.  
Жамағат, құлақ салып тыңласаңыз<sup>4</sup>,  
Айтайын ақретде<sup>5</sup> кайғы дерiтдi<sup>6</sup>.

Ауелi<sup>7</sup> сөздiң басы – бiр Хұдай-ды<sup>8</sup>,  
Жаратды<sup>9</sup> жарық үшін Күн мен Айды.  
Жаксылар, қызмет қылғыл бiр Хұдайға<sup>10</sup>,  
Аласыз<sup>11</sup> ақретде<sup>12</sup> жаксы жайды.

Хұдайым<sup>13</sup> он сегiз мың жан жаратды<sup>9</sup>,  
Әр түрлi порымды қып мақлұқатды<sup>14</sup>.  
Денесiн топрақтан<sup>15</sup> бана<sup>16</sup> айлап.  
Адамға: «Абул башыр<sup>17</sup>» – қойды атды<sup>18</sup>,

Жаратқан<sup>19</sup> топрақтан<sup>15</sup> хазрат<sup>20</sup> Адам  
Баршасын ғылым хiкмат<sup>21</sup> бiлдi тамам.  
«Адамға барiң<sup>22</sup> бiрдей<sup>323</sup> сажда қыл!» – деп,  
Малакке<sup>24</sup> қабар<sup>25</sup> тиген бiр Алладан.

Жиылып сажда қылды перiштелер<sup>26</sup>,  
Жығылды ықласымен<sup>27</sup> барi<sup>28</sup> тамам<sup>29</sup>  
– Адамнан менiң наслiм ұлұғ<sup>30</sup>! – деп,  
Ғазазiл сажда<sup>31</sup> қылмай қарап тұрды.

Мойнына келiп түстi тауқи<sup>32</sup> лағнат<sup>33</sup>,  
Анден<sup>34</sup> соң: «Iблiс», – деп, қойылды ат.  
Бұзық<sup>35</sup> боп дарғаһынан қуаланып.  
Алынып үстiндегi барша құлғат<sup>36</sup>.

Бұл істі кiна<sup>37</sup> қылып шайтан жүрді,  
Хайламен көп азғырар адамзатды<sup>38</sup>.  
Адамға Хауа менен бидай берін<sup>39</sup>,  
Акры<sup>40</sup> өзі сiпат<sup>41</sup> ғасы қылды.

Ғасы боп Адам, Хауа жерге түсті,  
Хулла<sup>42</sup> тон үстіндегі аспанға ұшты.  
Хұданың<sup>43</sup> құдіретімен екеулері,  
Жұда боп бір-бірінен айырылысты.

Анден<sup>44</sup> соң жердің жүзін мақан<sup>45</sup> етді<sup>46</sup>,  
Екеуі бірнеше жыл бөлек кетді<sup>47</sup>.  
Көп болды екеуінен туған бала,  
Өш болып шайтан, оны<sup>48</sup>, азғырыпты.

Бағзысы ғасы болды жолдан шығып,  
Адамның амiр еткен сөзін бұзып<sup>49</sup>.  
Шайтанның<sup>50</sup> қулық еткен алдауымен  
От пенен бұтқа жүрді сажда қылып<sup>51</sup>.

Бөлiндi анден<sup>52</sup> кейiн: iслам<sup>53</sup>, капiр<sup>54</sup>  
Хайламен, аны<sup>55</sup>, азғырар шайтан ақыр.  
Алланың: «Амiр<sup>56</sup>, Мағруп<sup>57</sup> жолын» тұтпай,  
Капiрлер<sup>58</sup> Хақ жолынан қалды ғапiл.

Мүкmнлар<sup>59</sup> Хақдың<sup>60</sup> жолын тұтып тұрды,  
Тынбайын Амiр<sup>56</sup>, Мағруп<sup>57</sup> iсiн қылды.  
Коңлiне<sup>61</sup> неше түрлi қиал<sup>62</sup> салып,  
Ғазазiл ам оларды азғырыпты<sup>63</sup>.

Коңлiне<sup>61</sup> салар едi бұл қиалны<sup>64</sup>:  
– Сарып<sup>65</sup> етпей Хақ жолына жиған малды,  
Әркiммен коңлi<sup>66</sup> сүйген ойнап-күлiп.  
Шадлықпен<sup>67</sup> iшкiл, – деп, – шарапларын<sup>68</sup>,

Руза<sup>69</sup>, намаз үшін жабірланба<sup>70</sup>,  
Өзінді жігітлікте ғамға салма.  
Ақырда, бозбалалар, тауба<sup>71</sup> қылсаң,  
Күнаңді<sup>72</sup> кешіреді Қадір Алла.

Бұл сөзге ғасы мүкбін<sup>73</sup> мағрур болып,  
Жүреді харам малға көңіл<sup>74</sup> беріп<sup>75</sup>.  
Ғазабын ақыретдің<sup>76</sup> көңілге алмай,  
Руза мен намазын бірдей тастап<sup>77</sup>.

Ғұмырында қанша күна<sup>78</sup> қылар банда<sup>79</sup>,  
Дүниеде ар кез жаза болмас аңға<sup>80</sup>.  
Ол қылған күналардың<sup>81</sup> жазаларын,  
Ар<sup>82</sup> түрлі қиындықпен көрер таңла<sup>83</sup>.

Бағзылар Хақдың<sup>60</sup> амірін<sup>84</sup> тура білер,  
Бұйырған Амір<sup>56</sup>, Мағруп<sup>57</sup> ісін қылар.  
Тоқтаусыз<sup>85</sup> намаз оқып, руза тұтып,  
Істерден жаманшылық жырақ<sup>86</sup> жүрер.

Көп болса сауаплары<sup>87</sup> ар<sup>82</sup> банданің<sup>88</sup>,  
Арытдырар шадлықдарын балкианың<sup>89</sup>.

Бір күні сапар шексе бұл дүниеден<sup>90</sup>,  
Айырылса, қадір болып, жаны таннен<sup>91</sup>.  
Алланың рахматына<sup>92</sup> жақын болып,  
Құтылар<sup>93</sup> онан кейін қайғы ғамдан<sup>94</sup>.

Болатын қиамет күн уақиғаны<sup>95</sup>,  
Азырақ баян қылып айтам, ані<sup>96</sup>.  
Иманды<sup>97</sup> Хұдай<sup>98</sup> сүйген жақсы банда<sup>79</sup>,  
Бұл дүние биба қадан болса пани<sup>99</sup>.

Өзінің құдіретімен Жаббар Хұдай<sup>100</sup>,  
Малакка<sup>101</sup>, Мүңкір, Наңкір<sup>102</sup> қылғай нада:

«Сүйікті<sup>103</sup> палан<sup>104</sup> банда<sup>79</sup> қаза болды,  
Мұлайым<sup>105</sup> жұмсақлықпен<sup>106</sup> сауал сұра!».

Барады жігіт болып сөзі сынық<sup>107</sup>,  
Екеуі корге<sup>108</sup> кіргей тағзым қылып.  
Бандага<sup>109</sup>: «Мен раббык<sup>110!</sup>» – деп, жауап қылғай,  
Деп айтар<sup>111</sup>: «Раббым Алла», – мұны біліп.

Екінші: «Дінің кім дүр<sup>112?» – сорғай<sup>113</sup> Малак<sup>114</sup>,  
Банда<sup>79</sup> айтар: «Дін – Мұхаммад, һашім – ғараб»<sup>115</sup>.  
Андан<sup>116</sup> соң арбір<sup>117</sup> түрлі сауал сұрап,  
Тоқталмай сауалына берер жауап<sup>117</sup>.</sup>

Қабір<sup>118</sup> іші жарық<sup>119</sup> болып, нұрға толғай,  
Ұжмақтың<sup>120</sup> тарапынан жол ашылып!

Хұдайым<sup>13</sup> ол бандага<sup>109</sup> ұйқы салар,  
Мас болып қабірінда<sup>121</sup> ұйықтап қалар.  
Ісрапіл<sup>122</sup> сорын тартып, тірілгенде,  
Ұйқысы қанбағандай болып тұрар.

Күнакар<sup>123</sup>, ажал жетсе, бандаларга<sup>124</sup>,  
Лақатдап, кепінге орап, қойса көрге<sup>125</sup>.  
Қолында отдан<sup>126</sup> күрзі, аузы – жалын,  
Періште айбат бірлан кірер корге<sup>108</sup>.

Һайбатлы<sup>127</sup> періштені банда<sup>79</sup> корғай<sup>128</sup>,  
Малактан<sup>129</sup>: «Мен рабпек<sup>130</sup>», – деп, жауап келген.  
Тоқталып ғаріп<sup>131</sup> банда<sup>79</sup> қарап тұрған<sup>132</sup>,  
Демекке: «Раббым Алла», – тілі келмей.

Періште күрзі бірлан бандані<sup>133</sup> ұрар,  
Басқаның інс<sup>134</sup> жыннан барі<sup>28</sup> білер.  
Сол күннен қиамат<sup>135</sup> күн<sup>136</sup> болғанынша,  
Бандага<sup>109</sup> арбір<sup>137</sup> түрлі ғазап қылар.

Хұдайым<sup>13</sup>, рахым<sup>138</sup> айла, өлгенімде,  
Тандагі<sup>139</sup> аманатды<sup>140</sup> бергенімде.  
Тіліме: «Раббым Алла!» – жары бергіл,  
Періште: «Мен раббык<sup>110</sup>», – деп келгенінде.

Бір күні сурын тартар Ісрапіл<sup>122</sup>,  
Болғаны сорын<sup>141</sup> тарытса да<sup>142</sup>, заман ақыр.  
Тау мен тас, ой мен шұқыр<sup>143</sup> бірдей болып,  
Болады жердің жүзі айна<sup>144</sup> тақыр.

Дүниеде өлмей қалмас ішбір<sup>145</sup> мақлық<sup>146</sup>,  
Басқалар бір Хұдайдан<sup>147</sup> болар марда<sup>148</sup>!  
Қалмайды мақлұқатдың барі тегіс<sup>149</sup>,  
«Яр жигы күллі шайын» мазмұнынында<sup>150</sup>.

Өлгейлер<sup>151</sup> ошал<sup>152</sup> күні шайтан лағын,  
Ар<sup>82</sup> түрлі қиындықпен алар жанын.  
Ғазрайіл<sup>153</sup> барлық<sup>154</sup> жанды қабыз<sup>155</sup> етер,  
Хісапсыз<sup>156</sup> жаратылған барша жанның<sup>157</sup>.

Періште төріт<sup>158</sup> Муқарраб тірі қалар,  
Ауелі<sup>7</sup> Мекайілдің жанын алар.  
Ісрапіл<sup>122</sup>, Жебрайіл<sup>159</sup>, ол Ғазрайіл<sup>153</sup>,  
Алар, һам кезекпенен бірге барар<sup>160</sup>.

Анден<sup>44</sup> соң қырық жылғаша жатқан өліп,  
Жараған ағмалінан жаза коріп<sup>161</sup>.  
Ауелі<sup>7</sup> Ісрапілді<sup>162</sup> тіргізүрлер<sup>163</sup>,  
Алланың құдіретінен ілһам<sup>164</sup> келіп.

Жебрайіл<sup>159</sup>, Мекайіл мен ол Ғазрайіл<sup>165</sup>.  
Олар һам<sup>166</sup> кезекпенен тірілер<sup>167</sup>,  
Жебрайіл<sup>159</sup> періштеге қабар<sup>25</sup> қылар,  
Өзінің құдіратімен<sup>168</sup> Раббім жаліл<sup>169</sup>.

Алла айтар: – Я<sup>170</sup>, Жебрайіл<sup>159</sup>, жаннат барып,  
Бір таж<sup>171</sup> бен екі хулла<sup>42</sup> келші алып!  
Ұжмақтан бір пырақ алып келші<sup>172</sup>,  
Үстіне яқұт ахмар<sup>173</sup> ерлер салып.

Анден соң төртеулерің жерге түсіп<sup>174</sup>,  
Оларды Хабибіма алып барып<sup>175</sup>.  
Қабірден қуанышпен бас көтерсін<sup>176</sup>,  
Мархабат қабарымды<sup>177</sup> айытқыл<sup>178</sup> барып.

Жебрайіл<sup>159</sup> парман<sup>179</sup> бірлан жаннат<sup>180</sup> кіріп,  
Шығарды<sup>181</sup> айытқандарын<sup>182</sup> даяр қылып.  
Ісрапіл бір Хұданың рұқсатымен,  
Қабіріна Мұстапаның кірген барып.

Ісрапіл жерге түсіп қылған қабар,  
Қабірден бас көтерші Расул Хұда<sup>183</sup>!  
Бұл күні қосылатын<sup>184</sup> уақыт болды,  
Ғашықдың рузі қылған мақсұдына<sup>185</sup>.

Қабірден Расул Хұда<sup>186</sup> бас котерер<sup>187</sup>,  
Тортеуі<sup>188</sup> тағзым бірлан сәлем берер.  
Сүйініп: – Я<sup>170</sup>, Мұхам<sup>171</sup>, харсанытда<sup>190</sup> бол,  
Бір Хұда сәлем айытды сізге даяр<sup>191</sup>!

Расул айтар Жебрайілға<sup>192</sup>: – Я<sup>170</sup>, бірадар<sup>193</sup>,  
Көңлімнің<sup>194</sup> қош<sup>195</sup> болатын не қабар<sup>25</sup> бар?!  
Жібрайіл<sup>197</sup> Расулға айытды<sup>198</sup>: – Сіздің<sup>199</sup> үшін,  
Таж<sup>200</sup> бірлан хулла<sup>201</sup>, пырақ жібердилар<sup>202</sup>.

Расул айытды<sup>203</sup> Жебрайіл<sup>159</sup> мұның бірлан,  
Көңлімнен пш уақытда шықбайды арман<sup>204</sup>!  
Бұл күнде каміл көңлім<sup>205</sup> шат болатын,  
Мен сізден басқа нарсе<sup>206</sup> сұрағанмын<sup>207</sup>.

Жебрайіл тағы да айытды: – Расул хақ<sup>208</sup>,  
Ұжмақтың<sup>120</sup> бар<sup>209</sup> жемісі сізге муштақ.  
Адал<sup>210</sup> жаннат ішіре<sup>211</sup> сіз кірерсіз,  
Қайғыдан қоңліңізді<sup>212</sup> айлағыл шат!

Расул айтар: – Бұған да болмаймын шат,  
Барі<sup>28</sup> де інс<sup>134</sup> жынның болды перяд<sup>213</sup>.  
Күнакар<sup>123</sup> ғасы жайы үмматымның<sup>214</sup>,  
Ахуалы не<sup>215</sup> болады, айлағыл жат<sup>216</sup>.

Расулға Жібрайілдер<sup>217</sup>: – Қайрыланам,  
Осылайша Жаббар Худа айытды қалам:  
«Дозақда бір бандані қалдырмаймын,  
Ғұмырында бір калима айытса маған».

Бұл сөзге Расул Хұда<sup>218</sup> бек шадланып<sup>219</sup>,  
Таж<sup>171</sup> бірлан хулла<sup>201</sup> тонны<sup>220</sup> киген алып.  
Үстіне сол практың<sup>221</sup> мініп алып,  
Түбіне ғарш<sup>223</sup> ағланың тұрғай<sup>224</sup> барып.

Алладан парман<sup>179</sup> келіп Исрапілге<sup>225</sup>,  
Жатыпды<sup>226</sup> көп қалайық<sup>227</sup> жерде, көрде.  
Сорынды екінші рет тарыт деп айтұр,  
Жан кірсін күллі қалық барша жанға<sup>228</sup>.

Исрапіл<sup>122</sup> парман<sup>179</sup> бірлан даярланып,  
Тарытқайлар бір мыртабас орын алып<sup>229</sup>.  
Ауелден<sup>230</sup> ақырғаша жанның барі<sup>28</sup>,  
Өзінің денесіне кірген барып.

Алланың парманімен<sup>231</sup> тірілер жан,  
Болады бұрынғыдан барлық ғалам<sup>232</sup>.  
Ар<sup>82</sup> адам кор<sup>233</sup> басында шығып тұрар,  
Тірілмей һар кез қалмас баласы адам<sup>234</sup>.

Баршасы інс<sup>235</sup> – жынның<sup>236</sup> бас көтерер,  
Шаб<sup>121</sup> беріп сол ғаршыдан<sup>122</sup> ұстай<sup>123</sup> алар!

Шығармас қорыққаннан ішбір<sup>124</sup> үнін,  
Салған соң Хұдай<sup>125</sup> басқа сондай<sup>126</sup> күнін.  
Аруннан<sup>127</sup> өз ағасы Мұса безіп,  
Ұмытар сонда Ібраһім<sup>128, 129</sup> Смағылын<sup>130</sup>.

Қарамас сонда ішкім<sup>131</sup> жолдасына,  
Ұмтылар аркез досты болмасына<sup>132</sup>!  
Анасы – Маріямны<sup>133</sup> Ғиса<sup>134</sup> ұмытып,  
Күн туар ар<sup>63</sup> пайғамбар өз басына!

Жылайды қорқып Хақтан<sup>135</sup> жасын төгіп,  
«Расуа ғып тастай ма, – деп, – бүгүн сөгіп<sup>136</sup>?!»  
Барі де<sup>137</sup> жерге бетін баса қалып<sup>138</sup>,  
Жатады жер бауырлап тізін шөгіп<sup>139</sup>.<sup>140</sup>

Жаныңа бір шыбындай иман пайда,  
Өлген соң шыбын жанға тиыштық қайда<sup>141</sup>?  
Ғаламға он сегіз мың раһбар<sup>142</sup> болған,  
Мұхаммад<sup>143</sup>, айналайын, тақсыр қайда?!

Қолында жасыл ту бар, көзге түсіп,  
«Үмматім<sup>144</sup>, үмматім<sup>144</sup>!» – деп, өкпесі ұшып:  
– Тоқта, Дозақ<sup>145</sup>, тулама, тұра тұр! – деп,  
Алдынан келер тақсыр құстай ұшып.

– Я<sup>146</sup>, Раббы, тілемейміп мен өзімді,  
Сарғайытдым<sup>147</sup> үммад<sup>148</sup> үшін күл<sup>149</sup> жүзімді.<sup>150</sup>  
Күйдіретер болсаң, ей, Дозақ, мені күйдір<sup>151</sup>,  
Жолына үмматімнің<sup>152</sup> мен құрбандық!<sup>185</sup>

Бір басын үммат<sup>148</sup> үшін отқа тастап,  
Котеріп<sup>153</sup> жасыл туды жұрытды<sup>154</sup> бастап.  
«Құр, құрлаб<sup>155</sup>, асау атды<sup>156</sup> токтатқандай,  
Дозақтың<sup>157</sup> шынжырынан тұрар ұстап.

Келеді пайғамбармен Дозақ<sup>145</sup> сөзге:  
– Күйдіруге<sup>158</sup> харам болған сізді бізге!  
Хұданың амрімен мен келемін<sup>159</sup>,  
Кісім коп<sup>160</sup> күйдіретін сізден өзге!

Жаратды ғазаб үшін мені Хұдай<sup>161</sup>,  
Тұтбасқа Хақ амiрiн емес оңай<sup>162</sup>!  
Кұнакар ғасыларды күйдiремiн<sup>163</sup>,  
Алдымнан сiз кетiнiз, тұрма<sup>164</sup>, былай!

– Мен кiммiн, коз салсаңшы<sup>165</sup> келбетiме,  
Келмеген сенен басқа көп<sup>166</sup> бетiме!  
Қайта ғой тiлiмдi алып осы арадан<sup>167</sup>,  
Жiбермен мұнан бұлай үмматiма<sup>168</sup>!

Дозақбен<sup>169</sup> тұрар тақсыр көп дауласып,  
Басынан жалын менен түтiн асып<sup>170</sup>.  
Лапылдап жалын, түтiн болмаған соң<sup>171</sup>,  
Жiберген<sup>172</sup> Аятолым бiр су шашып.

Тоқтатар Хақ Пайғамбар<sup>173</sup> қарсы келiп,  
Хұрматiн<sup>174</sup> тоқтамайды, Дозақ<sup>145</sup> бiлiп.  
Су шашып Аятолым жiберген соң,  
Лап етiп дозақ оты қалды<sup>175</sup> сөнiп.<sup>176</sup>

Ғаршының сол<sup>177</sup> жағына барып тұрар,  
Қуанып жан-жануар козi корер<sup>178</sup>.  
Жаһаннам ғазап отын сөндрiген соң<sup>179</sup>,  
Асқанын Мұхаммаддiң ғалам бiлер<sup>180</sup>.

Айтыңыз Мұхаммадка<sup>181</sup> салауат көп,  
Айытсақ та, қанша мақтап бiзлерге еп<sup>182</sup>.  
Бұл сөзге далiл үшiн келген аят<sup>183</sup>,  
Құранда:» Рахматiл лiл ғаламин<sup>184</sup>!» – деп. <sup>186</sup>

## Елу бесінші. Қиаматда он екі түрлі боп тіріледі адам<sup>1</sup>

Бұл жерде пайғамбардан бір сөз келді,  
Имамдар рауаятды содан терді<sup>2</sup>.  
Насихат есіткен жан бойсұнсын деп<sup>3</sup>,  
Көргенін бұл ғарібің жаза берді<sup>4</sup>.

Фата атуна<sup>5</sup>, айуажан<sup>6</sup> келген аят,  
Аят бенен<sup>7</sup> хадістан<sup>8</sup> бір хікаят<sup>9</sup>.  
Сахаба Мағаз бін<sup>10</sup> Жабіл<sup>11</sup> тақсыр,  
Қылыпты<sup>12</sup> пайғамбардан бір рауаят.

Пайғамбар айытды<sup>13</sup>: – Махшар күні болса,  
Тіріліп үматларім<sup>14</sup> корден<sup>15</sup> тұрса!  
Он екі түрлі болып тұрар жерден<sup>16</sup>,  
Хұдайым болып қазы, сауал сорса<sup>17</sup>.

Келеді бір түрлісі<sup>18</sup> маймыл<sup>19</sup> болып,  
Сасыған қанды ірінге<sup>20</sup> іші толып.  
Темірден тырнақтары, бетін тырнап,  
Өз бетін алып салып<sup>21</sup>, өзі жұлып.

Қалайық жиылысқан тұрар дейді<sup>22</sup>,  
Періште күрзі бірлан ұрар дейді.  
Тамам жұрыт<sup>23</sup> қорыққаннан дір-дір етіп:  
– Не қылған жазалы адам бұлар?! – дейді.

– Дүниеде бой бақбаған<sup>24</sup>, тілін тартып,  
Таубасіз<sup>25</sup> бұл дүниеден кеткен өтіп<sup>26</sup>.  
Арасын екі адамның шағыстырып<sup>27</sup>,  
Жүгірген<sup>28</sup> үйден-үйге өсек айтып.

Мұнан<sup>29</sup> соң келеді екен<sup>30</sup> ылғи доңыз,  
Жонынан жарылғандай болып семіз.

Бұдағы бір топ боп жиылады<sup>31</sup>,  
Саны жоқ коптигінің<sup>32</sup> ұшан-теңіз.

Бордақға<sup>33</sup> байлағандай барі<sup>34</sup> жемдеп,  
Денесі ісін кепкен аузын сымдап<sup>35</sup>.  
Тамам жұрыт қорыққаннан тамаша ғып<sup>36</sup>,  
Сұрайды<sup>37</sup> бір-бірінен: – Бұлар кім?! – деп.

Бір жан жоқ осы күнде<sup>38</sup>: «Хұдай<sup>39</sup>», – деген,  
Рузамен<sup>40</sup>, ісі болмас<sup>41</sup> намазбенен.  
Ғаріп-қасар, нашарды зар жылатып<sup>42</sup>,  
Ойламай<sup>43</sup> кісі ақысын арам жеген. <sup>44</sup>

Келеді енді бір топ ізіменен,  
Адамға қарай алмай жүзіменен<sup>45</sup>.  
Сүйретін<sup>46</sup> басын жерге, қаб-қара<sup>47</sup> боп,  
Етбетдеп<sup>48</sup> жерді басып жүзіменен. <sup>49</sup>

Дүниеде қорықбай қылған бұлар пайда<sup>50</sup>,  
Өсімге ақша беріп қылған хайла <sup>51</sup>.  
Аркімге ақша беріп өз қолымен<sup>52</sup>,  
Үстінен ақшасының жеген пайда.

Келеді бір түрлінің козі<sup>53</sup> алақтап,  
Сол шығып, желкесінен тіл салақтап<sup>54</sup>.  
Данеме<sup>55</sup> екі көзден орын жоқ боп,  
Барарын білмей қайда сандалақтап<sup>55</sup>. <sup>56</sup>

Байларға бұлар орнын<sup>57</sup> тұрып берген,  
Күштіге нашардікін жығып<sup>58</sup> берген.  
Дүниеде өз бетімен билік айтып<sup>59</sup>,  
Торесін он тыйынға<sup>60</sup> бұрып берген.<sup>61</sup>

Келеді бір түрліні<sup>62</sup> періште айдап,  
Аузынан ірің ағып, соры қайнап.

Салбырап тілі шығып<sup>63</sup> кеудесіне,  
Тілдерін аузымен<sup>64</sup> қыршып шайнап.

Бұлар сол: ұғып<sup>65</sup> ұқпай босқа қалған,  
Шын болмай ықласы<sup>65</sup> болып жалған.  
Жұрытка<sup>66</sup> айтып насикатды<sup>67</sup>, өзі қылмай<sup>68</sup>,  
Бос қалған біле тұрып сол ғамалдан.<sup>69</sup>

Өтеді ар қылымысты шұбалаңдап,  
Аяғын сол күндерде<sup>70</sup> басар аңдап.  
Дүниеде ішбір ғамал істемеген<sup>71</sup>,  
Кесілген қол-аяғы домалаңдап.

Бірі боп он екiнiң бұ да барған,  
Анық дүр Құран сөзі емес жалған<sup>72</sup>.  
Қызығып бұл дүниеде сол сұқтанып<sup>73</sup>,  
Түрiткiлеп коршiсiнiң тишын<sup>74</sup> алған.<sup>75</sup>

Бұтаққа отдан болған бұл асылып<sup>76</sup>,  
Аузынан жан-жағына от шашылып.  
Ұлыққа ағайының шағыстырған<sup>77</sup>,  
Бiлдiрмеген боп жүрiп, жасырынып<sup>78</sup>.

Жыланға шаян менен іші толып,  
Иісі боқтан жаман сасық болып<sup>79</sup>.  
Қой басып, сыйыр<sup>80</sup> сүзіп, жылқы таптап<sup>81</sup>,  
Ар<sup>82</sup> жерге бір домалап<sup>83</sup> жатып тұрып.

Перiште тiптi еркiне<sup>84</sup> қоймай айдар,  
Бұрқылдап тобесiнде<sup>85</sup> мыйы<sup>86</sup> қайнар.  
Сiпатпен<sup>87</sup> осы айтылған келедi екен,  
Бермеген зекетдерiн<sup>88</sup> сараң байлар.

Кигенi бiр түрлiнiң ылғи темiр,  
Қаб-кара<sup>47</sup> өне бойы, болып<sup>89</sup> комiр<sup>90</sup>.

Мақтанып неше түрлі киім киіп<sup>91</sup>,  
Мінезі такапбар боп сүрген өмір<sup>92</sup>.

Қанды ірің алды-артынан сар су ағып,  
Мойнына отдан<sup>93</sup> болған жіп тағылып.  
Қосақтап шайтан менен қабат айдап<sup>94</sup>,  
Бетін қаб-қара<sup>47</sup> ғып күйе жағып.

Аралас еркек бенен<sup>48</sup> ұрғашысы,  
Қаптайды махшар қалқын жаман иісі.  
Таубасіз<sup>25</sup> өтін кеткен күнакарлар<sup>95</sup>,  
Жалғанда зіна<sup>96</sup> болып қылған ісі. <sup>97</sup>

Жүздері кара болар көздері кок<sup>98</sup>,  
Қалқына ғарасатдың қорінер жек<sup>99</sup>.  
Салбырап төмеңгі ерні жерді тіреп<sup>100</sup>,  
Отбенен<sup>101</sup> қарны<sup>102</sup> толған өз етін жеп.

Жылатып жетімдердің малын жеген,  
Саудада жалған айтып<sup>103</sup>, жанын берген.  
Аракты ішуменен ғұмыры откен<sup>104</sup>,  
Кесілген өңшең тілі бір топ құзғын<sup>105</sup>.

Біреуге өтірік айтып қуа болған<sup>106</sup>,  
Біле тұрып кейбүреу айытбай тұрған.  
Тілі жоқ кейбіреу мылқау болып ,  
Сөйлерге халі келмей қарап тұрған. <sup>107</sup>

Дүниеде ғашіллікпен<sup>108</sup> алданғандар,  
«Қылдық, – деп, – Хақға<sup>109</sup> құлдық!» – малданғандар.  
«Құлақ жоқ, кесік болып келер», – дейді,  
Зорсынып, өзін-өзі таңданғандар!

Келеді ең соңында он екінші<sup>110</sup>,  
Жүздері айдай болған он төртінші<sup>111</sup>.

Жарық еткен нажағайдың оғындай боп<sup>112</sup>,  
Асады бір күнгіден бір күнгісі<sup>113</sup>.

Алтын таж<sup>114</sup> басқа киген құндыздай боп,  
Нұрланар<sup>115</sup> тапа-тал түс күндіздей боп.  
Жарық<sup>116</sup> етіп он төртінші<sup>117</sup> туған айдай,  
Көзлері – хаза шамс<sup>118</sup> жұлдыздай боп. <sup>119</sup>

Бұл адам намаз оқып, руза<sup>120</sup> тұтқан,  
Ісламның<sup>121</sup> бес парызын қоңліне ұққан<sup>122</sup>.  
Парыз, уажіп<sup>123</sup>, сүннатді<sup>124</sup> бажай кылып,  
Жана да<sup>125</sup> бойын тартып жамандықтан<sup>126</sup>.

## **Елу алтыншы. Барша Мақлұқ қиаматда бес бөлінеді<sup>1</sup>**

Баршаны қиамат<sup>2</sup> күн беске бөлер,  
Бір бөлегі<sup>3</sup> дозаққа<sup>4</sup> тез жөнелер.  
Ол жамағат – шайтан дүр<sup>5</sup>, білмек болсаң,  
Бір бөлініп жерменен жер боп кетер<sup>6</sup>.

Білсеңіз, топрақ<sup>7</sup> болған жануарлар,  
Сауапда, күнада жоқ қылған алар<sup>8</sup>.  
Сол сабапті топраққа<sup>9</sup> қосылады,  
Өш апереді бір бірінен паруардіғар<sup>10</sup>.

Хисапқа<sup>11</sup> тұтылады бір бөлегі<sup>12</sup>,  
Жиылған<sup>12</sup> болса ағар адам пері.  
Жараса қылмысына жаза көрін,  
Қай орынға жібереді Берубары<sup>13</sup>.

Бір бөлегі<sup>3</sup> кормейді<sup>14</sup> іш<sup>15</sup> бір хисап,  
Жаратқан Алла оны<sup>16</sup> ұжмаққа арнап.<sup>17</sup>  
Сұралар төріт<sup>18</sup> нарседен<sup>19</sup> барша адам,  
Аяғын аттатбастан<sup>20</sup> жалғыз қадам.

Ауелі<sup>21</sup> сұрайды екен: – Ғұмырыңнан,  
Не бірлан өткізгенің айыт, – деп, – маған?!<sup>22</sup>  
Екінші айтады<sup>23</sup> екен: – Бердім көп<sup>24</sup> мал,  
Қай орынға сарып<sup>25</sup> етдің<sup>26</sup>, ей, бейқабар<sup>27</sup>?!

Халалға жұмсадың ба, я<sup>28</sup>, харамға?  
Бір күрешін<sup>29</sup>, қалдырмай, орнына сал!

Үшінші, бердім саған ұзын ғұмыр,  
Не ғамалмен өткіздің банда<sup>30</sup> мағрұр<sup>31</sup>?!  
Бар қылған жақсылығың сенің қайда?!  
«Тағат қыл! – деп бұйырғам, – баршаңа біл!»

Төртінші, мен қылғамын<sup>32</sup> деніңді сау:  
«Күндіз руза<sup>33</sup> болсын, – деп, – түнде ояу».  
Күш-қуатың<sup>34</sup> қай жерге сарып<sup>25</sup> қылдың,  
Айытқам жоқ ба баріңе: «Напсі, – деп, – жау!»<sup>35, 36</sup>

– Бір Хұданың деп айтар бандасіміз<sup>37</sup>,  
Істемес бандашілік<sup>38</sup> банда<sup>30</sup> ар<sup>39</sup> кез.  
Тілеуін Хұдай қайтін берсін оның<sup>40</sup>,  
Арам ой ойлағаны кеше<sup>41</sup> күндіз.

Екінші Хақтан тілер халал рызық<sup>42</sup>,  
Қанағат жоқ ішкімде<sup>43</sup>, ойы бұзық.  
Бірін-бірі алдаумен күні<sup>44</sup> өтеді,  
Іш өзі түзелмейді болып түзік<sup>45</sup>.  
Ойламас үшіншісі ақыретті<sup>46, 47</sup>  
Корсе де, қорықбайды көп апатды<sup>48</sup>.

Төртінші<sup>49</sup>, айытқан<sup>50</sup> өлім болар рас,  
Жан үшін ақыретдің<sup>51</sup> ісін қылмас.  
Өлімді ойға алса, қорқар еді,  
Бұл күнде іш<sup>15</sup> кісіде тауба<sup>52</sup> болмас.

Аркімнің<sup>53</sup> болса өлім ойларында,  
Іш<sup>15</sup> күна<sup>76</sup> жолатпас бойларына.  
Үш нарсені коңліпе Хұдай салар<sup>54</sup>,  
Жақсылық басшы болып жолларына<sup>55</sup>.

Жатса, тұрса, тілінен тауба<sup>52</sup> қалмас,  
Қанағатшыл болады, қалса да аш.  
Үшінші, ғадат қылған тағатдарын<sup>56</sup>,  
Жүрседе арып-шаршап іш қалдырмас<sup>57</sup>

Өлім керек қылмаса ар<sup>58</sup> бандасі<sup>59</sup>,  
Даяр тұр аныңдағы үш нарсесі<sup>60</sup>.  
Таубанің<sup>61</sup> не екенін білмей кетер,  
Намазға болмас оның ықыласы.

Үшінші, онда ішбір<sup>62</sup> қанағат жоқ,  
Ерте-кеш аңдығаны – өсек-отрік<sup>63</sup>.  
Қайтып қарыны ашбастай<sup>64</sup> ойланады,  
Мал бітсе он қарадай<sup>65</sup>, сүйтіп жүріп.

Дүниеден ол<sup>66</sup> өтеді ғапіл болып<sup>67</sup>,  
Басына бір күн ажал уақты жетсе<sup>68, 69</sup>,  
Агар да күна бірла күнің өтсе<sup>70</sup>.  
Барады күнаң<sup>71</sup> сенің бірге ілесін,  
Қабірға қауым қалқың көміп кетсе<sup>72</sup>.

Қабіріңа<sup>73</sup> бірге кірер өзіңменен,  
Шошиды көрген шақта ғазиз денең.  
Түсі жаман бір пақыр жігіт болып,  
Деп айтар: – Айрылмаймын тіпті сенен!

– Қасымнан, – сен айтарсың, – жылдам кет! – деп,  
– Не жұмысқа келдің, – деп<sup>74</sup>, –ей, жігіт? – деп.  
– Дүниедегі жолдасың жақсы көрген<sup>75</sup>,  
Мен емес пе?! – деп айтар, бетпе-бет кеп.

– Дүниеде күна<sup>76</sup> қылдың, қорықпай Хақдан<sup>77</sup>,  
Паленше<sup>78</sup> батыр десе, қылып мақтан,  
«Ұры-қары» – дегенге сен семірдің,  
Сол күнаңнан<sup>79</sup> жаралдым ахмақ<sup>80</sup> надан!

– Менен сіз таза болдың<sup>81</sup>, сен қалайша?  
Күнамен өмірің өтді, ей, паланша<sup>82</sup>!  
Жіберді: – Бірге бол! – деп, мені Хұдай<sup>8</sup>,  
– Ғазап қылам қиаMAT<sup>2</sup> – қайымғаша!

Саған келген қазірда<sup>84</sup> сұраушы бар,  
Жауабын бере алмасаң, сені ұрар.  
Тіліңді айытқызбастан, мен богермін<sup>85</sup>,  
Замана басыңызға ақыр болар!

Сол шақта оған кіргей екі Малак<sup>86</sup>,  
Сұрайды: – Раббың кім, – деп, – ей, ахмақ<sup>80</sup>?!  
Күнаңіз<sup>87</sup> қасындағы тілің буып,  
Сойлетпес<sup>88</sup> қабірінда<sup>89</sup>, сен оған<sup>90</sup> бақ!

Қылыңыз тіршілікте<sup>91</sup> аз күн ғамал,  
Ғамалың қиаMAT күн азық болар<sup>92</sup>.  
Күна<sup>76</sup>, сауап қылсаң да жаның үшін,  
Қабіріңа<sup>93</sup> жолдас болып бірге барар.

Істесең жақсы<sup>94</sup> ғамал, ғаріп<sup>95</sup> банда,  
Алдыңнан қарсы шыққай қабірінда<sup>89</sup>!  
Бек коркем<sup>96</sup>, қош иіслі<sup>97</sup> жігіт болып,  
Мұлайім сынықлықбен тұрғай анда<sup>98</sup>!

Танымай сен сұрарсың: – Сіз кімсіз? – деп,  
Бөгелмей жігіт сонда, бастағай кеп:  
– Дүниеде езгу<sup>99</sup> қылған ғамалыңмын,  
Жолдас боп сеніменен тұрамын! – деп.

– Енді жоқ мұнан былай сенде уайым,  
Жіберген мені саған бір Хұдайым<sup>100</sup>.  
Қиамат-қайымғаша<sup>101</sup> қызметкермін,  
Болады жаннат ағла<sup>102</sup> сенің жайың.

Келеді енді саған екі Малік<sup>103</sup>,  
Бар сөзді мен тұрамын аузың сап<sup>104</sup>.  
Сескеніп періштеден, іш қорықпай<sup>105</sup>,  
Берерсін бөгелместен жақсы жауап.

Келеді сол арада<sup>106</sup> Мүңкір-Наңкір<sup>107</sup>,  
«Ман раббік<sup>108</sup>, расулың сенің кім?! – дер.  
Ғамалың сонда тұрып жауап бергей:  
«Періште, не сұрасаң<sup>109</sup>, мен – жауапкер!»

Жауапты оған бермей елік<sup>110</sup> халда,  
Расулы – Мұхаммад<sup>111</sup> дүр, раббысы – Алла!»  
«Дін – ислам – барша діннің айзалы!» – деп,  
Ғамалың бар жауапты бергей анда<sup>112</sup>!

## Елу жетінші. Ұжұмахдың аты, әм сипаты<sup>1</sup>

Тағы да баяндайын ұжмақ<sup>2</sup> атын,  
Жаратды<sup>3</sup> Алла Тағала неден<sup>4</sup> затын?!»<sup>5</sup>  
Кіреді ғамал қылған езгу<sup>6</sup> жандар,  
Сарайдың есігі бар, барі жауһардан<sup>7</sup>.  
Ішінде бұтақдары<sup>8</sup> – барі<sup>9</sup> нұрдан,  
Төріт<sup>10</sup> дариа<sup>11</sup> ұзын<sup>12</sup> ағар арасынан,  
Балдан – татді<sup>13</sup>, сүтден<sup>14</sup> – ақ, суық – қардан.

Бірінші аққан дариа<sup>11</sup> – су дариасы<sup>12</sup>,  
Ішеді Хұдай<sup>15</sup> жазса ар<sup>16</sup> бандасі<sup>17</sup>.

Екіншісі – жаралған шекер мін<sup>18</sup> сүт,  
Үшіншісі жана<sup>19</sup> ағад<sup>20</sup> – бал жылғасы.

Төртінші дариа<sup>11</sup> бар, барі<sup>9</sup> – хамір<sup>21</sup>,  
Іше алмас, өз жанына қылса забір<sup>22</sup>.  
Су<sup>23</sup> түгіл, ұжмақтың<sup>24</sup> маңын көрмес,  
Істесе өне бойы күна қабыр<sup>25</sup>.

Бұларды<sup>26</sup> Мағражда<sup>27</sup> көрген Расул,  
Сұраған: – Баян қыл деп<sup>28</sup>, ей<sup>29</sup>, Жебрайіл<sup>30</sup>!  
Қайдан шығып, қай жақға<sup>31</sup> ағады?! – деп,  
Көзі қайдан шыққанын білмеген сол.

Жебрайіл<sup>30</sup> айытды<sup>32</sup> сонда: – Қайрыланам<sup>33</sup>,  
Бір Хұдай<sup>15</sup> білдірмеген мұны маған!  
Хұдайға<sup>34</sup> менен корі<sup>35</sup> өзін жақын,  
Дұға қылсаң, корсетер<sup>36</sup> Алла тағалам!

Расулім дұға қылғай<sup>37</sup> алгі<sup>38</sup> жайда,  
Алдынан бір періште болар пайда:  
Келді де қарсы алдынан, сәлем беріп:  
– Жұм, – деді<sup>39</sup>, – көзіңізді! – пайғамбарға.

Пайғамбар: – Жұм, – деген соң, жұмды көзін,  
Түбінде бір ағаштың көрді<sup>40</sup> өзін.  
Бір інжудан жаралған мұнара тұр,  
Есігі құлыптаулы, корсе<sup>41</sup> жүзін.

Рахматын<sup>42</sup> жаратқан сегіз ұжмақ,  
Мыңнан бірін айтайын<sup>43</sup> мен сипатын.

Бірінші ұжмақ<sup>2</sup> аты – Дарал жанан<sup>44</sup>,  
Кауһардан<sup>45</sup> жаратыпты Алла тағалам.  
Жаратқан екіншісін сап<sup>46</sup> алтыннан,  
Аты дүр бүреуінің – Даріс салам<sup>47</sup>.

Үшіншінің<sup>48</sup> аты екен – Жаннат ма ауі<sup>49</sup>,  
Жаратқан забаржатдан<sup>50</sup> Хақ тағала.  
Даріл хад<sup>51</sup> – тортіншінің<sup>52</sup> аты болар,  
Сар жақұтдан жаралған орны ағлы<sup>53</sup>.

Ұжмақтың<sup>24</sup> бесіншісі – Жаннат нағім<sup>54</sup>,  
Ақ күмістен жаратқан, аны<sup>55</sup>, тағин<sup>56</sup>.  
Жаннаты Ғадн<sup>57</sup> – ерұр<sup>58</sup> алтыншысы,  
Жақұтдан<sup>59</sup> жаратқан дүр Құдрет Карім<sup>60</sup>.

Ұжмақтың<sup>24</sup> жетіншісі – Даріл<sup>61</sup> қарар,  
Ішінен езгу<sup>62</sup> банда<sup>63</sup> орын алар.  
Ақ інжуден жаратды<sup>3</sup> пазлымен<sup>64</sup>,  
Ғамал қылсаң кіруге, саған жарар.

Сегізінші ұжмақ<sup>2</sup> аты біл – Ирдауіс<sup>65</sup>,  
Ұжмақтан<sup>66</sup> үміт қылсаң, болма жауыз.  
Лағылдан Алла тағала жаратыпды<sup>67</sup>,  
Сіпатын<sup>68</sup> келтіралман<sup>69</sup> айтып ауыз.

Ар<sup>6</sup> ұжмақтың есігі<sup>70</sup> бар екі бірдей,  
Кендігі<sup>71</sup> үлкендігі кок<sup>72</sup> бен жердей.  
Қызыл жақұтдан<sup>73</sup> маржан<sup>74</sup> жаратыпты,  
Айтуға тоқталамын аузым келмей.<sup>75</sup>

Шарбағы сарайлары – інжу жақұт,  
Құлпы бар сап алтыннан корсе аның<sup>76</sup>,  
Өлшеусіз үлкендігі мұнараның<sup>77</sup>.  
Дүниа<sup>78</sup> толған бар мақлұқ<sup>79</sup> басына шықса,  
Тау басына құс қонғандай болмас аның<sup>80</sup>.

Кірпіші – жасыл жақұт салған панар,  
Төріт<sup>10</sup> дариа<sup>11</sup> сол астынан ағып жатыр<sup>81, 82</sup>  
Періште: – Кіргіл! – деді<sup>39</sup>, сонда тұрып,  
Деп айытды: – Кіре алам ба, ашылса өзі?<sup>84</sup>

Ашылуы<sup>84</sup> хақ пайғамбар өзіңізде,  
Ашылар «Ла ила һа илла Алла!<sup>85</sup>» – десеңіз көп.  
Есігіп бұл каламны<sup>86</sup> ауызға<sup>87</sup> алдым,  
Ашылған алгі<sup>38</sup> есікке<sup>88</sup> қайран қалдым.

Пайғамбар айытды<sup>32</sup>: – Суынан ішіп тойдым,  
Ойланып, жете алама<sup>89</sup> түбіне ойдың.  
Төріт<sup>10</sup> дарианың<sup>90</sup> коздерің табалмаған<sup>91</sup>,  
Қайтуға енді онан көңіл қойдым.

Періште: – Қара, – деді<sup>39</sup> жана<sup>19</sup> екінші,  
Аралап іші-тысын абден<sup>92</sup> тыншы.  
Сөзімен періштенің қарап едім,  
Төріт<sup>10</sup> бұрышынан сарқыраған дауыс шықты.

«Бісімілла<sup>93</sup>», – деп жазып қойған бір бұрышқа,  
Жазылған бір бұрышқа: «Лапіз Алла!»<sup>94</sup>  
«Ар рахман<sup>95</sup>», – жазылған бір бұрыш бар,  
«Ар рахим<sup>96</sup>», – жазылыпты төртіншіде.

Бісімілланың міннан шығар хаят дариа<sup>97</sup>,  
Біланьң һасінан<sup>98</sup> шығар Лапіз<sup>99</sup> Алла.  
Мемінан ар<sup>100</sup> рахманның хамар ағып,  
Ар рахимнан<sup>101</sup> сүт ағар, біл, тамаша

Есітдім<sup>102</sup> сол арада бір наданы:  
– Я<sup>103</sup>, Мұхаммад<sup>104</sup>, құлақ сап, тыңда мұны!  
Үмматиңні<sup>105</sup> сол судан суғарармын,  
Ықыласпен айтар болса «Бісімілланы»!

Кімде-кім тағат қылса ықылас ила<sup>106</sup>,  
Сембі<sup>107</sup> күн ішер рақат дариасынан<sup>108</sup>.  
Жексембі<sup>109</sup> күн ішеді бал жылғасын,  
Тауба қылса, тіленіп күнасынан<sup>110</sup>.

Хамар дариа<sup>11</sup> – ішілер дүйсембі<sup>111</sup> күн,  
Хұдайдан<sup>112</sup> қорқып жүрсе күндіз бен түн.  
Суғарар сейсембі<sup>113</sup> күн сүтден<sup>14</sup> жана,  
Сақтанса харам істін барша<sup>114</sup> бүтін.

Сулары бұл дарианың хауыз каусар<sup>115</sup>,  
Бұлардан ішкен кісі мас боларлар<sup>116</sup>.  
Токтамас бұдан ұшып, ішкенен соң<sup>117</sup>,  
Бір тауға жұпар болған барып қонар.

Ол<sup>118</sup> тауда жана<sup>19</sup> ақған бар «Салсабіл<sup>119</sup>» –  
Суғарар сәрсембі<sup>120</sup> күн осынан, біл.  
Суынан Салсабілдің<sup>121</sup> ішкеннен соң,  
Мас болып ұшады екен тағы мың жыл<sup>122</sup>.

Мұнан соң қонатыны – Түбі<sup>123</sup> ағашы,  
Неше мың сарай толған айналасы.  
Құрылған ар<sup>16</sup> сарайда тақыт<sup>124</sup> бар дүр,  
Отырар сонда барып ар<sup>16</sup> бандасі<sup>17</sup>.

Періште алып келіп Занжабылдан,  
Суғарар бір Хұданың<sup>125</sup> амрі<sup>126</sup> бірлан.  
Сембі<sup>127</sup> күн ішеді екен езку банда,  
Хұдаға хамд айтар барі<sup>9</sup> бірден.

Басына сая болар ақ бұлыт<sup>128</sup> кеп,  
Бұлытдан<sup>129</sup> жауһар тажлар<sup>130</sup> жауады көп.  
Басына таждар киіп<sup>131</sup>, хулла<sup>132</sup> оранып,  
Қуанып ұшады екен<sup>133</sup>, мың жыл тұрып.

Орнына қайтып келер барі бірден<sup>134</sup>,  
Жұмға<sup>135</sup> күн қонақ қылған Алла барін<sup>136</sup>.  
Алланын рахматынан<sup>137</sup> тағам татып,  
Сол жерде корсетеді<sup>138</sup> шын дидарын.

Арқайсы<sup>139</sup> мас болады шарап ішіп,  
Хұдая, ар бандага қылғыл насіп!<sup>140</sup>  
Періште<sup>141</sup> қолтығына кіріп алып,  
Келтірер өз орнына, алып, ұшып:

«Осындай даражалар онда бар дүр!»<sup>142</sup>  
Ар<sup>16</sup> банда<sup>63</sup> напсі тиған<sup>143</sup> орын алар!  
Ісіміз күндіз-түні<sup>144</sup> ғапіллікта<sup>145</sup>,  
Біз- ахмак<sup>146</sup>: бұл нығматді<sup>147</sup> қайдан табар?!

## **Елу сегізінші. Ібін Ғаббастан рауаят жаһаннамнан<sup>1</sup>**

Сөйлеген Ібін<sup>2</sup> Ғаббас бір рауаят,  
Сол кісі жаһаннамды қылған сіпат<sup>3</sup>:  
– Жаһаннам жер астынан шығар! – дейді,  
– Періште ие болып жетбіс<sup>4</sup> мың сап.

Періште құршап<sup>5</sup> алған айналасын,  
Сол күнде не кормейді ғаріп<sup>6</sup> басың?!  
«Отыз мың бас бар, – дейді, – жаһаннамда,  
Ар баста отыз мыңнан ауыз бар да<sup>7</sup>.

Ар ауызда отыз мың тісі бар дүр<sup>8</sup>,  
Тағат қыл, мұнан қорқып ғапіл банда<sup>9</sup>.  
Ар<sup>10</sup> тісі, ухит<sup>11</sup> – таудай, білгіл мұны,  
Ар ауызда<sup>12</sup> бар, – дейді, – екі еріні.

Ар<sup>10</sup> ерінде отдан<sup>13</sup> болған шынжыр бар дүр,  
Майыстырып сол келер<sup>14</sup> қара жерді.  
Періште тұтқасынан мықтап ұстап<sup>15</sup>,  
Ғаршының сол жағына акеп қояр<sup>16</sup>.

Ар<sup>10</sup> тұтқаның зорлығы – бір-бір сарай,  
Ғаршының сол жағына орнар сондай.  
Тамұғны<sup>17</sup> бұл сіпатлы<sup>18</sup> жаратыпды<sup>19</sup>,  
Ғасыдан ош<sup>20</sup> алмаққа падша<sup>21</sup> Хұдай<sup>22</sup>!»

Хұдая<sup>23</sup> өзің сақта жаһаннамнан,  
Үміткер рахматыңнан<sup>24</sup> барлық бандаң<sup>25</sup>.  
Хабибінің<sup>26</sup> хұрметі<sup>27</sup> үшін ғапу<sup>28</sup> қылғыл,  
Жабкуші ғайыпларны – Хұдауандам<sup>29</sup>!

### **Елу тоғызыншы Имансыздың халі<sup>1</sup>**

Хұдайым<sup>2</sup> имансызға қылған орын,  
Қайнатар соған кірген жанның сорын.  
Дінсіздің жүзін – қара, козін<sup>3</sup> көк қып,  
Пешетдеп<sup>4</sup>, айдап келер, құлақ, мұрнын.

Тамұқдың<sup>5</sup> алып келіп қақпасына,  
Забани<sup>6</sup> ие болар бас-басына.  
Қолында Забанидің<sup>7</sup> отды<sup>8</sup> шынжыр,  
Жапсырар имансыздың жағасына.

Аузына<sup>9</sup> келіп ұрған шынжырменен<sup>10</sup>,  
Бір ұшы барып шығар<sup>11</sup> дүбірінен<sup>12</sup>.  
Сол қолын мойнына<sup>13</sup> қоса таңып,  
Оң қолы тесіп шығар бүйірінен.

«Қосақтап шайтанменен<sup>14</sup> оны бірге,  
Аяғынан сүйретін, жүзін – жерге,  
Апарып жаһаннамға салар», – дейді,  
Хұдая<sup>15</sup>, кез келтірме ғаріп<sup>16</sup> ерге!

Ғазаптың бүгүн<sup>17</sup> дамiн<sup>18</sup> татыңыз! – деп,  
– Ал, ендi жаһаннамға жатыңыз! – деп.  
– Дүниедағы<sup>19</sup> бар қылған күнаң<sup>20</sup> үшiн,  
Қызыққа ендi бүгүн<sup>17</sup> батыңыз! – деп.

Патима<sup>21</sup> – пайғамбарым сүйер қызы,  
Сұрапты атасынан сол бiр сөздi:  
– Үматiңiздi<sup>22</sup> қай рауысша<sup>23</sup> айдар екен?  
Жебiрайiлдан<sup>24</sup> сұрадыңыз<sup>25</sup> ба, айыт<sup>26</sup>, – деп, – мұны!

Қызына пайғамбарым айытқан<sup>27</sup> жана<sup>28</sup>:  
– Болмайды үматiмда<sup>29</sup> бұл нишана<sup>30</sup>.  
Жүзi қара, көздерi көк болмайды,  
Шынжырдан жырақ қылған Хақ тағала.

Үматiм<sup>31</sup> үш бөлек<sup>32</sup> болар күнакары<sup>33</sup>,  
Тағат қылмай, пасық боп, өтсе карi<sup>34</sup>.  
Екiншiсi – таубасiз<sup>35</sup> өткен жiгiт,  
Үшiншi<sup>36</sup> – ұрғашының зiнакары<sup>37</sup>.

Қатындарды сүйрейдi маңдай шаштан,  
Жiгiтдi<sup>38</sup> сүйрейдi коркiне<sup>39</sup> карамастан.  
Ақсақалды сүйрейдi сақалынан,  
Күна қылса, Хұдайдан ұялмастан<sup>40</sup>.

Бұл үшеуi сол күнде қылса пiриад<sup>41</sup>,  
– Аһi, – деп зарлап жылайды қарт<sup>42</sup>.  
– Адеп<sup>43</sup> күтпей, бiз мұндай кор<sup>44</sup> болдық! – деп,  
Жiгiт пен қатын тұрып, қылар хасрат<sup>45</sup>.

Малiктiң<sup>46</sup> алып барған қастарына,  
Темiр бұғау шынжыр жоқ бастарында.  
Жүзi қара, көздерi<sup>47</sup> шағыр емес,  
Қарыт пенен<sup>48</sup> қарасаңыз, жастарына.

Малак<sup>49</sup> айтар: – Қай пайғамбар үматісіз<sup>50</sup>?  
Дүниеде қандай<sup>51</sup> ғамал істедіңіз!  
Тамұғының<sup>52</sup> сізде жоқ еш белгісі,  
Баян ғып пайғамбарың<sup>53</sup> айтыңыз сіз!

Сұрағаш<sup>54</sup> жауап келген ғасылардан:  
– Біздің сол пайғамбарға енген Құран.  
Бес уақыт, парыз болған күнде намаз,  
Рузасы<sup>55</sup> жана<sup>28</sup> парыз – рамазан.

– Бұлай<sup>56</sup> болса – Мұхаммад<sup>57</sup> пайғамбарың,  
Амірін<sup>58</sup> тұтпай қалайша болдың залым?!  
Құранда мұғсиатдан тиған<sup>59</sup> жоқ па:  
«Қылма, – деп, – баріңізге – беру барім<sup>60</sup>!»

– Сіздерді жіберді ма: «Күна қыл!» – деп<sup>61</sup>,  
Бұйырар сонда Малак<sup>62</sup>: – Отқа тұт! – деп.  
Малактің айбатынан<sup>63</sup> жаман қорқып,  
Қышқырар арқайсысы<sup>64</sup>: «Мұхаммад<sup>57</sup>!» – деп.

Жылайды арқайсысы<sup>65</sup>, қылып паған<sup>66</sup>:  
– Жылауға рұқсат бер, – деп, – енді маған!  
Баріне<sup>66</sup> Малак<sup>62</sup> сонда рұқсат берген,  
Жылайды: жас орнына қып-қызыл қан!

Малік<sup>67</sup> айтар: – Бұл жылау бермес<sup>68</sup> пайда!  
Дүниеде тағат қылмай, жүрдің жайға.  
Ағар да<sup>69</sup> Хақтан қорқып, жыласаңыз,  
Саған ғазап болмас ед осы жайда!<sup>70</sup>

Жылауы пайда бермес зарре қадар<sup>71</sup>,  
Жабысар жағасына забанилар<sup>72</sup>:  
– Тауба<sup>73</sup> қылмай, сіз күна<sup>74</sup> істедің! – деп,  
Апарып рахым<sup>75</sup> қылмай, отқа салар.

Арқашан<sup>76</sup> от кеп тұтса, таһліл<sup>77</sup> айтар,  
От сонда күйдіре алмай, кейін қайтар.  
Малак<sup>49</sup> сонда қылады отқа нада:  
– Не сабапті<sup>78</sup> күйдірмей, қайтасыздар?!

– Біз қайытдык<sup>79</sup> ғасылардан жауап естіп,  
Арқайсы<sup>80</sup> айтып жатыр таһліл-шаріп<sup>81</sup>.  
Біз енді пайғамбардан ұяламыз,  
Күйдіру енді бізге емес лайық!

Малак<sup>62</sup> енді парман<sup>82</sup> қылған отқа сонда:  
– Бұлар сол Хаққа ғасы болған банда<sup>83</sup>.  
Алмаған пайғамбардың тағы тілін,  
Бұйырған: «Отқа жақ!» – деп, Хұдауанда<sup>84</sup>.

Хұданың<sup>85</sup> бұйрығымен от кеп ұстар,  
Күйдіріп аяғынан жіпсіз тұтар<sup>86</sup>.  
Тізесі, белі менен бұғазына,  
Тағы да жылан, шаян, – сол жабысар.

Бұларға забанилар қылмас рахым<sup>75</sup>,  
Тиыштық<sup>87</sup> ар<sup>88</sup> кез болмас оған тағын!  
Барша танин<sup>89</sup> күйдіріп<sup>90</sup> болғанан соң,  
Күйдіруге жүзіне келген жақын.

Малак<sup>62</sup> айтар: – Жүзіні<sup>91</sup> күйдірмеңіз,  
Хұдайға<sup>92</sup> сажда<sup>93</sup> қылған кеше күндіз.  
Тілі мен жүрегін де күйдірмеңіз<sup>94</sup>,  
Хақды<sup>95</sup> айтып, қылған шығар бір жақсы сөз.

Тарет<sup>96</sup> алған күйдірме бар ағзасын,  
Тұтқан шығар рамазан рузасын<sup>97</sup>.  
Хақдан<sup>98</sup> парман<sup>82</sup> боғанша, мұнда жатсын,  
Бір болар акырында жарылқасын<sup>99</sup>!

Жанарлар – намаз, руза<sup>100</sup> қазасына,  
Өтрік<sup>101</sup>, өсек, ғайбат азасына<sup>102</sup>.  
Аркім сол іштарапты құнын төлеп<sup>103</sup>,  
Қарата күнасының<sup>104</sup> жазасына.

Күнасына<sup>105</sup> қарата – болар тұтқын,  
Дүниеде күна<sup>74</sup> қылған неше дүркін!  
Біреуі аз, біреулері коп жатып-жатып<sup>106</sup>,  
Құтылып күнасынан<sup>107</sup> шыққан бір күн.

Қалмайды жаһаннамда иман аһлі<sup>108</sup>.  
Білерлік таһлілді<sup>109</sup> болса паһмі<sup>110,111</sup>.

Бұл күнде Хақдан<sup>98</sup> қорықпай, қылсаң күна<sup>74</sup>,  
Махшарда жеті нарсе<sup>112</sup> болар куа<sup>113</sup>.  
Баршасы айғақ болар саған келіп,  
Түсіріп бар күнаңды<sup>114</sup> мойыныңа.

Тандырмас сол бір<sup>115</sup> күні жеті куа<sup>116</sup>!  
Жер айтар: – Менде тұрып<sup>117</sup> күна<sup>74</sup> қылған!  
Екінші – Күн, үшінші – заман айтар:  
– Палан сағат, палан<sup>118</sup> уақыт, мінотде<sup>119</sup>! – деп.

Төртінші – куа<sup>113</sup> болар барша таниң<sup>120</sup>:  
Козбен<sup>121</sup> көріп, қолыңменен ұстағаның.  
Бесінші – басыңдағы үйің айтар:  
– Мен де қылған күнасының кордім<sup>122</sup> барін!

Алтыншы – куа<sup>113</sup> болар Жаратқан Хақ:  
– Сен қылдың менен қорықпай, ей,бетпақ<sup>123</sup>!  
Жетінші – екі періште куа<sup>113</sup> болар<sup>124</sup>,  
Кетеді бар күнаңды<sup>125</sup> мойныңа сап!

Арқашан<sup>76</sup> болса бізге қиамаат<sup>126</sup> күн,  
Тірілін барша адамзад<sup>127</sup> тұрып корден<sup>128</sup>.

Бір жерге бар мақлұқды жиып алып<sup>129</sup>,  
Бір Алла сауал сұрар қазы боп дүркін-дүркін<sup>130</sup>.

Күн тұрар найза бойы тобеге<sup>131</sup> кеп,  
Тамұғдан<sup>132</sup> сонда шығар бір бөлек от.  
От пенен күннен сонда жапа шегін,  
Тұрады мұнапiқтар<sup>133</sup> шарманда<sup>134</sup> боп.

От сонда колеңкедей<sup>135</sup> болар мұнар,  
Сол уақта бір перiште нада қылар:  
– Бастарыңа<sup>136</sup> көлеңке керек болса,  
Қалайық, ыстықтасан, барыңыздар!<sup>137</sup>

Қалықты<sup>138</sup> үшке бөлер перiштелер,  
Бiрi – мү амин<sup>139</sup>, бiреуi – мұнапiқдар<sup>140</sup>.  
Бiреуi бiр Аллаға шерiк қосып<sup>141</sup>,  
Табынған от бен бұтқа мүшрiқтар<sup>142</sup>.

Көлеңке тағы да<sup>143</sup> үшке бөлінеді,  
Бiрi – нұр, бiрi от боп көрiнедi.  
Бiреуi<sup>144</sup> сол – қара тұман, түтiн болып,  
Үшеуi үшеуiне<sup>145</sup> берiледi.

Болады мү аминдердiң<sup>146</sup> басында нұр,  
Көлеңке<sup>147</sup> мұнапiққа<sup>148</sup> от боп тұрар.  
Басына имансыздың түтiн болып,  
Көре алмай бiрiн-бiрi болады қор.

Сол күнде ғасылардың мыйы<sup>149</sup> қайнар,  
Мү аминдер<sup>150</sup> нұр iшiнде күл-күл жайнар.  
Аркiмдер<sup>151</sup> өз жанынан үмiт үзiп,  
Өзге қайтсiн<sup>152</sup>, сасқан соң пайғамбарлар.

Мiнапiқ<sup>153</sup> колеңкесi<sup>154</sup> – басында от,  
Милары бұрқылдайды қазандай боп.

Имансыз қалың тұман ішре<sup>155</sup> қалар,  
Қаб-қара<sup>156</sup> болады екен комірдей<sup>157</sup> боп.

Хұдая<sup>15</sup>, рахым<sup>75</sup> қылғыл сол күндерде,  
Бізні қып нұр ішінде мү аміндерден<sup>158</sup>.  
Өзіңнің пазлың бірлан<sup>159</sup> ғапу айлап,  
Қылмағыл кара тұман түнлерінде.

Тірілген<sup>160</sup> махшардағы барша<sup>161</sup> қалық,  
Болады сол күндерде жүз жыйырма<sup>162</sup> сап.  
Ар саптың<sup>163</sup> ұзындығы – қырық жылдық жол,  
Жиырма жылдық ені бар, қылған хісаб<sup>164</sup>.

Алардан: мү амін, – дейді, – үш- бөлегі<sup>165</sup>,  
Басқасы дінсіз ерур<sup>166</sup>, білсең тағы.  
Жүздері мү аміндердің<sup>146</sup> ай секілді,  
Сақтанған харам істен тінті мықты<sup>167</sup>.

Басқасы түсі кара, тамұғ аһлі<sup>168</sup>,  
Тамұғқа<sup>169</sup> арнап жаратқан таңірім<sup>170</sup> аны<sup>171</sup>.  
Арқайсысын<sup>172</sup> шайтанға қосақтайды,  
Хұдая<sup>15</sup>, бұл қатарда<sup>173</sup> қылма мені!

Хұдая<sup>15</sup>, рахым<sup>75</sup> айла, айдағанда,  
Ғасыға жазалы қып<sup>174</sup> байлағанда.  
Сақтағыл Хабибінің хұрматі<sup>175</sup> үшін,  
Тамұғның<sup>176</sup> оты қызып, жайнағанда.

Бір қауым жаза тартар жітбіс<sup>177</sup> мың жыл,  
Өткізген тағат қылмай, босқа өмір<sup>178</sup>.  
Денесі арық, иманнан жалаңаш боп.  
Семіртп қу напсісін<sup>179</sup>, өткізген сол.

Қарасаң, білмі бар, ғалым адам<sup>180</sup>,  
Ақырет ісін қылмаған, болып надан<sup>181</sup>.

Танін<sup>182</sup> босқа семіртіп, тағат қылмай,  
Напсінің<sup>183</sup> тілеуінше жүрген<sup>184</sup> адам.

Қарны сол – кебежедей қарасаңыз<sup>185</sup>,  
Тамығы<sup>186</sup> қылған өз малын, ішпей-жемей.  
Тамұғның<sup>187</sup> кіргізеді ең төріңе  
Забанилар текпілер адам демей.

Өзі қылмай, жұрытка айтып насихатды<sup>188</sup>,  
Ерініп істемеген сол тағатды<sup>189</sup>.  
Қылған ісі наданнан жаман болған,  
Хұдайым<sup>2</sup> алпыс мың жыл ғазап етді.

Бір кісі уағдасына қылса қылап<sup>190</sup>,  
Оны айтар: «Нақғыл ғәһду ал аманат»<sup>191</sup>.  
Аяғынан сүйретіп, басын жерге,  
Ғазапқа лақтырар неше қабат.<sup>192</sup>

Хұдайым<sup>2</sup> біл Мұсаға қылған қатаб<sup>193</sup>,  
Аманатқа қылса кісі бір қианат<sup>194</sup>.  
Шайтан менен екеуін бір қосақтап,  
Закумға<sup>195</sup> асылады ол лағнат<sup>196</sup>!

Астынан кіріп, от шығар аузынан<sup>197</sup>,  
Зарре<sup>198</sup> рахым<sup>75</sup> болмайды ар<sup>88</sup> кез оған.  
Аузы менен астынан<sup>199</sup> ірің ағар,  
Асылған соң ағашқа аяғынан.

Арақ ішкен бұларға серік жана<sup>28</sup>,  
Тауба<sup>73</sup> қылмай, бір кісі қылса зина.  
Намазды Хақдан<sup>98</sup> қорқып оқымаған,  
Өсімге ақша беріп, жеген рива<sup>200</sup>.

Бұлар сол ғазап корген<sup>201</sup> неше хүкіп<sup>202</sup>,  
Хүкіпі – төріт мың жыл дүр, алғыл ұғып!<sup>203</sup>

«Бір<sup>204</sup> жылы торіт<sup>205</sup> мың ай», – деп, тағы айтады.  
Ар айы- торіт мың күн дүр, банда ғарні<sup>206</sup>.  
Ар<sup>88</sup> күні торіт<sup>205</sup> мың сағат болады екен,  
Ар<sup>88</sup> сағаты бір жылға толады екен.

Ғазабы уағда бұзған болады зор,  
Жігітдер<sup>207</sup>, қылап<sup>208</sup> қылмай, уағданда тұр.  
Сенімдігің ам<sup>209</sup> кетіп бұл дүниеде,  
Дүние ақрет жұртында<sup>210</sup> болмағыл қор.

## Алпысыншы. Абуһарирадан Құрайыш шаян туралы<sup>1</sup>

Тағы да бір рауаят Абуһарирадан,  
Сөйлеген халін білмей мен бір надан.  
Арқашан киаматдің<sup>2</sup> күні болса,  
Бір шаян шығады екен Жаһаннамнан.

Берілген ол жыланға<sup>3</sup> – «Құрайыш» ат.  
Басы сол кокте<sup>4</sup> дейді тортінші<sup>5</sup> қат.  
Құйрығы жеті қабат<sup>6</sup> жер астында  
Сол келер екі ернімен кокті<sup>7</sup> тіреп.

Жебрайіл<sup>8</sup> қарсы шыққан<sup>9</sup> енді алдынан:  
– Не керек, ей<sup>10</sup>, Құрайыш, айыт-деп, – маған!  
– Дүниеде ғасы болған бес нарсені<sup>11</sup>,  
Мен жұтамын Мұхаммад<sup>12</sup> үмматиған<sup>13</sup>.

Бірі сол – намаздарын қойып кеткен<sup>14</sup>,  
Екінші – зекетдерін<sup>15</sup> бермей откен<sup>16</sup>.  
Үшінші жұтамын, – дер, – рибакорды  
Үстінен өсім алып<sup>17</sup>, ақша жеген<sup>18</sup>.

Төртінші – дайім аның<sup>19</sup> арақ ішкен,  
Арқашан<sup>20</sup> жаманшылық жолға түскен.  
Бесінш<sup>21</sup> – дүние сөзін сөйлегендер,  
Машітде<sup>22</sup> бос сөзбенен күні кешкен.

Тауба<sup>23</sup> қылмай бесеуі<sup>24</sup> кетсе өліп,  
Тауып алар бұларды іздеп жүріп. <sup>25</sup>

Хұдая<sup>26</sup>, жырақ қылғыл Құрайыштан,  
Жамандық, өзің сақтап арбір<sup>27</sup> істен.  
Я, Раббы, үшбулерден бізді қылма<sup>28</sup>,  
Бандаміз күнамыз коп ар қылмыстан<sup>29</sup>.

## Алпыс бірінші. Арақ ішушілердің қабірден тұрғаны<sup>1</sup>

Қабірден тұрады екен арақ ішкен<sup>2</sup>,  
Салбырап барлық тілі жерге түскен.  
Жүзі кара, көздері<sup>3</sup> шағыр болған,  
Иісі<sup>4</sup> сасық болар өлекседен.

Шұбырып жүрер, – дейді, – сілекейі,  
Тіл салақтап, корінер, көмекейі<sup>5</sup>.  
Қанды ірің, аузынан<sup>6</sup> сарсу ағып,  
Барша жанның корінін сұмсекейі<sup>7</sup>.

Өзі мас: жүре алмайды талтіректен<sup>8</sup>,  
Аузына тілі симай<sup>9</sup>, көзі алақтап.  
Бір ішім, шөлдегенде, суға зар боп,  
Қаранып жан-жағына<sup>10</sup>, тіл жалақтап.

Байланған бөтелкесі<sup>11</sup> мойнындағы,  
Ұстаған куремке<sup>12</sup> бар қолындағы.

Періште бұл сипатпен<sup>13</sup> айдайды екен,  
Көрген жан лағнат<sup>14</sup> айтар жолындағы!»

## Алпыс екінші. Жұмбақ яхалі анағамәка язғуихадка<sup>1</sup>

Бір кісі бүреуге айытты: – Нағашым<sup>2</sup>,  
Акеңнің<sup>3</sup> інісі едім, танымұсін<sup>4</sup>?!  
Менің акем<sup>5</sup>: «Келсін!» – деп, шақырады,  
Акем<sup>5</sup> айтар: «Нағашың<sup>6</sup> бабасы едім».

Шешемнің сіз екенсіз кенже інісі,  
Сенің акең<sup>7</sup> менімен туысқан-ды.  
Мен<sup>8</sup> сұрайын деп, келіп едім:  
– Сіз қалайша акемнің<sup>9</sup> немересі?!

Тауып бер жұмбағымды, ойламай коп<sup>10</sup>,  
Кітабда<sup>11</sup> жазылған сөз болмайды өтірік.  
Бір қатын бір баланы сүйеді екен:  
«Баламның баласы – байымның інісі», – деп.

Нағашы сонда тұрып берді жауап:  
– Надандар<sup>12</sup> шеше алмайтын – біз – бір жұмбақ.  
Мен енді уақиғамды ұқтырайын,  
Сөзіме құлақ сал да, тұршы тыңлап.

Шешемнің өлген бастапқы ері,  
Ерінен бой жеткен қыз қалған<sup>13</sup> тірі.  
Сол қызды бір Хұданның<sup>14</sup> жазуымен  
Қатны өлген шалдың алды бірі<sup>15</sup>.

Ол шалдан бір бала бар жана<sup>16</sup> ер жеткен,  
Шешемнің ол балаға қоңлі<sup>17</sup> кеткен.

Қызын шалға берді де<sup>18</sup>, балаға өзі тиді,  
Сұрасаң, мен нағашың – сонан біткен.

Ол қызды шал алған соң, тудың қыздан,  
Басында ол қыз туған анамыздан.  
Апамнан туған маған жиен болдың,  
Енді қайда кетесіз ұяңыздан?!

Үшбу<sup>19</sup> сөз жұмбақ екен құласатда<sup>20</sup>.  
Шешіуін жұмбақ қылдым, ұнаса да?  
Ерігіп қырда барып жатып-жатып,  
Жұмбақ жазды дейсіз ғой келе сала.<sup>21</sup>

Саған тауып берейін бір ермекті,  
Бір қатын ертіп келді он еркекті.  
Еркекбен жүргендігін ерсі коріп<sup>22</sup>,  
Қатыннан сөз сұрады<sup>23</sup> жон білмекші<sup>24</sup>.

– Байғұс-ау, еріп жүрген бұларын кім?  
Жүрмегің<sup>25</sup> жат ерлермен болмайма мін?!  
Жігітке жауабыңда қатын айытды<sup>26</sup>:  
– Жайымды<sup>27</sup> сұрап соксеңші<sup>28</sup> мені де сен,

Бұлардың мен айтайын мані-жайын<sup>29</sup>.  
Түртеуі<sup>30</sup> інім болғанда, бірі – байым,  
Бесеуі сатып алған құлларым<sup>31</sup> дүр.  
Баріміз<sup>32</sup> бір туысқан, бір ағайын,

Бұл сөзді жігіт естіп қалды қайран:  
– Он бірің бір атадан тудың қайдан?  
Сұрамақ сүннаті<sup>33</sup> ерүр пайғамбарым.  
Жайыңды айтып ұқтыршы, ей<sup>34</sup>, Күландам<sup>35, 36</sup>

Жігітке қатын сойлер жауап қатып:  
– Бір күнді алты ұлымен<sup>37</sup> алдым сатып,

Біреуін жақсы көрген азад<sup>38</sup> қылып,  
Шариғат хүкмімен<sup>39</sup> тидім барып,

Ол күнді акем<sup>5</sup> алды неках<sup>40</sup> қылып.  
Алған соң төрт ұл туды таңірім<sup>41</sup> иіп.  
Төртеуі енді маған іні емес па<sup>42</sup>?  
Басында ұрыстың ғой, маған тиін!

Солардың төртеуі – інім, бесеуі – құл,  
Шешесін акем<sup>5</sup> алғаш болмай ма ұл?!  
Баріміз<sup>43</sup> бір кісіге бала болдық,  
Ұрыссаң да бірігіп жүргенім – сол!

### **Алпыс үшінні. Насихат масала<sup>1</sup>**

Бісмiлла – ауел Алла сөздің басы<sup>1</sup>,  
Банданің<sup>2</sup> көрінбейді өткен жасы.  
Айтуға барін тегіс жүк болады,  
Таусылмас қиаматдің масаласы<sup>3</sup>.

Сөйледім қадари<sup>4</sup> хал білгенімше,  
Қылайық Хаққа құллық<sup>5</sup> өлгенімше.  
Тілеңіз жалғыз Хақдан<sup>6</sup> жарылқасың,  
Көміліп жер қойнына кіргеніңше!

Жетбісдің<sup>7</sup> төртеуіне келді жасым,  
Не болар қиамат<sup>8</sup> күн ғаріп басым?!  
Қылмаса ғапу рахым<sup>9</sup> жалғыз өзі,  
Қайтады кітап корсем ықласым<sup>10</sup>.

Кұнам көп, сауабым аз, мен – бір пасық,  
Жүрдік қой жігіт күнде судай тасып.

Бір Алла ғаділіна<sup>11</sup> алмай, пазылына<sup>12</sup> алып,  
Ұжмақты<sup>13</sup> біз ғаріпқа қылсын насіп!<sup>14</sup>

Ғазазіл тіліне еріп, болдық надан,  
Еш банда халі болмас мұнан аман<sup>15</sup>.  
Халіміз нешік болар біле алмаймыз,  
Жүрмесек қимата<sup>16</sup> болып надан.

Таубані қылаламадық корқып Хақдан<sup>17</sup>,  
Өткенде тар сіратдан сонда мақтан<sup>18</sup>.  
Таразы сол мизанға барған кезде,  
Біздерге нама келер екі жатқан<sup>19</sup>.

Келеді бірі оңнан, бірі солдан,  
Хұдая, өзің оңғар сапар жолдан!<sup>20</sup>  
Өз еркін, өз басында тұрған кезде,  
Қызмет қып, жақсылықты абден сақтан.

Тағат қыл бір Аллаға халал нетбен<sup>21</sup>,  
Бұл күнде түк болмайды<sup>22</sup> жүрген бетбен<sup>23</sup>.  
Өтрік қылған тағат қабыл емес,  
Сақтанғыл<sup>24</sup> күні бұрын балекетден<sup>25</sup>.

– Я, Алла, рахмат<sup>26</sup> айла өлгенімде,  
Тандегі аманатды<sup>27</sup> бергенімде!  
Тіліме Раббым Алла жари қылғыл<sup>28</sup>,  
Періште «Мен раббық<sup>29</sup>» деп келгенінде.

Тілеймін жарылқа деп<sup>30</sup> күндіз-түні,  
Банданің<sup>2</sup> мойнындағы көп қой міні.  
Болмаса жарылқасын<sup>31</sup> жалғыз Хақдан<sup>6</sup>,  
Не болар біз бишара көрген күні?!

Жан кетіп, тан<sup>32</sup> барады қара жерге,  
Кіерміз<sup>33</sup> бір күн барып тар қабірге!

Періште Мүңкір-Наңкір<sup>34</sup> келген шақда,  
Келмейді аузы құрғыр палендерге<sup>35</sup>!

Хұдайым<sup>37</sup> ахым қылса сонда бізге,  
Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге.  
Пайғамбар<sup>37</sup> – хақ Мұхаммад, Раббым – Алла,  
Біз айытсақ<sup>38</sup> періштеге келген кезде.

Келеді ең алдында Зуман атлы,  
Болмайды тіпті бізге мархаматлы.  
Ғамалың езғу болған жауап берсе,  
Болады содан кейін шапағатлы.<sup>39</sup>

Ғамалың<sup>40</sup> сонда қылған болса жаман,  
Түсірер басыңызға ақыр заман.  
Шын нетбен бір Аллаға құлшылық қыл,  
Түзу түс алдындағы жолға таман!

Бойыңнан күш-қуатың кетер барі<sup>41</sup>,  
Жас бала, үлкен-кіші олар барі<sup>42</sup>.  
Бұл дүние іш адамға қапа қылмас<sup>43</sup>,  
Артында қалар шулап қатындары<sup>44</sup>.

Анбиа, мұрсал, наби барі де өтді<sup>45</sup>,  
Түбіне барінің де тақдер<sup>46</sup> жетді.  
Дүние уапасізін<sup>47</sup> тағайындап,  
Бар ғалым кітапдарға<sup>48</sup> жазып кетді.<sup>49</sup>

Дүниенің алдайтынын паһім етіп<sup>50</sup>,  
Кетді<sup>51</sup> ғой ақырында бұған сеніп!  
Олардың парасатлы<sup>52</sup>, ақылы артық,  
Бос<sup>53</sup> сөзді көп сөйлеген біз бір – тантық.<sup>54</sup>

Айтамыз мақтан көріп<sup>54</sup> өтрік-өсек,  
Жатамыз қалың қылып<sup>55</sup> жайып төсек.

Көзіңе Құран кітап көрсетіп нұр,  
Алдыңда қиындық<sup>57</sup> бар кесек-кесек.

Қылмаймыз бұған іқрар<sup>58</sup> өтірік деп,  
Кореді жақсылықды<sup>59</sup> бойымыз жек.  
Бұған біз шын ғой деп<sup>60</sup> иланбаймыз,  
Шубһа алып көңлімізге<sup>61</sup> біз қойып шек.

Бір Алла бандам<sup>62</sup> десіп жалғыз өзі,  
Өтірік емес, рас дүр<sup>63</sup>, Құран сөзі рас.  
Бұғалық мойнымызға бір-ақ түсер,  
Алдыңда құрулы ғой құрған<sup>64</sup> тезі.

Ол күнде<sup>65</sup> ерік болмас бір басыңда,  
Болмайды қасыңда ішкім жолдасыңда<sup>66</sup>.  
Ісраііл сорын ұрұп тірілген соң<sup>67</sup>,  
Қырық жылдай отырасың көр басыңда<sup>68</sup>.

Болмастай мұның барін<sup>69</sup> көріп жүрміз,  
Сол күнде тұрар дейсің кім қасыңда.  
Білсе де, білмеген боп жүріп кетер,  
Құрбы мен тату жүрген жолдасыңда.

Айдайды сонан кейін ғарасатқа,  
Еш пала<sup>70</sup> жоламайды көңлі<sup>71</sup> шатқа.  
Басына ғарасатдың<sup>72</sup> алып барып,  
Қаратар даптердегі жазған қатқа<sup>73</sup>.

Тағы да қарамайды жақын, жатқа,  
Ар<sup>74</sup> түрлі қысас қылар азаматқа.  
Қылмысы асып кеткен кейбір банда<sup>75</sup>,  
Түседі қараңғылық зұлматқа<sup>76</sup>.

Хұдая, күнакардан<sup>77</sup> бізді қылма,  
Аллаға банда<sup>75</sup> болсаң қарап тұрма!

Агар<sup>78</sup> да жазатайым тайып кетсең,  
Түсерсің<sup>79</sup> жеті дозақ<sup>80</sup> жайған торға.  
Ойласаң қиаметдің барі<sup>81</sup> қиын,  
Тірлікте ғибадат қып, Хаққа сиын!

Банда<sup>75</sup> өткен, батыр да өткен<sup>84</sup>, падша<sup>85</sup> да өткен,  
Көп жасап, тірі<sup>86</sup> адам жоқ өлмей кеткен.  
Жаралған өз нұрынан расулымыз,  
Артында ішбір<sup>87</sup> тұқым қалмай кеткен.

Баянсыз өтрікші дүниа пани<sup>88</sup>,  
Дүниеден өлмей кеткен бар ма қані?!<sup>89</sup>  
Өлмесе Лұқман Хакім<sup>90</sup> жүрер еді,  
Коп жасап атық қан болып карі<sup>91</sup>.

Өлімнен аман болмас<sup>92</sup> жан иесі,  
Сөйледім кез келген соң сөз жуесі<sup>93</sup>.  
Аласыз үлкен олжа қиамат күн<sup>94</sup>,  
Аркімнің лайықты бар тиесі<sup>95</sup>.

Аласың жақсы болсаң<sup>96</sup>, сауап жақтан,  
Болады қандай парман<sup>97</sup> жалғыз Хақтан.  
Аласың жаман болып қолға тисе,  
Сығалап сен жүресің ар бұшбақдан<sup>98</sup>.

Шайтанмен тіршілікте болмаңыз<sup>99</sup> дос,  
Қылыңыз ғибадатды хұдайға<sup>100</sup> қош.  
Қиындық толып жатыр алдыңызда,  
Бұл күнде жүргеніңнің барі<sup>41</sup> де бос.

Кімді алдап өткізбеген дүние жалған,  
Істейсің ойдағыны көңілге алған.  
Аңгіме<sup>101</sup> алдымызда толып жатыр,  
Болғанша бір жақсылық Хақдан<sup>6</sup> парман<sup>97</sup>.

Ғамалың ақыретде<sup>102</sup> жанға сая,  
Пазлыңа ал, ғаділіңа алма, бар Хұдая<sup>103</sup>!  
Корсеткен<sup>104</sup> тура жолға түсе алмасаң,  
Отерсең қыл көпірден<sup>105</sup> тая-тая!

Білсеңіз бізге дұшпан шайтан-лағын<sup>106</sup>,  
Бір Алла басындағы алған тажін<sup>107</sup>.  
Дін шала азаматда тіл мұсылман<sup>108</sup>,  
Адаммен келістірмес ынтымағын<sup>109</sup>.

Адамға дұшман<sup>110</sup> болған ауел<sup>111</sup> бастан,  
Жүреді пале<sup>112</sup> қуып шаршамастан.  
Жақсылық бір шықпайды малғұн иетден<sup>113</sup>,  
Басынан білесіздер<sup>114</sup> бізге қастан.

Денсаулық – жігітліктің бір рахаты<sup>115</sup>,  
Адамға жастық шақта бар лаззат<sup>116</sup>.  
Адамды жас күнінде алдайды екен,  
Бадшағар<sup>117</sup> сұм дүниенің көп<sup>118</sup> апаты.  
«Алдымда қиын күндер болады-ау!» – деп,  
Бір жан жоқ қиаметден<sup>119</sup> бір қысылған?!

Жігітдер, қиаметдін<sup>120</sup> болуы хақ,  
– Ирас қой! – деп, наныңыз сен бұған бақ<sup>121</sup>.  
Азырақ қадари хал<sup>122</sup> сөз шығардым,  
Бұдан артық айтуға зіһнім<sup>123</sup> шақ.

Болмайық ғасы жапы<sup>124</sup> біле тұрып,  
Отырсақ ғалымлармен мажліс<sup>125</sup> құрып.  
Пайдасы ақыретде<sup>126</sup> сонша артық,  
Жүргенде періштелер қойша қуып.

Періште алдына сап айдайды екен,  
Ерікке жүрмесіңе<sup>127</sup> қоймайды екен.

Болмаса жақсылықтан бір нарсеміз<sup>128</sup>,  
Сорымыз сонда біздің қайнайды екен.

Бір адам жаннан артық, өзі білгіш,  
Бір адам мысқыл сөзбен ел күлдіркіш<sup>129</sup>.  
Қайдағы жоқ<sup>130</sup> өсекті тауып алып,  
Тағы да бір адам бар ел бүлдіргіш.

Осының шарифатқа барі<sup>41</sup> қылап,  
Коз коріп, арбір<sup>131</sup> жанды жүрміз сынап.  
Агар да<sup>132</sup> бұл мінезден тиылмасақ<sup>133</sup>,  
Кітеміз қиамет күн<sup>134</sup> жарға құлап.

Сабырлы, кешірімді кейбір адам,  
Ізіне қарап жүріп<sup>135</sup>, басар қадам.  
Неге сөз коб<sup>136</sup> сөйлемей, бойын бағып,  
Көңлі ренжімейді<sup>137</sup> ешбір адам.

- 109 Бұл жол томдықта: «адаммен келісе алмай ынтымағы»  
110 дұшман – дұшпан  
111 ауел – әуел  
112 пале – пәле  
113 иетден – иттен  
114 білесіздер – білсеңіздер  
115 жігітліктің ең бір рахаты – жігіттіктің ең бір рақаты  
116 шақта бар лаззат – кезде бар ләззаты  
117 бадшағар – батшағар  
118 коп – көп  
119 қиаметден – қияметтен  
120 жігітдер, қиаметдің – жігіттер, қияметтің  
121 Бұл жол томдықта: «Рас!» – деп, тасаттық етісіп бақ»  
122 қадари хал – қадірімше  
123 айтуға зіһнім – айтуыма зейіпім  
124 ғасы жапы – ғайлі жапа  
125 ғалымлармен мажліс – ғалымдармен мәжіліс  
126 ақыретде – ақыретте  
127 ерікке жүрмесіңе – еркіне айдамаса  
128 бір нарсеміз – еш нәрсеміз  
129 күлдіркіш – күлдіргіш  
130 қайдағы жоқ – пайдаға бір  
131 Көз көріп, әрбір – көз көріп, әрбір  
132 ағар да – егер де  
133 тиылмасақ – тыйылмасақ  
134 кітеміз қиамет күн – кетерміз қияметте жарға құлап  
135 ізіне қарап жүріп – із қарап, түзу жүріп  
136 «қоб» сөзі томдықта кездеспейді  
137 Көңлі ренжімейді – көңіліне келтірмейді  
138 хұдай – құдай  
139 Бұл жол томдықта: «Айтпайды жаман сөзді Алла деген»  
140 сауаптарын риа – жақсылығын рия  
141 ақыретдің – ақыреттің  
142 такаббар кейбір адам – тәкаппар бір адам бар

- 143 жұрытдан – жұрттан  
144 керегі жоқ нарсеңі – бостан-бос жоқ нәрсені  
145 Бұл жол томдықта: «Көрмейді осындайды молдаларым»  
146 барінің мінезіне көңілім – бәрінің мінезіне көңілім  
147 табылар – табылып  
148 айытқан моллаларға – айтқан молдакеме  
149 айытқан – айтқан  
150 арқашан – әрқашан  
151 бетдемеңіз – беттемеңіз  
152 күншілік – кемшілік  
153 істерінді – жолдарынды  
154 моллар – молдалар  
155 қатды – қатты  
154 азаматды – азаматты  
155 наданнан жаманрақ – надандардан жаманырақ  
156 бұтды-шатды – бұтты-шатты  
157 етіп иіліңіз – қылып қиылыңыз  
158 пігнаны – бетін әлгі  
159 ықласың – ықыласың  
160 Ғазрайіл – Ғазірейіл  
161 Бұл жол томдықта: «Бас қосса ғұламалар мәжілісі»  
162 күнде – кезде  
163 үйдің – оның  
164 каламын – кәламын  
165 қорқыныштан шығып есі – қорқынышпен іші-тысы  
166 мисалын ақыретдің айытқан – мысалын ақыреттің айтқан  
167 есітіп – естіп  
168 таубаға келер ме екен әрбір – тәубеге келер деймін әрбір  
169 Бұл жол томдықта: «Кетті ғой әдеп, тәртіп бозбаладан»  
170 Бұл жол томдықта: «Сауабы қашады одан, болса надан»  
171 Бұл жол томдықта: «Табиғат, ғибадат жоқ сол сияқты»  
172 Бұл жол томдықта: «Көрерміз жақсылықты біз баладан»  
173 шүбһасыз таза – шүбһәсіз болса  
174 ішбір – ешбір

- 175 я – иа  
176 пазлыңа – фазылыңа  
177 Бұл жол томдықта: «Сақтай гөр сондай күннен иа, зұлжалал»  
178 күнам – күнәм  
179 қаталық – қателік  
180 отді – өтті  
181 шетді – шетті  
182 куа – куә  
183 күнамізбен бетпе-бетді – куәменен бетпе-бетті  
187 акеп – әкеп  
188 қаһарменен – қаһарымен  
189 барі – бәрі  
190 аузындағы тілің мен – ауыздағы тіл менен  
191 куа – куә  
192 іблістің – ғазазілдің  
193 шыққан әуел – шыққан әуел  
194 адамзатды – адамзатты  
195 Хауаменен – Хауа ана  
196 ұжмақтан – жұмақтан  
197 әйелдерден – әйелдерден  
198 безген – безіп  
199 әрбір – әрбір  
200 маз – мәз  
201 қасына ерген – қасын керген  
202 әрбүреудің дамін – әрбіреудің дәмін  
203 осалдықтан – салдарынан  
204 дал – өн  
205 бііттей – титтей  
206 затдың барі – заттың бәрі  
207 Мына 6 жол томдықта кездеспейді.  
208 әйел – әйел  
209 козғалалар – козғала алар  
210 ұк – біл  
211 ұқпа – білме

- 212 қызығасың – қызығарсың  
213 сырын алып, азырақ – сыр алып біразырақ  
214 айытсаң – айтсаң  
215 қосып – жауап  
216 Бұл жол томдықта: «Өзіңді билеп алар шаппай, желмей»  
217 ықласың – ықыласың  
218 хұрметдеп – халалдан  
219 көнесің ғой, бейшара – көне бер, сен бишара  
220 нарсе – нәрсе  
221 сүйтіп – сөйтіп  
222 ақырда – ақыры  
223 түбке – түпке  
224 Бұл жол томдықта: «Мысалын әр нәрсенің сипаттадым»  
225 ішбір – зиян  
226 бүреуге үй – бір-екеуі ішінде  
227 әйел затқа – әйел заты  
228 хатды – хатты  
229 жақсы әйел байын – жақсысы байын  
230 Бұл жол томдықта: «Парасат, ол білімді, инабатты»  
231 түсбейді – түспейді  
232 тақдырдағы – тағдырыңда  
233 азелде – кез болса  
234 Бұл жол томдықта: «Құдайға қартайғанда тағат қылмай»  
235 Бұл жол томдықта: «Не қызық көрем дейді ол ант атқан»  
236 мініки, соның барі – мінекей, соның бәрі  
237 іш – еш  
238 ешқашан – әрқашан  
239 ібіліс – ғазазіл  
240 көңліне коп – көңіліне көп  
241 таубані қартайғанша – тәубені қартайғанда  
242 көбірек – көбірек  
243 көріп – көріп  
244 руза – ораза  
245 өзі – болып

- 246 тауба, таупық – тәубе, таупик  
247 сойтiп жүрiп өмiр – сөйтiп жүрiп ғұмыр  
248 ақырда – ақырында  
249 айытқан – айтқан  
250 Бұл жол томдықта: «Халқыма жаным ашып айттым кеңес»  
251 наз қылып, бейшараға – ақылсыз кәрiнтерге (ғарыптарға)  
252 ар-ұят, ақыл-бiлiм – инабатты ол  
253 хұдайға – құдайға  
254 шүбһасiз шын – шүбәсiз  
255 қиамат – қиямет  
256 әуел – әуелi  
257 iшбiр – ешбiр  
258 түссек – түссем  
259 уақта – уақытта  
260 рахматың коп – рақымың көп  
261 ғарiп – кәрiп (ғарiп)  
262 арбiр – әрбiр  
263 атлы падшаһiм – атты патшайым  
264 бiр лайық (ылайық) – бiз лайық  
265 тауба – тәубе  
266 мүшкiлiн бандаларiм – мүшкiлiн пенделердiн  
267 Аятдан ла такнату – Аяттан ла тахнату  
268 шарабын – шарап  
269 пазлыңа – фазылыңа  
270 Хұдауандам – Құдауандам  
271 шарынан – зәрiнен  
272 қылығыл – қылғын  
273 қиындық бар – қиын iс  
274 Мына 12 жол томдықта кездеспейдi.  
275 айытқан – айтқан  
276 таңла махшар, қиамат – таңда мақшар, қиямет  
277 басалмайсың – бiз басармыз  
278 қайғы-хасрет – қайғы-қасiрет  
279 Бұл жол томдықта: «Болмаса иманәһли сол уақытта»

- 280 ғазалбен бейшараның күші – азаппен бишаралар күнін  
281 қаламын – қаламын  
282 қаусардың жолай алмас – кәусардың жоламайсың  
283 банданың қоз – пенденің көз  
284 иманлы – иманды  
285 ұжмақтың қорларымен – жұмақта хор қызымен  
286 ұжмақтың – жұмақтың  
287 күна – күнә  
288 қайытпасың – қайтпайды  
289 ықласың ықыласым  
290 падшалығы – патшалығы  
291 басқан ізге – ізімізге  
292 падша – патша  
293 ұлығы – ұлық  
294 Құл һуа Алла – Құлқу Алла  
295 ғамсыз – қамсыз  
296 ішкімді – ешкім  
297 ұқшас – ұқсас  
298 қапірлерше – күпір болып  
299 мінерсің қиаметде хасрет – мінесің қияметте қасірет  
300 тірексіз – тіреусіз  
301 кокті – көкті  
302 Бұл жол томдықта: «Жайнатып жер жүзіне түрлі шөпті»  
303 Томдықта «жүзіне» деген сөз орын алған, бұл қолжазбада мұндай  
сөз түсіп қалған болса керек.  
304 Томдықта бар 7 жол жоқ.  
305 баріне – бәріне  
306 қиас – қияс  
307 Құранда – Құранға  
308 қиас – қисық  
309 ұқшатпаңыз ішбір – ұқсатпаңыз ешбір  
310 тапсыр – тапсыр  
311 өткізбей надандықбен бар – өткізбе надандықпен дер  
312 Мына 2 жол томдықта кездеспейді.

- 313 Бұл жол томдықта: «Ғылым мен ғұламаға ғайбат айтып»  
314 Бұл жол томдықта: «Жүрмеңіздер сол үшін жапа шегіңіз»  
315 туғна қылып – таңба қылып  
316 Бұл жол томдықта: «Әр жерде бір сойлеп соны кектеп [қуып]»  
317 боламыз – болармыз  
318 күнакар – күнәкар  
319 Бұл жол томдықта: «Ғалымдар кітаптан, көрген көзбен»  
320 алеуметдер – әлеуметтер  
321 ақыретде – ақыретте  
322 ықрар – ықыласты  
323 ғаріп – кәріп (ғаріп)  
324 хұдая – мұстақым  
325 болады ғаріп – болмайды кәріп (ғаріп)  
326 кәрілікте көрем – кәрілікте көрем  
327 міні – міне  
328 шашқа – басқа  
330 Мына 7 жол томдықта кездеспейді.  
331 пазылыңа – фазылыңа  
332 тимесін – тимесе  
333 Бұл жол томдықта: «Осымен бұл да болсын тарау тамам»  
334 тәнінде – тәңінде  
335 місқал алхамам – мысқал арам

## Сатыбалды қолжазбасындағы әріптердің берілу сипаты

| Әріптер                 |        | Сөз ба-<br>сында<br>оқылуы | Сөз орта-<br>сында<br>оқылуы | Сөз<br>соңында<br>оқылуы | Мысалы  |
|-------------------------|--------|----------------------------|------------------------------|--------------------------|---|
| Қолжазбада<br>берілгені | Оқылуы |                            |                              |                          |   |
| А                       | ә      | ә                          | ә                            | ә                        | күна – күнә,<br>нарсе – нәрсе                 |
| В                       | б      |                            | б                            |                          | рабвы – раббы                                 |
| І                       | е      | е                          |                              |                          | іш – еш                                       |
| Д                       | т      |                            | т                            |                          | тоқтатді –тоқтатты                            |
| А                       | е      |                            | а                            |                          | Ғазрайілге –<br>Ғазірейілге,<br>дамде – демде |
| І                       | ы      |                            |                              | ы                        | тоқтатді – тоқтатты                           |
| Ш                       | с      |                            | с                            | с                        | ешітсін – есітсін,<br>ұқшап – ұқсас           |
| Х                       | қ      | қ                          |                              |                          | Худа – Құда                                   |
| И                       | й      |                            | й                            |                          | айыргұші –<br>айыргұшы                        |
| У                       | ұ      |                            | ұ                            |                          | Худа – Құда                                   |
| І                       | е      |                            | е                            |                          | жірі – жері,<br>жімегіл – жемегіл             |
| Б                       | п      | п                          |                              |                          | ба – па                                       |
| А                       | о      | о                          |                              |                          | алардың – олардың                             |
| А                       | я      |                            | я                            |                          | қиаметде – қияметте                           |
| Қ                       | қ      | х                          |                              |                          | қор – хор                                     |
| Ф                       | п      | п                          | п                            |                          | кафір – кәпір,<br>ферілер – перілер           |
| І                       | и      |                            | и                            |                          | дүніені – дүниені                             |

## Әкем Сатыбалды Ибрагимұлы туралы есімде қалған естеліктер

Сатыбалды Ибрагимұлы 1896 жылы ортанқол шаруашылығы бар отбасында дүниеге келген, бірақ ондай адамдар большевиктердің айтуынша ауқатты, бай-құлақтардың қатарына жатқызылған.

Өз заманы үшін Сатыбалды көзі ашық, оқыған адамдар санатында болды. Өмірде болып жатқан оқиғалардан үнемі хабардар болып отыруға тырысып, арап, латын жазуымен шығатын газеттерді оқитын. Діни, рухани әдебиетті көп оқыған. Кейін қазақ тілі кириллицаға ауысканда, орыс әріптерін де оқып үйреніп алған.

1930 жылдары ауқатты адамдарды, тіпті олармен не молда, имамдармен жақын араласып, дос болған адамдарды да қудалау, халықты күштеп ұжымдастыру басталды.

Сатыбалдының әкесі Ибрагим – Қаракесек ішінде Майлық руының басшысы болған екен (қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы). Бұл большевик белсенділерінің үйге жиі келгіштеуіне, әкесі Ибрагимді, Сатыбалдының өзін, не оның інісі Садуақасты қайта-қайта шақырып, жауап ала беруіне себеп болды. Әкесі Ибрагим, ол кезде жасы келген еді, ол қайтыс болғаннан кейін, Сатыбалды туған жерді тастап, кетуге бел байлайды.

Қалған жақын туыстарына ескергіп, әйелін, екі баласын және інісі Садуақасты алып, екі қос ат жегілген арбамен Сатыбалды түн жамылып, Семейге қарай жолға шығады. Кетер алдында ол өзінің бар кітаптарын, ішінде мүмкін жеке жазбалары да болған шығар, Қарқаралы тауына тығып кетеді.

Ол кезде Қазақстанда тырысқақ тәрізді бір індеттің күшейіп тұрған кезі, кей отбасылар соның салдарынан тұтасымен қаза болып жатты. Семейге бара жатқан жолда, бір аптаның ішінде Сатыбалды да сол дерттін кесірінен өзінің әйелі мен екі баласынан айрылады. Семей қаласына інісімен ғана келіп жетеді.

Семейде де жағдай қиын, аштық, індеттің басталған кезі. Сібірде жағдайдың жақсырақ екенін естіген әкеміз інісін алып, Сібірге бет алады. Ондағы «Коксхимстрой» зауытына қара жұмысшы болып орналасып, қасында інісі бар, басқа жұртпен бірге барактарда күн

кешеді. Сол жерде біздің болашақ анамыз – Қаракесек: Тоғалак руы-  
нынан шыққан Бәтима Түсіпбай қызымен кезігеді. Шешеміз қолында  
Қасым атты жалғыз ұлы бар жесір әйел екен. Сібірде отызыншы  
жылдардың аяғына дейін тұрған олар 1938-1939 жылдары Қарағанды  
қаласына келеді. Қарағандының қазір «Ескі қала» деп аталатын аудан-  
нынан өздеріне үй салады, сонда Тәңірберген, Тілеуберген, Қайролла  
деген балалары дүниеге келеді.

1950 жылы шешеміздің денсаулығына байланысты әкеміз Са-  
тыбалды бүкіл отбасымен қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы  
ауданы, «Жосалы» шипажайының тоңірегінде орналасқан Ақбұлақ  
ауылына көшіп барады.

Сол жылдары Сатыбалды өзінің ертеде Қарқаралы тауына жа-  
сырып кеткен кітаптарын іздеп, таба алмапты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінің көшірмесі әкеміз  
Сатыбалдының кейін бізге, балаларына, қалдырып кеткен кітаптары  
мен жазбаларының ішінен табылды. Өлең мәтіндері алдымен ла-  
тын әріптерімен жазылған болса керек. Кеңес идеологиясымен  
тәрбиеленген біздердің, балаларының, діни, рухани білімге көңіл  
қоймайтынымызды байқаған әкеміз, түбінде бір пайдаларына жарар  
деген үмітпен, оны біз үшін орыс әріптерімен қайта көшіріп жазса  
керек. Оның бәрін бізді ондағы білімді саралап, бағалап, пайдаланса,  
адамшылық жолынан таймас деген үмітпен жасаған болуы керек.

Сатыбалды Кеңес заманының өзінде Ахмет Байтұрсынов,  
Міржакып Дулатов, Әлихан Бөкейхановтарды большевиктердің  
жазықсыз жазалағанын айтып отыратын. Кеңес рухында тәрбиелен-  
ген мен ол кезде әкемнің сөздеріне онша мән бере қоймаушы едім,  
соныма қазір қатты өкінемін.

Әкем Сатыбалды Ибрагимұлы 1974 жылы дүниеден өтті, мәйіті  
Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңажол ауылында жерлен-  
ген.

*Сағына еске алушы  
ұлы Ибрагимов Тілеуберген*

## Түсініктер

Осы жинаққа еніп отырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары ақынның көп томдықтарының екінші басылымында жарық көрген. Екінші томда ақынның бұрын еш жерде жарияланбаған туындылары – өлеңдері, рауаяттары, дастандары орын алған. Соның ішінде «Жетпіс бап» деп берілген топтамадағы өлеңдерге біз ұсынып отырған Сатыбалды Ибрагимұлы жазбасы тақырыбы мен мазмұны жағынан ұқсас келеді. Бұл баптарды ішінара салыстырғанда жеке-леген араб-парсы сөздерінде, шумақтары мен тармақтарында көптеген өзгерістер кездеседі. Бүгінде бар, бүгінде жоқ. Мазмұнында да айта алатын айырмашылықтар бар.

Сатыбалды Ибрагимұлы 1896-1974 жылдары өмір сүрген. Ол Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасымен өте жақын таныс болған. Ақынның мұраларын ұқыптылықпен араб әрпінен осы күнгі кириллицяға түсіріп жазып кеткен. Ол өз сөзінде: «Бұл Мәшһүр Жүсіп насихаты, мен балалар үшін орыс әрпімен жаздым оқып тағлым алысын деп. Бұл сенде қате бар деп ұқпаңдар, аталық міндетімді атқару үшін», – дейді.

Сатыбалды Ибрагимұлы көшірмесін Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығына немересі Раушан Тілеубергенқызының тікелей хабарласуымен қолға тиіп отыр. Оның айтуы бойынша атасының арабша нұсқасы да болған. Өкінішке орай арабша нұсқасы жоғалып, орыс әрпімен жазылған мұрасы қалған. Қалай болса да Сатыбалдының Ибрагимұлы қолында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазбасы не болмаса басқа көшірмешілердің араб әрпіндегі нұсқасы болғаны анық. Сатыбалды Ибрагимұлы өз көшірмесінде оны анықтап, дәл кімнен көшіргенін жазбаған. Тек сөз басында «Мәшһүр Жүсіп насихаты...» деп көрсеткен.

Сатыбалды Ибрагимұлы көшірмесі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 2-томында жарық көрген «Жетпіс бап» бөлімінде берілген шығармалармен ұқсас. Осы томдыққа енген шығармалар бұрын түрлі атпен жарық көріп келген. Сонымен бірге көптеген көшірушілердің нұсқалары да бар. Олардың қатарында – Төлепберген Алдабергеннов, атқосшысы Иманғали, кенже ұлы Мұхаммедфазыл жазбалары, жиені Жолмұрат Жүсіпұлы, Жолмұрат сақтауымен жеткен Мұхаммедсадық көшірмесі сақталған.

Төлепберген Алдабергеннов «Жетпіс бапқа» енген өлеңдерді топтап, жүйеленген түрін жеткізген және өз көшірмесінің тақырыбын

«Мәшһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны» деп атаған. Бұндай деректі Мұхаммедфазыл мен Иманғали да келтірсе керек. Иманғали бірінші бап тақырыбын «Бір жастан жігіт болғанша әр түр сөзі» деп ата-са, Мұхаммедфазыл «Бір жасымнан бастап жиырма жасына дейін өлең қылып жазғаны» деген ескертпе жасап кеткен. Ал, Сатыбалды Ибрагимұлы көшірмесінде осындай жайтты кездестірмедік, оның көшірмесі бірден тақырыпсыз басталып кетеді. Тек келесі өлеңнің тақырыбы болып – «Жиырма үшінші. Қырық парыз баяны» деп аталған. Бұл өлең Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 2-томында «Жиырма бірінші бап» ретінде берілген.

Сатыбалды Ибрагимұлы көшірмесінде бап саны – 63, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 2-томында «Жетпіс бап» бөлімінде бап саны – 70. Иманғали жазбасында бап реті біріншіден басталса, Мұхаммедфазыл мен Жолмұратта сандық көрсеткіші белгіленбеген. Сатыбалды көшірмесінің бап реті жиырма екіден басталады және әрбір баптың санын көрсетіп отырады.

Қолжазбаны көшірушіде қалай болды, солай беруге тырыстық. Алайда кей сөздердегі жіңішке «і» дыбысының жуан сөздерде келу жағдайына қарай, «ы» дыбысы болып өзгертілді. Бұл сөздердің оқылуына, тез түсінуіне оңайлық тудырады. Мәселен, «алдінда» деп келген мына сөз «алдында» болып өзгертілді. Көп жағдайда автордың өз қолтаңбасын сақтауға тырыстық, соған байланысты бүгінгі қолданыстағы әріптер мен Сатыбалды Ибрагимұлы көшірмесіндегі әріптердегі ерекшеліктер «Қосымша 2» берілді. Кей сөздердің сонында жіңішке белгісінің (ь) кездесуі байқалды, бұл сөздің мағынасына еш өзгеріс, не нұқсан келтірмейтіндіктен, тастап кетуді жөн көрдік. Тағы бір айта кететін жайт, Сатыбалды Ибрагимұлы көшірмесіндегі жолдар шумаққа бөлінбеген, осыған байланысты 2 томдыққа енген баптарды негізге ала отырып, шумақтарға бөлдік.

Сатыбалды Ибрагимұлы қолжазбасын жарыққа шығару арқылы осы күнге дейін басылым көрген шығармалармен салыстыру, ондағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарды анықтау – Мәшһүртануға мол үлес қосады деп сенеміз. Бұл тілшілер, әдебиетшілер, аудармашылар, зерттеушілер үшін бай қайнар көзі болары анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары қалай және қандай жағдайда, кімдердің көмегі арқылы жетті деген мәселелі сұраққа жауап болар хак, әрі

көшірмелер арасында туындаған қарама-қайшылық – Мәшһүртану ғылымы алдында үлкен мәселе күтіп тұрғанын айғақтайды.

**Жиырма екінші – Жиырма үшінші бап: Қырық парыз баяны.** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 2-томына енген 21-39 баптар Иманғали жазбасы бойынша дайындалған. Бұл баптар Сатыбалдының 22-41 баптарына сәйкес келеді. Сатыбалдының қолжазбасындағы Жиырма екінші бап – 54 жолдан тұрады. Ерекшеліктері:

Сатыбалдыда мынадай 2 жолы жоқ: «Ғазапқа болдық лайық белді буып, // Ажалға қадам басқан жақындаймыз» (7). Кейбір жолдары өзгеше болып келеді (Қосымша 1: 18, 24, 38, 46).

Сатыбалды жазбасындағы «Алла өзі: «Кемімеске кепілмін», – деп» берілген жолдағы «Алла» сөзі томдықта жоқ. Онда былай берілген: Өзі: «Кемімеске кепілмін!» – деп».

Кей сөздердің орнына басқа сөздер жұмсалған: көңілім – күнім (9), болып – жүріп (17), құстай – қудай (23), раузасын – рузасын (26), баладарға – пендесіне (48), Мұхаммет – үмбеті (49), алды – апты (50), Алланың – құданың (53), дәрет – таһарат (40), дарат – таһарат (51).

Тілдік ерекшеліктеріне келетін болсақ, ескі қосымшалардың нұсқалары бар. Ескі қосымшалардың қатарына: – лар(36), – ни (ні) (34), бірлан (47).

Сатыбалды жазбасындағы «Жиырма үшінші бап: Қырық парыз баяны» – 60 жолдан тұрады. Ерекшеліктері:

Өлең «Қырық парыздан Исламда бесеуі бар» (2) деп басталады, ал бұл жол томдықта «Қырық парыздан мен айтайын Исламды» деп берілген. Осындай ерекшеліктер «Қосымша 1» көрсетілген 19, 26, 27, 36, 38, 41, 42, 49, 59, 64, 69 сан қатарынан байқауға болады.

Томдықтағы «Бес иманды үйрен, оқы намазды ертелі-кеш» деген жолдағы «бес» сөзі Сатыбалды көшірмесінде кездеспейді.

Сатыбалды мен томдық арасындағы кей сөздер мен сөз тіркестерінің басқаша қолдануы байқалады: руза – ораза (5), нысапқа – ынсапқа (6), пандалар – жарандар (9), дарет – таһарат (16), ..таза орынға – жақсы жайда (17), киіміңді әсте – киімінің есіл (18), жуыну – жу (32), таза жумай – ғәділ қылмай (37) соқ – суық (47), ер – еркек (70), әел – ұрғашы (71).

Сатыбалды көшірмесінде кездескен ескі қосымшалар томдықтағы сөздерде кездеспейді, не болмаса томдықта дәл сол сөзде

қолданылған ескі қосымша Сатыбалдыда кездеспейді: хүкімларын – хүкімлерін (51), тұқымдарын – тұқымларын (53), ғұсылларын – ғұсылдарын (56), жамандықтан – жаманлықтан (63).

**Жиырма төртінші: Алланың сипаты** – 68 жолдан тұрады. Бұл өлеңнің томдықтағы аты өзгеше: «Бір жаратқан Алланың – сегіз сипат[ын] бірлан танымақ». Сатыбалдының осы өлеңінде томдықта кездеспейтін екі жолды анықтап отырмыз: «Әлбатда құдіретінің ынтірасы жоқ, // Ауелі ақыры жоқ бар Хұдайым». Сол сияқты керісінше Сатыбалды көшірмесінде мына 2 жол түсін қалған: «Бәріне ол жанлардың ырзық берін, // Әркімді өз мүлкіне қаратпағы» (43).

**Жиырма бесінші: Дақай қылақ бардан** – 36 жолдан тұрады. Томдықта 23 бап реті бойынша берілген және аты да басқаша жазылған: «Жиырма үшінші бап: Дақайық Ал-Ахбардан – адамның бет і». Бұл өлеңде де ақынның екінші томының жоғарыда аталған шығармасында кездеспейтін жолдары бар: «Әйтеуір ықтиарым қолда бар ғой, // Қылмасаң өз жаныңа өзін ғалал» (34).

**Жиырма алтыншы: Банданың жаралу әмрі** – 58 жолдан тұрады. Осы өлең М.Ж. Көпейұлы томдығында «Жиырма төртінші» реттік саны бойынша берілген. Аты да өзгеше: «Пенделер жаралып, жан бергені». Сатыбалды жазбасында 2 жолы жоқ: «Пендеге сол Алманы иіскетсе, // Жаны сол кетеді екен сонда еріп (іріп)» (41).

**Жиырма жетінші: Әзірейілдің жан алғалы келгені** – 64 жолдан тұрады. Томдықта бұл баптың аты «Ғазірейіл періште жан алғалы келгенде, жанның айтқаны» деп берілген және реттік саны 25-ші. Тоғызыншы жолдағы «банда» сөзі томдықта «жан» сөзінің жақша ішіне қойылып жазылған. 15 жолдағы «Құран оқып Алланы жат қыламын» деп берілсе, томдықта «Құран оқып бір өзін (ұзын), жад қыламын» делінген. Сол сияқты «– Жаныңды енді бер; – деп айтар құлға» деген жолдағы «құлға» сөзі томдықта «қолға» деп берілген. Дұрысы «қолға» болуы керек. Бұл көшіру кезінде кеткен ағаттық болуы ықтимал.

**Жігерма сегізінші: Жан шығарда жаның таннен қоштасқаны** – 36 жолдан тұрады. Бұл шығарма томдықта 26-шы реті бойынша тұрақтаған. Өлеңнің атауы: «Жан шығарында тәнмен қоштасқаны». Сатыбалдыдағы «жігерма» деп отырғанымыз «жиырма» болуы ке-

рек, соған байланысты дәл қолжазба бойынша өзгертпей беріп отырмыз. Сонымен бірге «жаның таннен» тіркесі көз аудартады.

Шығарманың ақырғы жолдарындағы «Сактай көр Ыбілістен ақыр дамде» деген жол томдықта «Ағзамыз дағуаласар ақыр демде» боп берілген.

**Жиырма сегізінші: Шайтанның өлер халда бандані андыганы** – 54 жолдан тұрады. Бұл өлең де 28-ші реттік саны бойынша берілген. Біздің пайымдауымызша 29-шы бап болуы керек. Осыдан кейінге бап 29-шы деп берілгенмен, одан кейінгі шығарма бірден 31-ден басталып кетеді. Осыдан байқайтынымыз 30-шы бап жоқ болып шығады. Осы баптардың томдықтағы баптардың сандық ерекшелігі болғанмен, атаулары ұқсас келеді. Осыған қарағанда көшіруші жаңылысқан болуы мүмкін.

Біраз жолдарда ерекшелік бар. «Бек шөлдеп әлі құрып кетеді ақыл» деген жолы томдықта «Бек шөлдеп жүректен кетті ақыл» деп берілген. Сол сияқты мына «Суыңды керек қылған мен берейін» деген жолы томдықта мүлдем басқаша берілген: «Соңыңнан сенін айтқан мен ерейін». Мына ақырғы жолы томдықта «Пендесін: астың тар қабір, халің харап» болып қолданған.

**Жиырма тоғызыншы: Фыққиһмансұрдан** – 30 жол. Бұл бапта жоғарыда айтқандай 30-шы болуы керек. Томдықта 28-ші бап болып берілген. Сатыбалды қолжазбасында «Фыққиһмансұрдан» деп қолданса, томдықта «Фықия Мансұрдан» деп жазылған. Мына жолдары түсіп қалған: «Әлгінің бесеуіне көніп едің // Құайың бұған қайтіп бізді қайдан?!». Соңғы жолы да өзгеше: «Жалынып саған айтам айтарымды».

**Отыз бірінші: Әбу Зікрия заһитдың масаласы** – 48 жол. Бұл бап томдықта 29-шы боп берілген. Шығарманың атында да өзгешелік бар. Егер Сатыбалдыда «Әбу Зікрия заһитдың масаласы» деп берілсе, томдықта «Әбу Зәкәрияның масаласы» деп жазылған.

Кейбір жолдар томдықтағы жолдардан құрылысы жағынан өзгеше. Мәселен «Құтылдым сол арада ол Лағыннан» деген жол «Айтпадым сол арада шайтан сөзін» болып берілген. Сол сияқты «Сол жерде жанын Заһит хакқа тәсілім етті» деген жолдағы «жерде» сөзі томдықта жоқ.

**Отыз екінші: Жан тәсілім болғанда, көктен үш мәртебе дауыс болғай** – 66 жолдан тұрады. Шығарманың атаулары ұқсас. Мына жолдар томдықта кездеспейді: «Бандані кетсе сонда калқы көміп, Бір Алла айтар екен нада қылып». «– Аллаға тапсырдық, – деп айтып кетті» деген жол томдықта «Аллаға тәпсірде – кітап айтып кетті» деп берілген. Мына жолы да қолжазбада: «Ол үйдің қатері көп күнагарге» болып келсе, томдықта: «Ол үйдің, ғасы болсан, қатері көп» деп айтылған.

**Отыз үшінші: Барып жатын жеріміздің үш мәрте дауыс бергені** – 20 жолдан тұрады. Томдықтағы аты басқаша: «Күнінде барып жататын жеріміз бес мәртебе дауыс бергей!». Төртінші және он төртінші жолдардағы «көп» сөзі томдықта кездеспейді.

**Отыз төртінші: Өлім халінен Ғайша анамыз бен Пайғамбарымыздың Бахасы** – 348 жолдан тұрады. Томдықта Отыз екінші бап, шығарманың атауы: «Олім халінен Ғайша анамыз илан Пайғамбардың бақас (бахис) қылғаны».

М.Ж. Көпейұлының 2-томының 197 бетіндегі бұл өлеңнің көп нүктемен берілген жолдары бар. Бұл оқуға келмегендіктен қалдырып кеткен жолдар. Бұны біз осы Сатыбалды көшірмесі негізінде оқуға мүмкіндік тиіп отыр. Томдықтағы «..... қанша тоқтай» деген жолды «Бір күнде ерсілі-қарсылы қанша боктап, // Қатынын бас сап сабар бара салмақ» деп қалпына келтіріп отырмыз.

Осы томдықтың 199 бетінде де көп нүктемен берілген жолдар бар. Осы жолдарды да Сатыбалды көшірмесі арқасында оқуға мүмкін болып отыр. Томдықта:

Батырлар аттанысқа барған екен,  
Қалмақты олжа қылып алған екен.  
Сол қыздар мұнда келіп бала тапқан,  
Ана боп бөлек заттан қалған екен.  
.....  
.....  
... Байлары біртін-біртін өлгенінде,  
Өз мирасын үйретті, тәңірі атқан.

Сатыбалды көшірмесі:

Батырлар анда-санда барған екен,

Қалмақты олжа қылып алған екен.  
Қыздарын алып келіп қойша тізіп,  
Аяғын мұнда келін салған екен.  
Сол қыздар мұнда келіп бала тапқан,  
Ана боп бәрімізге бөлек заттан.  
Байлары біртін-біртін өлгеннен соң,  
Өз ісін үйретіпті тәңір атқан.

Томдықтағы үшінші жолдағы «Сол қыздар мұнда келіп бала тапқан» дегендегі жол «қыз» ұғымына байланысты жолды керек етіп тұрғандай. Қарап отырсақ бұндай жол Сатыбалды қолжазбасында бар. Томдықтағы 5-6 жолдардағы көп нүктелі жолдар Сатыбалды қолжазбасындағы 3-4 жол екенін тайға таңба басқандай анық сол екені көзге ұрып тұр.

Сатыбалды қолжазбасы мен томдықтағы осы шығарманың салыстырудан байқағанымыз баптардағы өлең жолдары ауысқан, не басқаша болып келеді, кейбір жолдар мүлдем түсіп қалған т.б. Осындай ерекшеліктерді «Қосымша 1» байқауға болады. Сондықтан оны тәпіштеп жазып жатуды жөн көрмедік.

**Отыз бесінші: Абуқалабадан рауаят** – 64 жол. Томдықта отыз үшінші бап. Атауы ұқсас, тек жазылуында өзгешеліктер бар.

**Отыз алтыншы: Өлерде болған бенденің халі** – 46 жолдан тұрады. Томдықта 34-ші бап. Атауы ұқсас, тек жазылуында ерекшелік байқалады: «Өлім халінде болған банданің халі». Томдықтың 204 бетіндегі бұл шығармада көп нүктемен 2 жол берілген. Бірақ Сатыбалды қолжазбасында артық, не кем жолдар байқалмады.

**Отыз жетінші: Сүлеймен ғалайһінің мәселесі** – 86 жол. Томдықта Отыз бесінші бап. Аты: «Сүлеймен ғалайссалам мәселесі дүр». Бұл бапта да көп нүктемен берілген жолдар бар, бірақ бұ жолы да артық, не кем жолдар байқалынбады.

**Отыз сегізінші: Абуллаиыс самарқанды рауаят қылғаны** – 38 жолдан тұрады. Томдықта аты басқаша: «Әбулайыстан рауаят». Томдықтың бұл бабында да көп нүктемен көрсеткен жері бар. Сатыбалды қолжазбасымен салыстыру кезінде жолдардың артық-кемдігі анықталмады.

**Отыз тоғызыншы: Өлер халде періштелердің келгені** – 178 жол. Бұл баптың томдықтағы аты ұқсас, тек «періштелердің»

дегендегі сөздің – дің жалғауы жоқ: «Өлер халде періштелер келгені». Сол сияқты осы өлеңде де жолдардың өзгеруі, сөздердің басқашалай қолдануы сияқты мәселелер орын алаған. Оны «Қосымша I» анық байқауға болады.

**Қыркыншы: Зұман періштенің сұрауы** – 188 жолдан тұрады. Томдықтағы сандық реті – 38, аттары ұқсас.

**Қырық бірінші: Пайғамбардан хадис, өлгенде жанның тәнге барғаны** – 88 жол.

**Қырық екінші Әбуһарирадан: жан бірлан өлімнен рауаят дүр** – 56 жол. Бұл бап томдыққа Мұхаммедфазыл мен Иманғали жазбаларының салыстыруы бойынша әзірленіп берілген. Кей жолдардағы сөздердің орын ауысуы байқалғаны болмаса, Сатыбалды нұсқасының томдықтағы нұсқадан айтарлықтай айырмашылығы жоқ.

**Қырық үшінші: Өлім жаны туралы хикая** – 92 жол. Томдықта бұл баптың аты: «Өлімнің хикаясы», реттік саны – 41.

**Қырық төртінші: Өлер халде дүниенің сөйлегені бандага** – 66 жолдан тұрады. Томдықта қырық екінші бап, аты: «Өлер халде пендеге дүниенің сөйлегені». Мынандай жолдары жоқ: «Өзіңсің барша жанға ғапу рахман, // Фазылыңа ал, бұл дүиеден болсам пани».

**Қырық бесінші: Әуелде жаралған өлімнің сипатлары** – 28 жол.

**Қырық алтыншы: Төрт Мұқараб періштенің сипаты баяны** – 58 жол. Томдықтағы аты: «Төрт Мұқараб періштенің сипаты». Мынандай жолдары Сатыбалды қолжазбасында жоқ: «Тіліме шаһадатты жары қылып, // Хасыны, хатыма мені қылғыл жеңіл!».

**Қырық жетінші: Адамның рухы баянында** – 138 жол. Мына жолдар томдықта жоқ: «Ояуда бірге болар рухменен, // Ұйықтаса барар екен сол ғарғаршының». Ал, керісінше мына жол Сатыбалды қолжазбасында оқуға қиындық тудыруына байланысты томдағы бапқа сүйеніп беріп отырмыз: «Рауан жүріп, тұрар әр уақытта»

**Қырық сегізінші: Өлген соң жан тұратын жірі** – 70 жол. Бұл жерде «жірі» деп отырғанымыз «жері» деген сөз болу керек. Осы баптың томдықтағы реттік саны – 46, аты: «Өлген соң жанның барып тұртын орны». Мына бір екі жолы Сатыбалды қолжазбасында

жок: «... Ғамалы жан – баршасы тұрар дейді, –// – Сажин-орын, асты дүр жеті жердің».

**Қырық тоғызыншы:** Дүниенің адамға болатын зияны – 40 жолдан ғана тұрады. Томдықта «Дүниенің адамға зияны» деген атпен берілген. Сатыбалдыда өлең: «Дүние деп айытқан бес нарсені» деп басталса, томдықта: «Үз – деп айтқан, – бес нәрсені» деген жолмен ширатылады.

**Елуінші:** Құрбан шалмақдың сауабының баяны – 96 жол. Сатыбалды қолжазбасындағы мына жол «Мүкмінлар іш нарсеге болмас мұқтаж» томдықтағы баптың 6 тармағына қоныс тепсе, ал мына «Хұдаға тағат қылған езгу банда» деген жол 4 жолдан көрініп отыр.

**Елу бірінші:** Дүниеде отдың бар болғаны – 77 жол. Томдықта қырық тоғызыншы, аты: «Дүниеде оттың бар болғаны».

**Елу екінші:** Жебрайіл пайғамбарға жеті дозақды баян қылған – 58 жол. Томдықта елуінші бап, аты: «Пайғамбарға Жебірейілдің жеті тозақты баян қылғаны».

**Елу үшінші:** Ан хазрат Расулдің – мағраж барғаны – 197 жолдан тұрады. «Әр таудың етегінде мыңнан мидай дала» деген жолдағы «мидай» сөзі томдықта жоқ.

**Жан несі өліп, тіріліп ғарасатқа, пайғамбар шайтанменен ұматларына галасып, имам Ағзамменен имам шапифға жүгінген маселесі** – 978 жолдан тұрады. Бір қызығы бұл баптың реттік саны көрсетілмеген. Бұның алдындағы бап елу үшінші болса, осыдан кейінгі бап елу төртінші болып көрсетілген. Ал томдықта бұл баптың реттік саны – 52, Иманғалидың қолжазбасынан алып дайындалған.

Осы нұсқаны Сатыбалды қолжазбасымен салыстыра отырып, көптеген ерекшеліктер байқадық. Мәселен, мына жолдар томдықта кездеспейді:

Ісрапіл бір Хұданың рұксатымен,  
Қабіріна Мұстапаның кірген барып.  
Ісрапіл жерге түсіп қылған қабар,  
Қабірден бас көтерші Расул Хұда<sup>183</sup>. (Томдықта 256-бет)

Сорынды екінші рет тарыт деп айтұр,  
Жан кірсін күллі қалық барша жанға<sup>228</sup>. (Томдықта 257-бет)

Ал, мына үзіндідегі 3-4 жолдар томдықта кездеспейді. Томдықтың 5-тармағы көп нүктемен басталады, бірақ Сатыбалды қолжазбасында қалып қойған жолдарды байқай алмаймыз:

Көреді қолыменен наманы ашып,  
Емес дүр ғамаліма бұл мінасып<sup>327</sup>.  
Қараса сауабының ішбірі жоқ.  
Кетіпті аның үшін күна басып<sup>328</sup>.  
Банда айтар бір Хұдайға зары қылып:  
– Намазды оқып едім түнде тұрып.  
Фарыздан<sup>330</sup> мойнымдағы құтылып ем,  
Жолына кеше<sup>331</sup> күндіз тынбай жүріп.

Томдықта:

Көреді қолыменен наманы ашып,  
Емес дүр амалына бұл монасеб.  
Пенде айтар бір Құдайға зарын қылып:  
– Намазды оқып едім түнде тұрып.  
... Парызды мойнымдағы құтылып ем,  
Жолында кеш те күндіз тынбай жүрдім. (260-бет)

Сол сияқты томдықтағы кейбір жолдар керісінше Сатыбалды қолжазбасында жоқ:

«Дүниеде жаза болмас әр кез оның (аның).  
Күнәдан ғасы пенде таза болса» (254-бет).

«Пендеге періштелер тағзым қылып,  
Рұқсатпен көрінен кеткен шығып» (254-бет).

«Ай, пенде, құдайыңды ұмытпа!» – деп,  
Құдайым ол пендеге хабар қылар» (261-бет)

«Дүниеде олар менің жолдастарым.  
Ғаділдік істесеңіз, иа, Илләһим» (266-бет)

Нәпсінің алдауына кіріп [алып],  
«Өзінен дүние өтпес», – деп, білгендерді (266-бет)

**Елу төртінші. Қиямет ахуалы баяны** – 184 жолдан тұрады. Бұл томдықта елу үшінші-елу төртінші баптар деп берілген және «Қиямет ахуалы» қиссасы деп аталынған. Бұл екі бап томдыққа бірнеше көшірушілердің қолжазбаларының салыстыруымен дайындалған (Қараңыз: М.Ж. Көпейұлы, 2-том, 363-366 беттер). Осы томдыққа енген бұл баптармен салыстырудан байқағанымыз Сатыбалды көшірмесінде 104 тармақ жетпейтінін аңғарамыз (Қосымша 1).

**Елу бесінші: Қиамағда он екі түрлі боп тіріледі адам** – 120 жол. Томдықта «Он түрлі боп адамның тірілмегі» деген атпен берілген, реттік саны елу төртінші бап. Сатыбалды нұсқасының тармақтары саны кем (шамамен 35 жолға). Томдықтағы мына 6 жолдың орнына мүлдем басқаша 4 жол қолданылған. Томдықта:

...Жұртқа айтып насихатты, өзі тұтпай,  
Дүниенің тұзағында тұтқын қалған.  
Дүние үшін оқу оқып, болған молда,  
Болғанда сәлде баста, кітап – қолда,  
Білгенін өз басына пайда етпеген,  
Масқара көп алдында болар сонда.  
Келеді бір түрлісі шұбалаңдап,  
Аяғын анда-санда басар аңдап.  
Сықылды кірпікшешен бір топ болып,  
Кесілген қол-аяғы домалаңдап.

Сатыбалды көшірмесінде:

Жұрытқа<sup>66</sup> айтып насиқатды<sup>67</sup>, өзі қылмай<sup>68</sup>,  
Бос қалған біле тұрып сол ғамалдан.<sup>69</sup>  
Өтеді ар қылымысты шұбалаңдап,  
Аяғын сол күндерде<sup>70</sup> басар аңдап.  
Дүниеде ішбір ғамал істемеген<sup>71</sup>,  
Кесілген қол-аяғы домалаңдап.

**Елу алтыншы: Барша Мақлұқ қиамағда бес бөлінеді** – 118 жолдан тұрады. 10 жолға кем. Томдықта «Барша Мақлұқты беске бөлгені» деген атпен берілген, баптың реттік саны – 55.

**Елу жетінші: Ұжұмақтың аты, ам сипаты** – 130 жол. 33 жолға кем. Томдықта «Жұмақтың аты, һәм сипаты» деген атпен берілген.

**Елу сегізінші: Ібін Ғаббастан рауаят жаһаннамнан** – 24 жолдан тұрады. Томдықтағы реттік саны – 60, аты: «Аби ғаббас бір рауаят қылған жаһаннам(нан)». Осының алдындағы 3 бап жоқ.

**Елу тоғызыншы: Имансыздың халі** – 220 жол. Томдықта алпыс бірінші болып орын алған. Шығарманың аты «Имансыздың сипаты» деп берілген. Томдықтағы алты жолы жоқ.

**Алпысыншы: Абуһарирадан Құрайыш шаян туралы** – 43 жол. Томдықтағы реттік саны – алпыс екінші бап, «Әбуһарирадан бір рауаят: Шаян Құрайыш туралы» деген атпен берілген. Сатыбалды қолжазбасында томдықтағы 2 жолы жоқ.

**Алпыс бірінші: Арақ ішушілердің кабірден тұрғаны** – 16 жол. Томдықтағы реттік саны – алпыс алтыншы бап, аты: «Арақ ішушілердің кабірден тұрғаны».

**Алпыс екінші: Жұмбақ яхалі анағамака язғуихадка** – 60 жол. Томдықта бұл баптың аты көрсетілмеген. Бір қызығы Сатыбалды қолжазбасындағы бұл шығарма томдықтың 68, 69, 70 баптарынан тұрады.

**Алпыс үшінші: Насихат масала** – Бұл шығарма Сатыбалды қолжазбасында 63-бап реттік саны бойынша берілген. Біз осы туындыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 2-томының «70 бап» атты шығармалары ішінен кездестіре алмадық. Бірақ Сатыбалды нұсқасындағы «Насихат масала» деп аталаған осы бір туынды Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көп томдықтарының 3-томына «Ақыреттің егіні» деген атаумен жарияланған.

Осы екі туындының арасында көптеген ерекшеліктер байкалып отыр. «Ақыреттің егіні» өленіндегі мынандай басындағы төрт жолы Сатыбалды нұсқасында мүлдем кездеспейді:

Иа, Раббы, Жаббар Хақ,  
Сөйлесіп деп біздерге.  
Беріп едің тіл мен жақ,  
Өсиет айтам халқыма,  
Жар бола гөр аруак.

Ал Сатыбалды нұсқасындағы «Насихат масала» өлеңі «Бісмілла – ауел Алла сөздің басы» деп басталған жолдар жоғарыда айтылған екінші туындының 2 шумағының бас тармағы болып орын тепкен. Екінші туынды, яғни, «Ақыреттің егіні» нұсқасы Сатыбалды

нұсқасынан көлемдірек. Біздің пайымдауымызша бұл шығармаға екі өлең кіріп кеткенге ұқсайды. «Насихат масала» өлеңі:

Осымен тамам болсын сөз аяғы,  
Күш-қуат бойдан кетіп сол баяғы.  
Бір Алла пазылыңа алып қиамат күн,  
Тимесін періштенің еш таяғы.

Осымен осы арада болсын тамам,  
Сөз емес ақындықпен айытқан қалам.  
Тазартып жаһанамнан шығарады,  
Таніңде кір болмайды місқал алхамам, –

деген қорытындылаумен тәмамдалса, ал «Ақыреттің егііі» туындысы жаңа бір ойлармен өріліп кете береді. Осыдан шығатын бір ой Сатыбалды нұсқасына сүйене отырып Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Насихат масала» атымен берілген бұл шығарма барлық 70 баптардың соңғы қорытынды бабы деген тұжырым айтуға болатын сияқты.

## Мазмұны

|   |     |
|---|-----|
| Мәшһүр Жүсін Көпейұлының «Дұға» кітабы.....                                   | 3   |
| Түсініктер .....  | 87  |
| Насихат аңгіме .....  | 90  |
| Жиырма үшінші. Қырық парыз баяны.....   | 92  |
| Жиырма төртінші. Алланың сипаты.....  | 94  |
| Жиырма бесінші. Дақай қылақ бардан .....                                      | 97  |
| Жиырма алтыншы. Банданың жаралу әмрі .....                                    | 98  |
| Жиырма жетінші. Өзірейілдің жан алғалы келгені.....                           | 100 |
| Жігерма сегізінші. Жан шығарда жаның таннен<br>коштасқаны .....               | 103 |
| Жиырма сегізінші. Шайтанның өлер халда бандані<br>андығаны .....              | 104 |
| Жиырма тоғызыншы. Фыққиһимансұрдан .....                                      | 106 |
| Отыз бірінші. Абу Зікриә заһитдың масаласы .....                              | 107 |
| Отыз екінші. Жан тәслим болғанда, көктен үш мартаба<br>дауыс деп .....        | 109 |
| Отыз үшінші. Барып жатын жеріміздің үш мәрте дауыс<br>бергені.....            | 112 |
| Отыз төртінші. Өлім халінен Ғайша анамыз бен<br>Пайғамбарымыздың бахасы ..... | 112 |
| Отыз бесінші. Абуқалабадан рауаят.....  | 125 |
| Отыз алтыншы. Өлерде болған банданың халі .....                               | 127 |
| Отыз жетінші. Сүлеймен ғалайһинің мәселесі .....                              | 129 |
| Отыз сегізінші. Абуллаиыс Самарқанды рауаят қылғаны .....                     | 132 |
| Отыз тоғызыншы. Өлер халде періштелердің келгені.....                         | 134 |
| Қырқыншы. Зұман періштенің сұрауы.....  | 140 |
| Қырық екінші. Әбуһарирадан жан бірлан өлімнен<br>рауаят дүр.....              | 150 |
| Қырық үшінші. Өлім жаны туралы хикая.....                                     | 152 |

|   |     |
|---|-----|
| Қырық төртінші. Өлер халда дүниенің сөйлегені бандага.....  | 156 |
| Қырық бесінші. Әуелде жаралған өлімнің сипатлары.....   | 158 |
| Қырық алтыншы. Торіт Мұқараб періштенің сипаты баяны .....  | 159 |
| Қырық жетінші. Адамның рухы баянында.....   | 162 |
| Қырық сегізінші. Өлген соң жан тұратын жірі.....  | 167 |
| Қырық тоғызыншы. Дүниенің адамға болатын зианы .....  | 169 |
| Елуінші. Құрбан шалмақтың сауабының баяны.....  | 171 |
| Елу бірінші. Дүниеде отдың бар болғаны.....   | 174 |
| Елу екінші. Жебрайіл пайғамбарға жеті дозақды баян қылған .....   | 177 |
| Елу үшінші. Ан хазрат Расулдің мағраж барғаны.....  | 179 |
| Жан иесі өлін, тіріліп ғарасатқа, пайғамбар шайтанменен үматларына таласып, имам Ағзамменен имам шапиғға жүгінген маселесі..... | 187 |
| Елу төртінші. Қиамет ахуалы баяны.....  | 222 |
| Елу бесінші. Қиаметда он екі түрлі боп тіріледі адам.....   | 229 |
| Елу алтыншы. Барша Мақлұқ қиаметда бес бөлінеді.....  | 233 |
| Елу жетінші. Ұжұмахдың аты, әм сипаты.....  | 237 |
| Елу сегізінші. Ібін Ғаббастан рауаят жаһаннамнан.....   | 242 |
| Елу тоғызыншы Имансыздың халі.....  | 243 |
| Алпысыншы. Абуһарирадан Құрайыш шаян туралы.....  | 251 |
| Алпыс бірінші. Арақ ішушілердің кабірдан тұрғаны .....  | 252 |
| Алпыс екінші. Жұмбақ яхалі анағамака язғуихадка .....   | 253 |
| Алпыс үшінші. Насихат масала .....  | 255 |
| Қосымша 1 .....   | 271 |
| Қосымша 2.....  | 400 |
| Әкем Сатыбалды Ибрагимұлы туралы есімде қалған естеліктер.....  | 401 |
| Түсініктер .....  | 403 |

# Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 19 том

16.08.2013 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі Times.  
Шартты баспа табағы 24,8. Есептік баспа табағы 10,2.  
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.  
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар к.,  
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-18